

**Ш. УБАЙДУЛЛАЕВ, Б. ҒАФУРОВ,
Д. УБАЙДУЛЛАЕВА**

ШАҚЫРУҒА ДЕЙИНГИ БАСТАУЫШ ДАЙЫНДЫҚ

Орта білім беру мекемелерінің 11-сынып оқушылары үшін оқулық

1-басылымы

*Ўзбекистан Республикасы Халыққа білім беру
министрлігі бекіткен*

Ташкент – «ILM ZIYO» – 2018

УДК: 355.253.2(075.3)=512.122
ББК 68.49(50⁴)3

Пікір жазгандар: **А.Шуман** – Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігі әскери кадрларды даярлау басқармасы бастығы, полковник;
М.Тыныбеков – Азаматтық қорғаныс институтының аға оқытушысы.
И.Мамагов – Ташкент Медицина Академиясы құзырындағы әскери медицина факультеті оқытушысы, полковник.
А.Сотволдиев – Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университеті әскери кафедрасы доценті;
Н.Атажанов – Шайхантахур ауданы 102-жалпы орта білім беру мектебі «ШДБД» пәнінің әскери оқытушысы;
Т. Каримов – Юнусабад ауданы 5-мектеп «ШДБД» пәнінің әскери оқытушысы;
М. Рахманов – Р. Глиер атындағы Республика мамандандырылған музыка академиялық лицей әскери басшысы.

Ш 20 Убайдуллаев Ш. және басқ.

Шақыруға дейінгі бастауыш дайындық. 11-сынып үшін оқулық/
Ш.Убайдуллаев, Б. Ғафуров, Д.Убайдуллаева. – Ташкент: «ILM ZIYO»,
2018. – 200 б.

ISBN 978-9943-16-435-2

Бұл оқулықта азаматтық қорғанысы, өмір қауіпсіздігі негіздері, қауіпсіздік пен төтенше жағдайларда адам қорғанысы, әскери қызметтің құқықтық негіздері, әскери жұмыс негіздері, ату дайындығы, сап дайындығы, практикалық әскери дене-тәрбиелік дайындық пен медициналық білім беру негіздері туралы мәліметтер берілген. Кітапта берілген тақырыптарды меңгеру арқылы оқушылар төтенше жағдай болғанда қандай әрекет жасау керектігі туралы дағдыларға не болады.

Оқулық 11-сынып оқушылары мен бұл пәннен сабақ беретін оқытушыларға арналған.

УДК: 355.253.2(075.3)=512.122
ББК 68.49(50⁴)3

Республикалық мақсатты кітап қоры қаржысы есебінен басылды.

ISBN 978-9943-16-435-2

© Ш.Убайдуллаев және басқ., 2018 ж.
© «ILM ZIYO» баспа үйі, 2018 ж.

КІРІСПЕ

Өзбекстан Республикасының Қарулы Күштерінде жүргізіліп жатқан реформаларды жалғастырып, мемлекетіміз басшысы Ш.Мирзиеев: «Көзделген стратегиялық мақсаттарға қол жеткізуде және оларды өмірге толық қолдануда жан-жақты және жақсы дайындалған, өз Отанына адал, жоғары білікті әскери кадрларды тәрбиелеу, мемлекет тарапынан олардың әлеуметтік қорғауын кепілдік беру шешуші және негізгі фактор болады. Сол үшін республиканың барша оқу орындарында отансүйгіштік тәрбиесі туралы пәндерді енгізу және күшейттіру бойынша практикалық жұмыстар басталды» деп атап өтті.

Қолындағы бұл кітап 10-сыныптар үшін басылған «Шақыруға дейінгі бастауыш дайындық» оқулығының жалғасы болып, 11-сыныптар үшін түзілген бағдарлама негізінде дайындалған. Кітап төмендегі бөлімдерден құралған: 1-бөлім: Азаматтық қорғаныс. Өмір қауіпсіздігі негіздері. Қауіпсіздік пен төтенше жағдайларда адам қорғанысы; 2-бөлім: Сап дайындығы; 3-бөлім: Әскери қызметтің құқықтық негіздері; 4-бөлім: Әскери жұмыс негіздері; 5-бөлім: Ату дайындығы; 6-бөлім: Практикалық әскери дене дайындығы; 7-бөлім. Медициналық білім негіздері.

Оқулықта әскери салаға тиісті бұйрық, қаулы, ереже, оқу қолданба және басқа оқу әдебиеттерінен кең пайдаланылған.

Оқушыларға оқулықтағы тақырыптардың мазмұнын меңгеруі оңай болуы үшін онда фото мәліметтер, сызбалардан пайдаланылған. Әрбір тарау соңында тақырыпты меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында бақылау сұрақтары берілген.

«Шақыруға дейінгі бастауыш дайындық» пәні химия, физика, дене тәрбие сияқты пәндермен тығыз байланысты болып, бұл оқушылардың болашақта Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері сапында әскери қызметке шақырылған кездерде өз конституциялық борыштарын орындауға көмек береді.

Жастарға әскери білім беру беруде оларға әскерлердің оқу-жауынгерлік қызметінде орындалатын жаттығулар, әрекеттер мен амалдарды әскери бөлімдерге мүмкіндігінше жақындастырылған тәрізде үйрету назарда тұтылады. Бұл жаттығуларды бірнеше рет қайталау нәтижесінде жастарда қажетті әскери білім мен дағды жүзеге асады.

1 БӨЛІМ. АЗАМАТТЫҚ ҚОРҒАНЫС. ӨМІР ҚАУПСІЗДІГІ НЕГІЗДЕРІ. ҚАУПСІЗДІК ЖӘНЕ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДА АДАМ ҚОРҒАНЫСЫ

1-тарау. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ӘРЕКЕТ ЖАСАУ ДАРА ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1.1. Төтенше жағдайлардың алдын алу және әрекет жасау мемлекет жүйесі (ТЖМЖ)

Тәуелсіздікке қол жеткізгенімізден кейін, халқымыз тыныш және жасампаз өмір кешуі үшін қабылданған заңдар негізінде республикамыздың барша басқармалары, оқу орындары мен мекемелерінде тиісті шаралар өткізілуде. Бұл жұмыстардың ішінде азамат қорғанысы мәселелеріне жеке мән берілген.

Бұл қажетті міндетті өмірге ұсыну мақсатында Өзбекстан Республикасы Президентінің «Өзбекстан Республикасында Төтенше жағдайлар министрлігін құру туралы» Жарлығы жарияланды және соған сәйкес түрде Төтенше жағдайлар министрлігі құрылды.

Министрліктің негізгі міндеттеріне тұрғындар және халық шаруашылығы объекттерін табиғи апаттардан қорғаудың тиімді жүйесін құру, республикада табиғи және техноген жағдайлардың алдын алу мен олардың салдарын жою, сондай-ақ төтенше жағдайларда олардың алдын алу және әрекет жасау дара жүйесін құру кіреді. Бұл мақсатта Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің «Өзбекстан Республикасы төтенше жағдайларда олардың алдын алу және әрекет жасау мемлекет жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» қаулысы қабылданған.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және әрекет жасау мемлекет жүйесі адамдар құрбан болуы, олардың денсаулығы яки қоршаған табиғи ортаға зиян жеткізуі, маңызды материалды шығындар келтіріп шығаруы мен адамдар өмір қызметі жағдайы ізден шығуына алып келуі мүмкін болған яки алып келген авария, қирау, қауіпті табиғи оқиға, табиғи яки басқа апат нәтижесінде белгілі аймақта жүзеге асқан жағдайды;

төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою шаралары, әдістері, құралдары жүйесі, әрекеттері жиынтығы; алдыннан өткізіліп, төтенше жағдайлар болуы қауіпін мүмкін дейінгі азайттыруға, мұндай жағдайлар болған жағдайда, адамдар денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаға жеткізілетін зиян және материалды шығындар мөлшерін азайттыруға қаратылған шаралар жиынтығын; төтенше жағдайлар болғанда өткізіліп, адамдар өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаға жеткізілетін зиян және материалды шығындар мөлшерін азайттыруға, сондай-ақ төтенше жағдайлар болған зоналарды шеңберге алып, қауіпті факторлар әсерін аяқтауға қаратылған авария-құтқару жұмыстары мен кешіктіріп болмайтын басқа жұмыстар жиынтығын өз ішіне алады.

ТЖМЖ міндеттері, құрылымы, дәрежелері, басқару және сәйкестендіру органдары. ТЖМЖ басқару органдары, мемлекет пен қожалық басқармасы органдары, жергілікті мемлекеттік әкімшілік органдары төтенше жағдайларда тұрғындар мен аймақтарды қорғау мәселелерін шешу өкілеттігіне кіретін басқа ұйымдардың күш пен құралдарын біріктіреді әрі төтенше жағдайлардың алдын алу және жою саласындағы шараларды құру мен жүзеге асыру, олар жүзеге асқанда тұрғындар қауіпсіздігін, қоршаған табиғи ортаны қорғауды әрі тыныштық пен әскери кезеңде мемлекет экономикасына залалды азайтуды қамтамасыз етеді.

Тыныштық және әскери дәуірде тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау саласында мемлекет саясатын жүзеге асыру, нормативтік-құқықтық құжаттарды істеп шығу және жүзеге асыру; республика аумағындағы мүмкін болған төтенше жағдайларды болжам жасау, олардың әлеуметтік-экономикалық салдарын бағалау; төтенше жағдайлардың алдын алуға, адамдар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, қауіпті технологиялар және істеп шығарулардың тәуекелділігін төмендетуге, экономика тармақтары және басқа ұйымдар қызмет көрсетудің тұрақтылығын асыруға қаратылған мақсатты және кешенді ғылыми-техникалық бағдарламаларын істеп шығу және жүзеге асыру; басқару органдары мен төтенше жағдайлардың алдын алу, оларды жою үшін арналған күш пен заттардың тұрғылықты дайындығын қамтамасыз ету; тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы ақпараттарды жинау, істеп шығу, ауыстыру және беру; тұрғындарды, басқару органдарының лауазымды тұлғаларын, ТЖМЖ күштері мен құралдарын төтенше жағдайларда әрекет жасауға даярлау; төтенше жағдайларды жою үшін қаржылық және материалды ресурстар қорларын

жарату; тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау саласында мемлекет экспертизасы, бақылау және тексерулерді жүзеге асыру; төтенше жағдайларды жою; төтенше жағдайлардан зиян көрген тұрғындарды әлеуметтік қорғауға тиісті шараларды жүзеге асыру; тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау саласында азаматтардың, осы тұрғыдан оларды аяқтауда тікелей қатысқан тұлғалардың құқық пен міндеттемелерін жүзеге асыру; тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау саласында халықаралық ынтымақтастық жасау; жүзеге асуы мүмкін болған төтенше жағдайлардан сақтандырудың жарамды жүйесін қамтамасыз ету ТЖМЖ-нің негізгі міндеттері есептеледі.

ТЖМЖ аймақтық және функционалды төменгі құрылымдардан құралған әрі құрамында ақпарат-басқару жүйесі қызмет көрсететін республика, жергілікті және объекттер деңгейіндегі үш дәрежеге ие.

ТЖМЖ-ның әрбір дәрежесі төмендегілерден тұрады:

- ТЖМЖ басшы органдары;
- ТЖМЖ күнделікті басқару органдары;
- төтенше жағдайларды жою күштері мен құралдары;
- төтенше жағдайларды жою үшін қаржылық және материалды ресурстар қорлары;
- хабар беру, байланыс жүйелері, басқару және ақпаратпен қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйелері.

ТЖМЖ-ның аймақтық төменгі жүйелері өз әкімшілік аймақтары шеңберінде төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін Қарақалпақстан Республикасы, облыстар мен Ташкент қаласында құрылады әрі тиісті аудандар, қалалар, қалашықтар, ауылдар мен қыстақтар деңгейіндегі буындардан құралған болады.

ТЖМЖ-ның функционалды төменгі жүйелері мемлекет пен қожалық басқармасы органдары, басқа ұйымдар мен объекттерде қоршаған табиғи орта және жоғары дәрежеде қауіпті объекттер жағдайын бақылау және бақылауды жүзеге асыру, сондай-ақ кеңселік тиісті объекттерде олардың істеп шығару қызметімен байланысты төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою үшін құрылады әрі ТЖМЖ қызметтерінен, төменгі жүйелердің құрылымдардың мемлекет бақылау органдары, күш және құралдарынан құралған болады.

ТЖМЖ қызметтері, мемлекет бақылау органдары әрі күзету және бақылаудың басқа ұйымдары, ТЖМЖ функционалды төменгі жүйелері төтенше жағдайларды аяқтау күштері мен құралдарының міндеттері,

оларды құру әрі құрамы мемлекет пен қожалық басқармасы органдары, сондай-ақ басқа ұйымдардың қоршаған табиғи ортаның жағдайын бақылау және бақылау саласындағы функциялары, басқармалық тиісті жоғары дәрежеде қауіпті объекттердегі істеп шығару технологияларының ерекшелігі есепке алынған жайтта істеп шығарылатын бұл төменгі жүйелер туралы ережелермен белгіленеді және Өзбекстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігімен (кейінгі орындарда ТЖМ деп жүргізіледі) келісілген жайтта тиісті мемлекет және қожалық басқару органдары, басқа ұйымдар басшылары тарапынан бекітіледі.

ТЖМЖ-ның ақпарат-басқару жүйесі төмендегілерді өз ішіне алады:

- ТЖМ-ның тығыз жағдайларды басқару орталығы;
- ТЖМЖ аймақтық және функционалды төменгі жүйелерінің ақпарат-талқылау орталықтары;
- қоршаған табиғи орта және жоғары дәрежеде қауіпті объекттер жағдайын бақылау мен бақылау органдарының ақпарат орталықтары;
- тұрғын басқару пункттері;
- төтенше жағдайларды жою күш пен құралдарын басқарудың әрекеттенетін пункттері;
- ТЖМЖ аймақтық және функционалды төменгі жүйелерінің кезекшілік-диспетчерлік қызметтері;
- байланыс пен ақпарат беру құралдары, осы тұрғыдан басқару және ақпаратпен қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесі.

Ақпарат-басқару жүйесі төмендегілерді жабдықтауы қажет:

- ТЖМЖ-ның және функционалды төменгі жүйелерінен алынған сейсмологиялық, геологиялық, гидрометеорологиялық қауіпті оқиғалар, өнеркәсіп және транспорттағы авариялар мен қираулар, эпидемиялар, эпизоотиялар, эпифитотиялар, радиоактив, химиялық және биологиялық (бактериологиялық) жағдай туралы мәліметтерді жинау және қайта істеу (талқылау, сақтау);

– басшы органдар, ТЖМЖ-ның күнделікті басқару органдары, төтенше жағдайларды жою күштері мен құралдары әрі тұрғындарға төтенше жағдайлардың жүзеге асу жағдайлары, ерекшеліктері, даму көлемдері мен кешуі, болуы мүмкін болған салдары, төтенше жағдайларда әрекет жасау тәртібі туралы хабарлау және ақпарат беру;

– ТЖМЖ төменгі жүйелері мен буындары, ТЖМЖ-ның басшылық ететін басқару органдары, басқару пункттері, төтенше жағдайларды аяқтау күштері мен құралдары арасында өзара ақпараттар алмастыру.

Төтенше жағдайлар туралы ақпараттардың мөлшерлері, мазмұны және түрлері, оларды ГЖМЖ-ға, оның төменгі жүйелері мен буындарына, сондай-ақ тұрғындарға жеткізу мерзімдері мен тәртібі Өзбекстан Республикасы Азаматтық қорғаныс бастығы тарапынан бекітілетін Мемлекет және қожалық басқару органдары, жергілікті мемлекет әкімшілік органдары және басқа ұйымдар арасында төтенше жағдайлар мәселелері бойынша күнделікті ынтымақтастық жасау және хабар беру нұсқаулығымен белгіленеді.

ТЖМЖ басшы органдары – бұл өкілетке тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау бойынша төмендегі мәселелерді шешу кіретін мемлекет пен қожалық басқармасы органдары, жергілікті мемлекет әкімшілік органдары әрі басқа ұйымдар және объекттер:

– республика дәрежесінде – ТЖМ орталық аппараты, мемлекет пен қожалық басқару органдары әрі қоршаған табиғи орта мен жоғары дәрежеде қауіпті объекттердің жағдайын күзету және бақылау жасау үшін жауапты болған, сондай-ақ құрамында химиялық, жарылғыш, өрт шығуы мүмкін болған және басқа қауіпті объекттер бар болған ұйымдар;

– жергілікті дәрежеде – жергілікті мемлекет әкімшілік органдары;

– объекттер дәрежесінде – ұйымдар мен объекттер әкімшілігі.

ТЖМЖ, оның төменгі жүйелері және буындарының қызметінде құру, тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау бойынша оларға жүктелген міндеттерді орындауға даярлығы үшін толық жауапкершілік тиісті басшы органдарға жүктеледі.

ТЖМЖ-ның күш пен құралдары төмендегілерден құралған:

– азамат қорғанысы жасақтары;

– ТЖМ-ға тікелей әрі жедел бағынатын республика мамандандырылған құрылымдары, құтқару құрылымдары;

– министрліктер мен басқармалардың кәсіби мамандандырылған бөлімдері мен құрылымдары, республика, жергілікті және объекттер дәрежесінде ТЖМЖ тиісті аймақтық және функционалды төменгі жүйелерінің құтқару қызметтері мен құтқару құрылымдары;

– Өзбекстан Қызыл Жарты ай қоғамының еріктілер отрядтары (командалары, топтары), қорғанысқа көмектесетін «Ватанпарвар» ұйымы.

Болжам жасалып жатқан яки жүзеге асқан төтенше жағдайлардың жағдайы, көлемдерінен келіп шығып Өзбекстан Республикасының Премьер-министрі – Азаматтық қорғаныс бастығы, сондай-ақ азамат қорғанысы бастығы – Қарақалпақстан Республикасы Министрлер Кеңесі төрағасының,

тиісті облыстар мен Ташкент қаласы әкімінің қаулысымен белгілі бір аймақ шеңберінде ТЖМЖ қызмет көрсетуінің төмендегі режимдерінің бірі орнатылады:

- күнделікті қызмет режимі – мөлшердегі істеп шығару-өнеркәсіп, радиациялық, химиялық, биологиялық (бактериологиялық), сейсмикалық және гидрометеорологиялық жағдайда, эпидемиялар, эпизоотиялар және эпифитотиялар болмағанда;

- жоғары дайындық режимі – істеп шығару-өнеркәсіп, радиациялық, химиялық, биологиялық (бактериологиялық), сейсмикалық және гидрометеорологиялық жағдай ауырласқанда, төтенше жағдайлар жүзеге асу мүмкіндігі туралы прогноз алынғанда;

- төтенше режим – төтенше жағдайлар жүзеге асқанда және төтенше жағдайлар кезінде.

Төмендегілер ТЖМЖ қызмет көрсетуі барысында жүзеге асырылатын негізгі шаралар есептеледі:

а) күнделікті қызмет режимінде:

- қоршаған табиғи ортаның жағдайын, жоғары дәрежеде қауіпті объектілер мен оларға көршілес аймақтардағы жағдайды күзету және бақылауды жүзеге асыру;

- төтенше жағдайлардың алдын алу, тұрғындар қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету, жеткізілуі мүмкін болған зиян және залалды қысқартыру, сондай-ақ төтенше жағдайлар жағдайында тұрғын үй ғимараттары, өнеркәсіп объектітері, өмір жабдығы жүйелері мен экономика тармақтары қызмет көрсетуінің тұрақтылығын асыру бойынша мақсатты және ғылыми-техникалық бағдарламалары мен іс-шараларды жоспарлау және орындау;

- төтенше жағдайлар бойынша басқару органдары мен ТЖМЖ күштерін төтенше жағдайлар барысындағы әрекеттерге даярлауды жетілдіру, тұрғындарды төтенше жағдайлар барысында қорғау әдістері мен әрекет етуге үйретуді ұйымдастыру;

- төтенше жағдайларды жою үшін қаржылық және материалды ресурстар қорларын жарату мен толтыру;

- сақтандырудың мақсатты түрлерін жүзеге асыру;

б) жоғары дайындық режимінде:

- төтенше жағдайлардың жүзеге асу қаупі туралы мемлекет пен қожалық басқармасы органдары, жергілікті мемлекет әкімшілік органдары және басқа ұйымдарға хабар беру және тұрғындарды хабардар ету;

– ТЖМЖ тиісті төменгі жүйелері мен буындары қызметіне тікелей басшылық етуді мемлекет пен қожалық басқару органдары, жергілікті мемлекет әкімшілік органдары және басқа ұйымдардың өз жауапкершілігіне алуы, қажет болғанда жағдайдың нашарлау себептерін анықтау үшін апаттың болуы мүмкін болған өңірлерде жедел топтарды құру, жағдайды нормаландыру бойынша ұсыныстар істеп шығу;

– тұрғылықты орналасу пункттерінде ТЖМЖ басшылары құрамының күндіз-түн кезекшілігін енгізу;

– төтенше жағдайлар бойынша аймақтық басқармалардың (бөлімдер) жедел топтары әрі мемлекет пен қожалық басқару органдары, объекттер мен басқа ұйымдардың кезекшілік-диспетчерлік қызметтері кезекшілігін ұйымдастыру;

– қоршаған табиғи ортаның жағдайы, жоғары дәрежеде қауіпті объекттер мен оларға көрші аймақтарындағы жағдайды күзету және бақылауды күшейттіру, төтенше жағдайлардың жүзеге асу мүмкіндігін, олардың көлемдері мен салдарын болжам жасау;

– төтенше жағдайлар кезінде тұрғындар және қоршаған табиғи ортаны қорғау, сондай-ақ тұрғын үй ғимараттары, өмір жабдықтау жүйелері, объекттер мен экономика тармақтарының тұрақты қызмет көрсетуін қамтамасыз ету шараларын көру;

– күштер мен заттарды қажетті жағдайға келтіру, олардың әрекет жоспарларын анықтау және қажет болғанда төтенше жағдайлар болжамдалып жатқан аймаққа көшіру;

д) төтенше режимде:

– төтенше жағдайлар жүзеге асқандығы туралы мемлекет пен қожалық басқару органдары, жергілікті мемлекет әкімшілік органдарына хабар беру және тұрғындарды хабардар ету;

– жедел топтарды төтенше жағдайлар аймағына көшіру;

– тұрғындарды қорғауды ұйымдастыру;

– төтенше жағдайларды жоюды ұйымдастыру;

– төтенше жағдайлар аймақтары шекараларын белгілеу;

– экономика объекттерінің тұрақты қызмет көрсетуін қамтамасыз ету, зиян көрген тұрғындардың өмір жағдайларын қамтамасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру;

– төтенше жағдайлар аймақтарындағы қоршаған табиғи ортаның жағдайы, авария объекттері мен оларға көрші аймақтардағы жағдай бойынша мониторинг жүргізу.

1.2. Мектепте төтенше жағдайлардың алдын алу және жою әрекеттері жоспарының құрылуы

Ұйымдасқан-құқықтық қалыбынан қатаң түрде әрбір мектепте (оқу орнында) табиғи және техноген қасиетті төтенше жағдайлардың алдын алу және жою әрекеттері жоспары істеп шығылады. Жоспарды істеп шығу кез келген жағдайда адамдар құрбан болуы және материалды байлықтарға зиян жетуін максимал азайттыруға қаратылған болуы керек.

Жоспарлау объекте төтенше жағдайлар болу қаупі дәрежесін, апаттар және табиғи апаттардың болуы нәтижесінде жүзеге асуы мүмкін болған жағдайларды алдын ала болжау, бар материалды қор мен адамдарды жан-жақты үйреніп және баға беруге негізделуі керек.

Төтенше жағдайларда тұрғындарды ескерту олар нәтижесіндегі материалды және жәбірленгендердің санын азайту шаралары саны, мерзімі, ұйымдастыру және орындау тәртібін, авария, қираулар, табиғи апаттардан (тұрғындарды) мектеп қызметкерлері мен оқушыларын, материалды байлықтарды қорғау бойынша кешіктіріп болмайтын шаралардың орындалуы, сондай-ақ құтқару жұмыстарын ұйымдастыру және алып баруды белгілейді.

Төтенше жағдайлардың алдын алу және жою әрекеттері жоспары екі бөлімнен құралған:

– *мектеп (объект) және оған көрші аймақтарындағы потенциал қауіптер.*

Бұл бөлімде объектке қауіп төндіретін үлкен апаттар, істеп шығару апаттары болуы мүмкін болған кәсіпорын, химиялық заттар және басқа қауіпті жүктер тасып өтілетін және артылатын темір жолдар, станциялар (бекеттер), эпизотикалық, эпидемиялық тұрғыдан ыңғайсыз аймақтар көрсетіледі;

– *үлкен істеп шығару авариялары, қираулар мен табиғи апаттар, террорлық әрекеттердің болу қаупі төнгенде орындалатын шаралар (жозары дайындық режимінде).*

Бұл бөлім:

а) төтенше жағдай болу қаупі туралы басқару органдарын, жетекшілер, жұмысшылар мен тұрғындарды хабарлау тәртібін;

б) төтенше жағдай әсері туралы ескерту мен оны азайту бойынша өткізілетін шаралардың саны, мерзімі, жұмылдырылған күш пен құралдар;

в) бар күш және заттарды, қорғаныс ғимараттарын, басқа жертөлелерді, жер үстінде орналасқан ғимарат пен құрылыстарды бекемдеп, жасырып мектеп қызметкерлері, оқушылар мен тұрғындарды жасыру үшін даярлау;

г) жеке қорғаныс құралдарын мектеп қызметкерлері мен оқушыларына беруге даярлау және беру;

д) мектеп қызметкерлері мен оқушыларын, эвакуация жасау үшін біріктірілген автотранспортты және қаладан сырттағы зоналарды даярлауда қатысу;

е) медициналық және эпидемияларға қарсы қорғаныс шараларын өткізу;

ж) өртке қарсы шараларды және істеп шығаруды авариясыз тоқтатуға дайындық шараларын өткізуді өз ішіне алады.

Әрбір оқушы төтенше жағдайлар болғанда не істеу керектігін білуі, күнделікті өмірде мектеп аумағында және мектептен сыртта дұрыс әрекеттену ережелерін меңгеруі, өртке қарсы қауіпсіздік шараларын орындауы, қорғаныс құралдарының қай жерде сақталуын, қорғаныс құралдарын дұрыс қолдануды, жанындағыларға бірінші көмек беру ережелерін білуі, эвакуация кезінде басшылардың бұйрықтарын тез және дұрыс орындауы шарт.

Бақылау сұрақтары

1. Төтенше жағдай дегенде нені түсінесің?
2. Төтенше жағдайлар министрлігі қашан және не мақсатта құрылған?
3. ТЖМЖ-ның басшы органдары қайсылар?
4. Төтенше жағдайлар министрлігінің күш пен құралдарына нелер кіреді?
5. Төтенше жағдай болғанда оқушылардың міндеттемелері нелерден тұрады?

2-тарау. ҚОРШАҒАН-ОРТАНЫҢ КЕРІ ӘСЕРЛЕРІНДЕ, ИНФЕКЦИЯЛЫ ЖӘНЕ ИНФЕКЦИЛЫ БОЛМАҒАН АУРУЛАРДА ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ

2.1. Қоршаған-ортаның адам организміне кері әсері

Адам организміне айналамыздағы орта үлкен әсер етеді. Таза су, ауа және өнімді жерлер адам жақсы және салауатты жасауы үшін ең керекті заттар. Егер айналамыздағы ауа лас болса, ол адам организміне тыныс алу жолы арқылы кіруі мүмкін.

Лас су ішінде патоген микроорганизмдер болуы мүмкін. Әр түрлі токсикалық қоспалар сумен адамның ішкі органдарына түскенде денсаулыққа үлкен зиян келтіреді. Айналамыздағы жерлермен ағатын сулар уланса, олардың өнімділігіне зиян тиеді. Табиғатта мыңдаған микроорганизмдер жасайды және олар ағаштар, гүлдер мен бақтарда азық тауып азықтанады. Бұл тірі организмдер ауадан, судан және жерден пайдаланады. Бұлардың арасында пайда мен зиян келтіретіндері де бар.

Адам жерді бағалағанда оның пайдалы жақтарын іздейді. Себебі жердің үстінде және астында байлықтар өте көп. Жер жүзіне әр түрлі егіндер ексе болады. Өкінішке орай, соңғы уақыттарда адамзат табиғатқа үлкен зиян келтіруде, бұған мысал етіп әр түрлі қалдықтардың жерге және суларға тасталуын келтіру мүмкін. Нәтижеде жер мен су ластанады және оларда жасайтын тірі организмдер өледі. Зауыт пен фабрикалардан шығып жатқан түгін ауаға үлкен зиян келтіріп, көп өсімдіктердің өсуіне жол бермейді және қоршаған ортадағы жерлерге үлкен зиян жеткізеді.

Табиғатқа ең үлкен қауіпті ауыр металдар келтіреді. Бұлардың ішінде сынап, кадмий, мыс, хром, ванадилердің зауыт пен фабрикалардан ауа мен жерге түсу мүмкіндігі өте үлкен.

Автомобильдерден шығып жатқан түгін мен мыңдаған тонна улы заттар әр жылы ауаға көтеріледі. Қосымшаға ауыр металдармен бірге залалды заттар ауаға газ ретінде шығарылады. Бұлардың ішінде көміртек оксиді, азот пен көміртектерді жеке ажыратып көрсету мүмкін.

Ең көп кездесетін қоспалар күл мен тозаңдар. Күл мұнай жануынан, жанармай, көмір және басқа өнімдерден пайда болады.

Құрылыста кең істетілетін асбест адамның дем алу органдарында (өпкеде) қалып, ауыр ауруларға алып келуі мүмкін. Ол тыныс алу арқылы организмге кіріп, адамды ауруға дұшар етеді.

Адам үшін ең үлкен залалды пестицидтер келтіреді. Олар ауыл шаруашылығында кең түрде істетіледі. Оларды істету ережелері бар. Бірақ бұл ережелер бұзылса, жүйке жүйесі, адам көзі, тыныс алу органдары мен терісіне үлкен зиян келтіреді.

Қоршаған ортадағы радиоактив қалдықтар адам үшін өте қауіпті. Олар зауыттардан өзен мен көлдерге түсуі мүмкін.

Ион, ультракүлгін нұрлану және әр түрлі химиялық қоспалар да адамға үлкен зиян келтіреді.

Соңғы уақыттарда табиғатқа синтетикалық жуу өнімдері аса үлкен зиян келтіруде. Бұл өнімдер қазіргі күнде ғаламшарымыздың барша жерлерінде бар.

Адамдар синтетикалық жуу өнімдерімен уланған көл және басқа шомылу орындарына барғанда әр түрлі аллергия ауруларын жұқтырып алуға.

Ластанған табиғат әсері арқылы адамда ген (мутация) өзгерістері пайда болады. Бұл өзгерулер *мутация* деп аталады.

Қоршаған-ортаның ластануы адамзаттың генетикалық фонына да әсер етеді. Организм гендерін бұзатын зат *мутагендер*. Мутагендер организмге кіргеннен соң әр түрлі ауруларға себепші болады. Олардың ішінде қан тамыр және қатерлі ісік аурулары көп кездеседі. Мутагендер организмге түскеннен кейін организм олармен күреседі. Мутагендерге қарсылық көрсету үшін адам дәрумендерге бай өнімдермен азықтану қажет.

2.2. Негізгі инфекциялы және инфекциялы болмаған ауруларға себеп болатын қауіпті факторлар

Жұқпалы (инфекциялы) аурулар – бұл арнаулы ауру қоздырушылар (шақырушылар): бактериялар, вирустар, бір жасушалы саңырауқұлақтар келтіріп шығаратын аурулар тобы.

Адам организмінде жұқпалы ауру пайда болуының тікелей себебі ауру қоздырушылардың адам организміне түсуі, олардың организм тоқымалары және жасушаларымен өзара әсерленуі болады.

Ауру өтуі процесінің ауырлығы, клиникалық ерекшелігі мен аурудың қандай аяқталуы негізінен адам организмінің жағдайына, атап айтсақ, адамның физиологиялық ерекшелігі мен иммун жүйесіне байланысты.

Кейбір аурулар бар, яғни мұндай аурулар жұқпайды, яғни адам организміне ауру қоздыратыны түспеген жайттарда да дамиды. Бұларға инфаркт, инсульт, асқазан жарасы ауруы, соқырішек сияқты аурулар кіреді. Мұндай аурулар жұқпалы болмаған жайтта да адамдар үшін қауіп төндіруі мүмкін.

Науқас организмінде ауруларды жүзеге асыратын арнаулы микробтардың бар екендігі және аурулардың адамнан адамға жұғуы мүмкіндігі инфекциялы аурулардың негізгі белгілері.

Инфекциялы аурулардың шынайы себептері XIX ғасырдың екінші жартысында Л. Пастер, Р. Кох, И. И. Мечников пен басқа ғалымдардың жұмыстарында көрсетіп өтілген.

Кейбір аурулар (оба, іштерleme, паратиф, дизентерия және басқа ішек инфекциялары) қорыту жолы арқылы (науқастар нәжісі түскен су және азық-түлік яки оның тозаңдары тиген жуылмаған қол арқылы) жұғады.

Науқас жөтелгенде, түшкіргенде, сөйлескенде шығатын майда жабысқақ тозаңдар ауамен тыныс алу жолдарына кіруінен келіп шығатын аурулар (тамшылы инфекцияларға) грипп, көкжөтел, паратит, дифтерия, қызамық және басқалар кіреді.

Кейбір аурулар қансорғыш жәндіктер (бит, шыбын, бүрге, кене, москиттер және т.б.) арқылы жұғады (безгек, таспалы сүзек, қайталама сүзек, кене мен шыбын арқылы жұғатын энцефалиттер, москит қайнатпасы және т.б.). Науқасқа жақын жүргенде яки оның сүлгісі, ыдыс-аяғы және бұйымдарынан пайдаланғанда жұғатын аурулар (мерез аурулары, сібір күүдиргісі, таз жарасы және басқалар) жеке топты құрайды.

Инфекциялы аурулар бірнеше күн (грипп, қызылша, москит қызуы) яки бірнеше апта (қарын сүзегі, таспалы сүзек) жалғасуы яки айлап және керек болса жылдап созылуы мүмкін (туберкулез, алапес, сифилис).

Инфекциялы аурулардың келіп шығуы организмге кірген патоген микробтардың санына, вируленттігіне (ауру жұқтыру, тарату ерекшелігі) кірген орнына, адамның жасына, инфекцияға бейімділігіне, сондай-ақ микроб айналадағы сыртқы орта жағдайына (ыңғайсыз жағдайларда микробтың вируленттігі азаяды) байланысты.

Инфекциялы аурулардың пайда болуы мен өтуінде әлеуметтік жағдай (тұрғын үй, тамақтану салты, мәдени деңгей, медициналық көмек) шешуші рөл атқарады. Сол жағдайдың өзара әсеріне қарап инфекциялы аурулардың түрлі формалары пайда болады. Инфекциялы аурулардың өтуінде инкубациялы дәуір, ауру белгілерінің пайда болу мен асып бару дәуірі, ауру өріс алған дәуір, аурудың сөну және жазығу дәуірі ерекшеленеді. Инфекциялы аурулардың әр бірінде сол дәуірлердің өзіне тән ерекшеліктері бар. Қарын сүзегі сияқты кейбір инфекциялы аурулар микробы ауырып өткен организмде сақталып қалады және төңіректегі ортаға шыға береді.

Көптеген инфекциялы аурулардан кейін оған қарсы иммунитет пайда болады. Инфекциялы ауруларды анықтауда аурудың клиникалық белгілері, лабораторияда тексеру нәтижелерімен эпидемиологиялық мәліметтер негіз етіп алынады. Науқастар арнайы жабдықталған инфекциялы ауруханаларда емделеді. Инфекциялы ауруларға қарсы күресте профилактика шаралары шешуші рөл атқарады. *Профилактика* адамдардың жоғары дәрежедегі денсаулығын, ұзақ жылдық қызметінде қамтамасыз етуге, ауруға шалдығу себептерін жоюға, тұрғындардың тұрмыс, еңбек және дем алу жағдайларын жақсартуға, қоршаған-ортаны қорғауға қаратылған шаралар жиынтығы.

Инфекциялы аурулардың одан әрі кең таралуына жол бермеу үшін сондай аурулармен ауырған науқастар яки сондай ауру бар деп күмәнданған адамдар ауруханада яки үйінде ажыратып қойылады.

Лаң, оба, таспалы сүзек (таспалы сүзек), қарын сүзегі (қарын сүзегі), паратиф, дизентерия, вирусты гепатит, дифтерия және сол сияқты аурулар

табылған яки күмәнданған адамдарды арнайы санитария транспортында ауруханаға алып барып жатқызу шарт.

Грипп, қызылша, көкжөтел және басқа кейбір инфекциялы аурулармен ауырған науқастарды жеке бөлмеге жатқызу, тиістінше күтім жасау және дезинфекция өткізіп тұру шартымен үйінде ажыратып қою мүмкін.

Шипажайлар, дем алу үйлері, балаларды салауаттандыру мекемелері, балалар бақшалары мен бөбекханаларда, сондай-ақ ауруханалардың терапия, хирургиялық, педиатрия және басқа (инфекциялы бөлімнен тыс) бөлімдерінде изолятор жабдықталады.

Әсіресе, қауіпті инфекциялармен (лаң, оба) ауырған науқастарға жақын жүрген адамдарды сол аурулардың инкубациялы дәуіріне тең келетін мерзіммен ажыратып қою шарт. Басқа инфекциялы ауруларда науқастар түрлі мерзімге ажыратып қойылады. Инфекциялы аурулардың алдын алу үшін мектептерде емдеу шаралары өткізіледі.

2.3. Азық-түлік өнімдері және сумен байланысты қауіпті факторлар

Әрбір адам дұрыс тамақтануға үлкен мән беруі қажет. Егер таза су, сапалы тағам желінсе, адам денсаулығы әрқашан жақсы болады және ол мүлдем сырқат болмайды. Бірақ адамзат мол өнім алу үшін әр түрлі тәжірибелер өткізіп, өнімдердің табиғи жағдайын өзгерттіруде. Нәтижеде істетілген химиялық дәрілер жерге кіріп, егіндерге зиян келтіруде.

Химиялық заттардың шектен тыс көп істетілуі салдарынан жеміс пен көкөністердің гені өзгеріп, өнімділігі асады, бірақ мазасы және сапасы төмендейді. Сонымен қатар бұл заттар жеміс, көкөністердің көрінісін де өзгерттіріп, организмге пайда келтіру орнына зиянды өнімге айналады. Сапасы өзгерген жеміс пен көкөністер адам организмінде әртүрлі аллергиялы ауруларды келтіріп шығарады. Гені өзгерген өнімдер пайдаланылғанда организм ішіне кіріп, қан тамыр жүйесіне үлкен зиян келтіреді және басқа аурулардың пайда болуына мүмкіндік жаратады.

Нұрлы өлкеміз табиғи және сапалы жеміс-көкөністерге бай болып, оларды жылдың қалаған мезгілінде таба аламыз. Мемлекетімізде жеміс пен көкөністер жыл бойы өсіріп, базарларымызды толтырып тұрады. Егер біз табиғатқа зиян келтірмесек, оған көмек қолын созсақ, жерлерімізді абаттандырсақ, дастарқандарымыз одан әрі молшылық болады.

Бұл көмек неден құралған? Қашан да әрбір адам өзі жасап жатқан аймағы, оның байлықтары, жаратылған жағдайларының қадіріне жеткенде ғана бұған қол жеткізуге болады. Өміріміз, денсаулығымыз, ең алдымен, топырағымыз сапасына, өзен, көлдеріміздегі сулар табиғат жаратқан жайтта

сақталуына және тыныс алып жатқан ауаға байланысты. Соның үшін судың ластануына мүлде жол бермеуіміз керек. Су ағатын жерлерді сақтау әрбір адамның борышы.

Адам организмі негізінен судан құралған, сол үшін су адам үшін өте қажет. Адам сусыз жасай алмайды. Таза су тек қана адамдарға, бәлкім ауыл шаруашылығына да керекті болып, сусыз өнім алудың лажы жоқ. Демек, табиғат тартуы болған суды сақтауымыз керек. Бірақ соңғы кездерде адам тарапынан табиғатқа, әсіресе, суға келтіріп жатқан зиян көлдерді асып, шекара білмес дәрежеге дейін жетуде. БҰҰ-ның ауа-райы өзгеруі бойынша дайындаған баяндамасына сәйкес, 2050 жылға барып Дүние мұхиты суларының ластану және қышқылдық дәрежесі 150 %-ға асады. Бұл теңіз экожүйесінде артқа қайтарып болмайтындай өзгерістерге алып келеді. Дүние сулары ластануының негізгі себебі адам тарапынан әр күні 2 миллион тонна қоқыстың табиғи және жасанды су бассейндеріне тасталуы. Әр жылы 260 миллион тонна пластмасса ыдыстар мұхитқа лақтырылады. Олардың үлкен бөлігін теңіз толқындары жағалауларға шығарып тастайды. Ішімдік суының ластануы күніне 14 мың адамның өліміне себеп болып жатқаны ақылға сымас көрсеткіш.

Ластанған су адам организміне үлкен зиян келтіреді. Су адамның көру қабілетіне, терісінің жұмсақ және таза болуына, шашының өсуі мен мидың жақсы істеуіне жақсы әсер етеді.

Таза су қанмен организмге кіріп, оны дәрумендерге байытады. Егер дала майдандары лас сумен суарылса, егіндер құрғайды және уланады. Адам қолданып жатқан ішімдік суының 70—80%-ы ауыл шаруашылығына жұмсалады. Солай болса-да, суды ысырап ету жалғасуда. Егер бір ғана ирригация жүйесі жетілдірілсе, ауыл шаруашылығына жұмсалып жатқан судың 30 %-ын үнемдеу мүмкін. Дегенмен, судың ластануы нәтижесінде келіп шығатын аурулардың түрлері күн сайын артып бара жатқандығы медициналық диагноздар да дәлелдеп тұр. Суды күтіп ұстамас екенбіз, ол бізден денсаулығымыз есебінен «өтемақы» ала береді, нәтижеде біз түрлі ауруларға шалдыға береміз.

Бақылау сұрақтары

1. Топырақтың ауыр металдармен залалдануы нәтижесінде келіп шығатын қауіптер нелерден құралған?
2. Мутагенез не? Оған қарсы күресу шараларын айтып бер.
3. Жұқпалы аурулармен ауырған науқастарды емдеу шаралары туралы айтып бер.

3-таъар. ЗАМАНАВИ ЖАУЫНГЕРЛІК ЖАРАҚАТТАУШЫ ҚҰРАЛДАР

3.1. Ядро қаруы


Ядро қаруының әсері ядро реакциясы, яғни бөлшектену-синтез яки бұл екеуінің бірдей болуы нәтижесінде ядро ішінен ажыралып шығатын энергиядан пайдалануға негізделген.

Ядро қаруының қуаты тротил эквиваленті, яғни тротил зарядының ауырлығынан тұрады. Тротил зарядының жарылу энергиясы ядро қаруының жарылу энергиясына тең.

Жарылу орталығының жер (су) деңгейіне қарағанда орналасуына қарап әуеде жарылу, жерде жарылу, жер астында жарылу, су үстінде жарылу және су астында жарылулар ерекшеленеді (1-сурет). Бұл түрдегі жарылулардың әрбірі объекттерге өзіне тән түрде зақымдаушы әсер етеді.

Ауадағы ядролық жарылу – мұнда жарылу әуеде болады, жарық түсіру саласы жер жүзіне тимейді. Әуедегі жарылу жоғарыда яки төменде болуы мүмкін. Төмендегі ядролық талқандауда көтеріліп жатқан тозаң қабаты жарылу бұлттымен тұтасады және нәтижеде саңырауқұлақ сияқты бұлт пайда болады. Әуеде болатын жоғары талқандауда тозаң қабаты жарылу бұлттымен тұтаспайды.

Әуедегі ядролық жарылу қысқа уақыт, көзді шағылдыратын жарықтық таралуымен болады. Содан соң сфера қалпындағы жарытылған сала пайда болады. Ондағы температура бірнеше миллион градусқа тиеді. Жарық түсірілген сала жарықтық нұрлану көзі болып қызмет етеді.



1-расм. Ядро зарядының жарылу түрлері: а – әуеде; б – жер жүзінде; в – жер астында; г – су астында және үстінде жарылу.

Ядролық жарылу найзағай кезінде пайда болатын дауысқа ұқсас күрт күмбірлеумен болады. Жарылу бұлты желдің бағыты бойынша әрекеттеніп, өзіне тән қалыпты жоғалтады және таралып кетеді. Жоғарыдағы ядролық жарылуларда шарға ұқсас жарытылған сала пайда болады. Оның өлшемдері жер бетімен атмосфера қабақтарында болатын ядролық жарылуға қарағанда үлкен болады. Жарытылған сала суығаннан кейін, тозаңды шар сияқты бұлтқа айналады. Жоғарыдағы талқандауда шаң-тозаң бұлты мен қабаты пайда болмайды.

Жер жүзіндегі ядролық жарылу деп, жер жүзінен оншалықты биік болмаған әуедегі жарылуға айтылады, мұнда жарытылу саласы жер бетімен кесісіп, жартылай сфера формасында болады. Жер бетінде жарылудан тереңдік пайда болады. Терең өлшемдері жарылу қуатына байланысты болып, бірнеше жүз метрге дейін жетуі мүмкін.

Жер астындағы ядролық жарылу деп, жер астында өткізілген ядролық жарылуға айтылады. Мұндай талқандауда жарытылу саласы бақыланбауы мүмкін. Мұнда топыраққа үлкен қысым беріледі, пайда болған соққы толқыны жер сілкінісіне ұқсас тебірену пайда болады. Жарылу болған жерде үлкен шұқыр болады, оның өлшемдері жарылу қуаты мен топырақ түріне байланысты. Шұқырдан көп мөлшердегі топырақ қабаты радиоактив заттармен айналаға шашылады. Жарылу қабаты бірнеше жүз метрге дейін тиеді.

Су үстінде болатын ядролық жарылу сыртқы көрінісіне сәйкес жер үстінде болатын жарылуға ұқсайды.

Су астындағы ядролық жарылу су астында болады, мұнда жарытылу саласы көрінбейді. Су бетінде биіктігі бір километрге жететін саңырауқұлақ сияқты бұлт пайда болады. Судың жерге қайта түсуі нәтижесінде радиоактив тұман пайда болады. Кейіннен сулы бұлт пайда болып, одан радиоактив жаңбыр жауады.

Ядролық қарудың зақымдаушы факторлары: жарылу толқыны яки соққы толқыны, жарықтық нұрлануы, өтетін радиация, жерлердің радиоактив заттардан залалдануы, электромагнит импульсінен құралған.

Соққы (жарылу) толқыны жарылу орталығынан әр жаққа дыбыс жылдамдығында қатты жылдамдықта таралатын, өте үлкен қысымда сығылған ауа зонасынан құралған.

Соққы толқыны алғашқы 1000 метрді 2 секундта, 2000 метрді 5 секундта, 3000 метрді 8 секундта басып өтеді, осы уақыт арасында адам аспанда жарық сәулені көруімен жасырынуға үлгіреді және соққы толқыны зақымдауынан сақталып қалады.

Жарықтық нұрлануы – ядролық жарылудан пайда болған алаулы шардан шығатын және соңғы дәрежеде көп күйдіретін жылулық энергиясы

тарататын жарықтық нұры ағымынан құралған. Ядролық жарылу жалпы энергиясының шамамен 35 %-ы жарықтық нұрлануына дұрыс келеді. Жарықтық нұрының таралуы 8—15 секунд жалғасады, бұл нұр тек дұрыс бағытта таралады. Айқын болмаған кез келген тосқауыл жарықтық нұрлануы әсерінен сақтап қалады.

Жарықтық нұрлануы үлкен қашықтықтарға бір мезетте таралып, түрлі материалдарды еріту, жандыру, қорғалмаған адамдар мен хайуандарды күйдіру яки көзді зақымдау, орман және тұрғындар пункттерінде өрт шығару қасиетіне ие.

Заттардың жарықтық нұрлануынан улануы олардың қай дәрежеде қыздырылғанына байланысты болады. Заттардың қызуы, өз кезегінде, төмендегі факторларға: жарықтық импульсінің күшіне, заттардың қасиетіне, заттардың аптап ыстықты жұту коэффициентіне, ылғалдығына, жанушандығына байланысты. Қара рең мата ақ реңдегіне қарағанда жарықтық нұрын көп жұтады. Мәселен, қара түсті мата 99 %, көкшіл сұр (хаки) мата 60 %, ақ рең мата 25 % жарықтық энергиясын жұтады.

Жарықтық нұрлануы көзге түскенде (әсіресе түнде, себебі көз қарашығы кеңейген болады) көз шағылысуы күзетіледі. Көз шағылысуы уақытынша жалғасады. Бұған себеп кездегі родопсин пигментінің (тоқ қызыл рең) азаюы. Егер нұр жақын қашықтықтан көзге әсер етсе, көздің тор пердесі күйеді және тұрғылықты көрлік жағдайы жүзеге асады. Соның үшін аспанда бірден жарқылдау болғанда оған қарау мүмкін емес.

Өтетін (сіңетін) радиация ядролық талқандауда шығатын көрінбейтін және сезілмейтін гамма-нұрлар мен нейтрондар ағымынан құралған. Бұған ядролық жарылу энергиясының шамамен 5%-ы жұмсалады. Ядролық жарылу болғаннан 15—20 секунд өткеннен кейін, ядро мен термоядро реакциясы нәтижесінде гамма-нұрлар, нейтрондар ағымы, альфа және бета-бөлшектердің өте күшті ағымы таралады.

Өтетін радиациядан сақтану үшін пана жер мен ғимараттардан пайдаланылады. Қорғаныс өтетін заттардың тығыздығы қаншалықты жоғары болса, ол гамма-нұрларды өзінде соншалықты көп ұстап қалады.


Өтетін радиация тірі тоқымалар молекулаларын иондастырып, организмнің өмірлік қызметінде бұзады және адамды түрлі дәрежедегі нұр ауруына жолықтырады, кейде өлтіреді. Адамға кем радиация қысқа уақыт барысында әсер еткенде организмде сезілерлі өзгерулер болмайды. Қазіргі уақытта нұр ауруының болуына сәйкес: жеңіл, ауыр және өте ауыр түрлерге бөлінеді.

Жерлердің радиоактив заттардан залалдануы ядролық жарылу нәтижесінде пайда болады, мұнда ядролық жарылу энергиясының шамамен 10 %-ы жұмсалады.

Ядроның жарылуы нәтижесінде пайда болған көп мөлшердегі радиоактив заттар ауа ағымына еріп, жарылу орталығынан ондаған жүздеген километр қашықтықтарға таралады. Ауа тұрғын үйлер, су көздері, ауыл шаруашылығы өнімдері мен басқа заттарды залалдайды. Зақымданған жерлердегі радиоактив заттар адам және жануарларға сырттан әсер етеді. Аталмыш заттар тамақ, су арқылы организмге түсіп, іштен әсер етеді, нәтижеде адам және жануарларда түрлі дәрежедегі нұр ауруы пайда болады.

Ядро заряды жерде жарылғанда алаулы шардың жерге тиістілігінен жер жүзінің қабаты еріп кетеді және жарылу өнімдері мен қосылған топырақ соққы толқыны жәрдемінде ұзақ жерлерге шашылады. Жарылу болған жерде пайда болған жоғарыға ұмтылушы ауа ағымы құйын сияқты үйіріліп, жердегі тозаң, құм-топырақтарды жоғарыға алып шығып кетеді. Ол жарылу заттарына араласып, саңырауқұлақ қалыбындағы бұлтты пайда етеді. Пайда болған бұлт жел ескен тарапқа жайлап әрекеттеніп, ұзақ қашықтықтарға таралады. Мұның нәтижесінде көп жерлерге радиоактив заттар түседі және зақымдану пайда болады. Радиоактив заттармен қосылған бұлт өткен жерлерде созылмалы эллипс сияқты радиоактив «із» қалады (2-сурет). Радиоактив бұлт қалдырған «із» радиоактив заттар ізі оғынан қанша ұзақтасса, радиация дәрежесі соншалықты кем болады және адам организміне кем әсер етеді.

Электромагнит импульсі және екінші залаидаушы факторлар. Ядро зарядтардың жарылуы нәтижесінде ауаның ионизациялауы байқалады, пайда



2-сурет. Ядро заряды жарылуы нәтижесінде пайда болған радиоактив «із».


болған электрондардың жоғары жылдамдықта әрекетінен электрмагнит майданы пайда болады. Мұның нәтижесінде электрмагнит разряды мен ток жүзеге асады. Атмосферада пайда болған электрмагнит импульс найзағай сияқты таралған жайтта антенналарда, кабельдерде, электр беру тармақтарында және сымдарда қуаттануға ие болған ток пайда болады.

Жер жүзінде және ауаның төменгі бөліктерінде ядро заряды жарылғанда электр импульстің зақымдаушы әсері жарылу орталығынан бірнеше километр ұзақтықта байқалады. Жер жүзінен едәуір биіктікте және әуеде жарылған ядро заряды нәтижесінде электромагнит импульс майданы, жарылу орталығында және жер жүзінен 20—40 километр биіктікте де электрмагнит импульс майданы пайда болуы байқалады. Кернеу майданы пайда болған электрмагнит майданының зақымдаушы факторы болып есептеледі. Кернеу майданының күштілігі жарылған ядро зарядының қуатына, жарылу биіктігіне, жарылу орталығынан ұзақтығына және қоршаған-орта жиынтығына байланысты болады.

Пайда болған ток автомат өшіру құрылғыларын істен шығарады, радиоаппараттар, электр құралдарының бұзылуына алып келеді, мұның нәтижесінде осы құралдармен істеп жатқан адамдар электр тогынан зақымдануы мүмкін.

Ядро заряды жарылуы нәтижесінде пайда болған электрмагнит импульстардан қорғану үшін құралдарды экрандау керек болады. Барша сыртқы электр беру тармақтары екі қабатты сымнан болуы және олар жақсы изоляциялануы қажет.

Мұндай күйреулердің алдын алу үшін әскери бөлімдер орналасқан жер мен кәсіпорын қорғаныс-инженерлік жұмыстары өткізілген болуы керек (3-сурет).



3-сурет. Траншеяның радиоактив нұрларды әлсіздендіру ерекшелігі.

Ядро заряды жарылганда тұрғындар әрекеттері төмендегілерден тұрады:

1) соққы (жарылу) толқынынан дала жағдайында қорғалған терең жерлерден пайдалану керек;

2) айқын болмаған кез келген тосқауыл жарықтық нұрлануы әсерінен сақтап қалуы мүмкін;

3) өтетін радиациядан сақтану үшін пана жерлер мен ғимараттардан пайдаланылады;

4) жеке қорғаныс құралдарынан пайдалану қажет.

3.2. Химиялық қарулар

Уландырғыш заттардың жалпы синаты

Қазіргі күнде әлемнің бірнеше мемлекеттерінде химиялық қарулар бар екендігі ешкімге сыр емес. Бірақ бұл қарулар халықаралық конвенсиялар талабына сәйкес істетілуі мүмкін емес. Бұл тақырыпта химиялық қару мен оның адамға әсері туралы ұғымдар беріледі.

Химиялық қару да көптеген жарақат жеткізу құралдары қатарынан. Химиялық қарудың әсері уландырғыш заттардың жауынгерлік жиынтықтарынан пайдалануға негізделген, уландырғыш заттар адамдарды, хайуандарды жарақаттайды, жерді, су бассейндері мен өсімдіктерді уландырады. Уландырғыш заттар зымыран, авиация, артиллерия, арнайы химиялық құралдар көмегінде істетілуі мүмкін.

Уландырғыш заттар жерді улану үшін тамшылар түрінде, ауаны улану үшін бу түрінде (тұман, түтін түрінде) болады. Сел себепті адам уланған ауамен тыныс алғанда, терісіне, көзіне, киімге уландырғыш заттар түскенде, сондай-ақ уланған тамақ жегенде яки су ішкенде уланып қалуы мүмкін.

Улы заттардың жарақаттау әсері олардың концентрациясы, улану тығыздығы мен тұрғындығына қарап бағаланады. Уланған ауаның көлемі бірлігінде уландырғыш заттардың ауырлық саны оның *концентрациясы* деп аталады. Концентрациясы, көбінеес 1 литр ауадағы уландырғыш заттардың есебіндегі саны мг/л-нан тұрады.

Улану тығыздығы жердің яки басқа беттің деңгейі бірлігіндегі зәрлейтін заттар мөлшері болады. Улану тығыздығын г/м² мен көрсету қабылданған. Уландырғыш заттың тұрғындығы уландырғыш заттардың әуеде яки жерде өзінің жарақаттау әсерін белгілі уақыт сақтап тұру ерекшелігі.

Жарақаттау әсерін бірнеше сағаттан бірнеше күнге дейін сақтап тұратын уландырғыш заттар тұрғын уландырғыш заттар қатарына (V газдар, иприт)

кіреді. Тұрғын болмаған уландырғыш заттар (сианид кислота, фосген, хлорсин) жарақаттану жиынтықтарын не бары бірнеше минутқа дейін сақтап тұра алады.

Уландырғыш заттарды жарақаттау әсерінің сипаттамасына қарап: *жүйкені жарақаттанған, теріні іріңдейтін, буатын, жалпы зәрлейтін, психохимиялық, әсерлейтін уландырғыш* заттар тобына бөлу қабылданған. Жалпы уландырғыш заттардың қатарына сианид кислота, хлорсин кіреді.

Жүйкені жарақаттайтын уландырғыш заттар қатарына зарин мен V газдар кіреді. Бұлар күшті және тез әсер ететін зәрлер. Бұл уландырғыш заттар адам организміне тыныс алу органдары, тері қабаттары мен тамақты сіңіру жолдары арқылы кіріп, жүйке жүйесін жарақаттайды.

Зарин – түссіз яки ашық сары реңді, иіссіз, өте улы сұйықтық. Қыста мұздайды, су әсеріне шыдамды. Майларда жақсы ериді. Әдеттегі ауа-райы температурасында сілтілер мен амиак ерітінділер әсерінде тез ыдырап кетеді. Заринмен уланғандық белгілері дереу пайда болады: көз қарашықтары тараяды, сілекей ағады, тыныс алу қиындайды, кісі құсады, есінен талады. Содан кейін адамның қол-аяқтары қатты қалтырай бастайды, ауыр уланғандардың тыныс алу орталықтары сал болып қалуы және олар өмірден көз жұмуы мүмкін. Уланудың алғашқы белгілері сезілуімен дереу газдан қорғану маскасын киіп алу және организмге зәрге қарсы зат (антидот) жіберу қажет, антидот шприц-тюбикте яки пакеттерде болады.

Сианид кислота – түссіз, тез буланып кететін сұйықтық болып, одан тықыр бадам иісі келеді. Күшті және тез әсер ететін зәр адам организміне улы ауамен тыныс алуда кіреді. Сианид кислотамен уланған адамның аузында металға тән маза сезіледі, тамағы қырылады, басы айналады, бұлшық еттері әлсірейді және қорку басады.

Уланудың алғашқы белгілерінің сезілуімен, дереу газдан қорғану маскасын киіп алу қажет. Егер зәрге қарсы затты ампула болса, ампуланы сындырып, масканың астына кіріту керек.

Хлорсин – түссіз, оңай ұшатын сұйықтық болып, одан өткір иіс келеді. Әсері сианид кислота сияқты жалпы зәрлеуден құралған. Хлорсинмен уланған адамның көздері және тыныс алу жолдары қатты жарақаттанады.

Теріні іріңдететін уландырғыш заттарға иприт кіреді. *Иприт* (айдалған иприт) – майға ұқсас, түссіз сұйықтық болып, одан сарымсақ яки қышаның иісі келеді. Иприт күйелі зәрлер қатарына кіреді, теріге иприт тамшылары түссе, тері алдымен қызарады, содан кейін (бірінші күн ақырында) қабарып шығады. 2–3 күн өткеннен кейін көбікшелер жарылады және олардың орнында ұзақ уақыт емделмейтін жара пайда болады.

Тыныс алу жолдарының ипритпен уланғандық белгілері мұрын мен тамақтың ауруы, түшкіруі және мұрыннан су келуі. Адам ауырлау зәрленгенде бронхит пен қабынған болып қалуы да мүмкін. Иприт көзге, әсіресе, тез әсер етеді. Иприт буы әсер еткенде көздің шырыш пердесі қызарады, шаншу пайда болады, яғни кісі өз-өзінен сығылады, көзден жас ағады. Иприттің жарақаттау әсеріне тән ерекшелігі сондай, яғни ол жасырын әсер етеді және онда кумулятивтік жиынтығы болады, яғни адам организмінде зақым жиналып барады.

Психикалық әсер ететін улы заттарға Bi-Zet (B3) кіреді. B3 жеке өзіне тән ерекшелігімен орталық жүйке жүйесіне әсер етіп, адамдарды психикалық тұрғыдан есеңкіретеді, қорқу пайда етеді яки физикалық ізден шығарып, есітпейтін, көрмейтін етіп қояды.

Буатын улы заттарға фосген кіреді. *Фосген* – түссіз газ болып, одан ашыған жемге тән күшсіз иіс келеді. Оятын сілтілер, мүсәтір спирті, соданың судағы ерітіндісі фосгенді тез ыдыратып жібереді. Фосген тыныс алу органдарын зақымдайды: ауызда шіріндеу маза сезіледі, адам біраз жөтеледі, оның басы айналады, адам өзін мүлдем дәрменсіз сезеді. Фосгенде жасырын әсер ету дәуірі болғандығынан уланудың алғашқы белгілері 4–6, кейде 12 сағаттан кейін сезіледі.

Әсерлеуші улы заттарға хлорасетифенол, адамсит, дибензоксазепин кіреді. Бұл заттар көз бен тыныс алу жолдарын жарақаттайды.

Химиялық улану ошағы – бұл улы заттар әсерінде болған аймақ. Мұндай аймақта адам мен жануарлар зақымданады яки олардың зақымдануы мүмкін болып қалады. Химиялық улану ошағының сипаттамасы, алдымен, дұшпан тарапынан істетілген улы заттардың түріне және қолданылу әдісіне, метеорологиялық жағдайға және жердің рельефіне байланысты.

Химиялық қару тікелей істетілген зонада ауаны уландырғыш улы заттар буы мен аэрозол пайда болады. Улы заттардың буы (уланған ауадан құралған бірлестірі бұлт) самал ескен жаққа қарап, бірнеше он километрге таралуы мүмкін, бұл адамдар мен жануарлардың, әр түрлі объект пен нәрселердің улану қаупін асырады. Уланған ауаның сақтану уақыты мен таралу қашықтығына желдің бағыты, жылдамдығы, улы заттар, ауа райы, жыл мезгілі үлкен ықпал жасайды. Уланған бұлт өзендер, қиялықтар, шатқалдар мен сайларды бойлап ұзақ қашықтықтарға таралады.

Терең шатқалдар, жайылымдар, батпақтар, жарлар, тоғайлар, тұрғындар жасайтын пункттер улы заттар ұзақ уақыт тұрып қалатын жерлер болуы мүмкін.

Қалаларда уланған бұлт көшелер, тоннелдер, құбырларды бойлап үлкен қашықтыққа таралады. Улы заттардың буы жабық мөлтек аудандар, саябақтарда тұрып қалуы мүмкін. Улы заттардың буы герметикалық етілмеген жасырыну орындарына, үйлерге, жертөлелерге кіре алады, жолақпен там үстінде тұрып қалады.

Тұрғын болмаған улы заттар істетілуі кезінде ауаның жерге жақын қабагтарында уланған бұлт пайда болады. Бұл бұлт самал ескен жаққа қарап барады және лезде жайылып кетеді. Жердің ашық, самал өтіп тұратын учаскелерінде ауа улы заттар буынан лезде тазаланады. Бірақ уланған ауа жабық мөлтек аудандарда, аулаларда және басқа жерлерде тұрып қалуы мүмкін.


Қорғану шараларын тез көру үшін жер мен ауаның зәрленгендігі көрсететін өзіне тән белгілерді жақсы білу керек. Зәрленгендікті көрсететін сыртқы белгілер топырақ, ағаш жапырақтары, ғимарат қабырғалары мен басқа нәрселердің тамшылар болуы мүмкін. Химиялық қару жарылғанда, жер төбесінде шағын бұлт пайда болады. Ол кейде бірер ашықтау реңге кіреді. Бұлтты самал тез таратып жібереді. Егер дұшпан улы заттарды төгетін авиация құралдары көмегінде қолданған болса, самолет әуеде сезілерлі дәрежеде тоқ яки аздап боялған тұман із қалдыруы мүмкін. Улы заттарды қолданылу белгілері білінді дегенге дейін, қорғану шаралары дереу көрінеді (газдан қорғану маскасы мен теріні қорғау құралдары киіп алынады).

Химиялық қаруларды қолдану құралдары

Уландырғыш заттар нысанаға, алдымен, авиация көмегінде іске асырылады. Әр түрдегі уландырғыш заттармен толтырылған авиациялы бомбалар жарылатын құрылғылары бойынша: соққы әсерінде жарылатын және ұзақтан басқарылатын (қашықтықтан) құрылғылармен жарылатын-дарға бөлінеді.

Соққы әсерінде жарылатын химиялық авиациялы бомбалар ауа атмосферасын яки белгілі жерлерді улануға көзделген болып, өзінде фосген, иприт яки зоман түріндегі уландырғыш заттарын сақтауы мүмкін. Соққы әсерінде жарылғыш авиациялы химиялық бомбалардың ауырлығы, әдетте, 100 кг-ден 1000 кг-ға дейін болады.

Мұнда бомбаның 50% ауырлығын уландырғыш заттар құрайды. Адамдарды улану үшін қолданылатын авиациялы химиялық бомбалар жер жүзінен біраз биіктеу қашықтықта жарылдырады (дистанциялы жарылғыш құрылғыларға ие болады).



4-сурет. 340 килограмм ауырлығы MS-1 маркалы химиялық бомба:
а – жалпы көрінісі; *б* – кесілген жайтта көрінісі; 1, 9 – бас жарылғыш құрылғы; 2, 10 – корпус; 3 – стабилизатор; 4–8 – втулкалар; 5 – гофрирделген картоннан дайындалған цилиндр; 6 – жарылғыш заряд; 7 – жарылғыш зарядты салу үшін арналған стакан; 11 – уландырғыш зат; 12 – бомбаны асып қою үшін арналған ілмектер.


Бұл бомбалар шыдамды уландырғыш заттармен (зоман, иприт) толтырылады.

Мұнан тыс, кіші салмақтағы (3 кг және одан артық) кассеталы авиациялы химиялық бомбалар да қолданылуы мүмкін.

Төгетін авиациялы құралдар сұйық уландырғыш заттармен толтырылып, самолет қанаттары яки фузелажының (корпусы) астына асылады және 300—500 метр жоғарыдан себіледі (5-сурет).

Ракета құралдары. Химиялық шабуылды өткізу қажеттілігі пайда болғанда ракета құралдарынан кеңінен пайдаланылады. Кейбір мемлекеттер армиялары химиялық қаруды керекті жерге жеткізу үшін басқарылмайтын ракета құралдарына ие. Басқарылмайтын реактив снарядтардың ұшу қашықтығы 40 километрді, басқарылатын ракета құралы реактив снарядтарының ұшу қашықтығы 5—140 километрді құрайды.

Бұл реактив снарядтардың (ракета) жауынгерлік бөлімі кассетадан құралған болып, ол шар сияқты формалы бірнеше бомбалардан құрылған (әр қайсы шар сияқты бомбаның ауырлығы 0,6 кг болады) және уландырғыш заттардан зарин, зоман және басқалармен толтырылуы мүмкін.




5-сурет. TMU-28/V маркалы төгетін авиациялы құрал.

Ракетаның жауынгерлік химиялық бөлімі 1,5–3 км жоғарыда автоматты түрде ашылады және шар сияқты бомбалар 1 км² -ге таралып кетеді, жерге түсіп жарылады және белгілі бір жерді залалдайды.


Реактив минометтерден (көп стволды құрылғылар) атылатын реактив снарядтар яки миналар уландырғыш заттардан зарин яки V газдарымен толтырылып, қолданылғанда үлкен майдан және көптеген адамдарды залалдайды, құрылғылардың ату ұзақтығы 2,7—11 км-ді құрайды.

Артиллерияның химиялық снарядтары мен миналары. Кейбір шет мемлекеттер армиялары қазіргі кезде 105, 155, 175, 203, 2 мм-лі зеңбіректер мен гаубицалардан ату үшін істеп шығылған химиялық снарядтарға ие (6-сурет).

Бұл табельді снарядтар V газдары, зарин, иприт пен CS уландырғыш заттармен толтырылған. Гаубицалардың ұзаққа ату қашықтығы 16—18 км, зеңбіректердің ұзаққа ату қашықтығы 32 км-ді құрайды.



6-сурет. 115 мм-лі химиялық артиллерия снарядтары: 1, 8 – жарылғыштар; 2 – порох заряды; 3 – диафрагма; 4 – тесілген түтік; 5 – уландырғыш заттар шашкасы; 6, 9 – корпус; 7 – снарядтың төменгі бөлімі; 10 – уландырғыш зат; 11 – жарылатын зарядтың үстіңгі стаканы; 12 – жарылғыш заряд.



7-сурет. Химиялық фугастар: а – М 1 маркалы фугас;
б – М23 маркалы фугас.

Бұдан тыс, 106,7 мм-лі минометтёрге арналған химиялық миналар істеп шығарылған болып, олардың ұзаққа ату қашықтығы 5,5 км.

Химиялық фугастар дұшпанның тірі күштерін, майдан және жолдарды залалдау үшін қолданылады. Шет мемлекеттер армияларында қазіргі уақытта М-1, М-23, АВС-М23 маркалы фугастар сақталып келуде. Бұл фугастар V газдары, зарин және басқа түрдегі уландырғыш заттармен толтырылған болады. Жарылған уақытта 12,5 м² және одан үлкен майданды залалдайды (7-сурет).

Уландырғыш заттардың зиян жеткізуіне ауа-райы мен жердің әсері, организмге түсу жолдары мен уланудың алдын алу. Өуе мен жердегі уландырғыш заттардың зиян жеткізуіне *ауа-райы, топырақтың жағдайы және жердің төмен-биіктігі* үлкен әсер етеді. Ауа мен топырақтың райы жерде уландырғыш заттардың сақтану мерзіміне әсер етеді. Төмен температурада (қыста) иприт өте баяу буланып, көктемге дейін топырақта сақталуы мүмкін. Жазда иприт бірнеше он рет жылдам буланады және топырақта тек бірнеше сағат, Орталық Азия аумағы жағдайында одан әрі аздау сақталады.

Ауа ашылып, күн жарқырап тұрған күндерде уландырғыш заттар жерден қызып жоғарыға көтеріледі және тез жайылып кетеді. Түнде ауа араласпайды, ал бұл дұшпанның бірқалыпты болмаған улы заттардың істетілуіне қолайлы жағдай тудырады. Уланған ауа түнде өте баяу таралады, сайларда, самал тимейтін жерлерде, окоптарда, траншеяларда ұзақ тұрып қалуы мүмкін. Самал есуі ауадағы уландырғыш заттың концентрациясын едәуір азайтады, ал қатты желде жердегі уландырғыш заттың булануы күшейеді және осылайша топырақтағы уландырғыш зат жылдам буланады.

Жерлердің ерекшелігі, өсімдіктері де уландырғыш заттардың концентрациясына әсер етеді.

Уландырғыш заттар қолданылған жерде тұрғындардың 10—30% және одан көбі улануы күзетіледі. Уландырғыш зат бұлттары таралған жерлерде бұл көрсеткіш 8—12 % -ды байқалады.

Уландырғыш заттардың организмге түсу жолдары. Уландырғыш заттар организмге түрлі жолдармен – тыныс алу жолдары, асқазан, тері, тегіс перделер және жарақаттардан өтуі мүмкін.

Уландырғыш заттар қолдану әдісіне, олардың физикалық және химиялық, токсикологиялық қасиеттеріне қарап әсер етеді. Бұл заттардың кейбіреулері тыныс алу жолдары арқылы түссе, кейбіреулері басқа жолдармен организмге түседі.

Уландырғыш заттар көбінесе бу және аэрозол түрінде тыныс алу жолдарына түседі. Ауа жолдарына түскен уландырғыш зат тегіс перделерде тоқтап қалуы нәтижесінде аздап өпке алвеолалары арқылы қанға сорылады. Егер өпке алвеолалары жайып қойылса, уландырғыш заттар 90—100 м² ауданға таралады, Соның үшін олар тыныс арқылы улану клиникасында бірінші орынды иелейді, яғни улану клиникасы тез дамиды.

Уландырғыш заттармен тыныс алу жолдары арқылы улану *ингалациялы улану* деп аталып, өте қауіпті есептеледі. Тыныс алу жолдарын уландырғыш заттардан сақтау үшін қорғаныс құралдарынан, противогаздардан пайдаланылады.

Уландырғыш заттардың организмге түсетін тағы бір ең қажетті жолы тері қабаты. Өтудің үш жолы белгілі: эпидермис арқылы, жүн фолликулалары мен май бездерінің шығаратын жолдары арқылы. Липидтерге жақсы еритін уландырғыш заттар (фосфорорганикалық уландырғыш заттар, иприт, луизит және басқалар) тері арқылы организмге тез сорылу қасиетіне ие. Адамның терісі қызарып терлеп тұрған жайтта уландырғыш заттардың сорылуы едәуір жеңілдейді.

Мұнан тыс, тері қабаты арқылы организмге түскен уландырғыш заттардың токсикалық әсер өтуі үшін уландырғыш заттардың қаншалықты тез сорылғыштығы мен суда ерушеңдігі де қажетті орын тұтады. Тері арқылы өткен уландырғыш заттар бауырға түспей, үлкен қан айналу шеңберіне түсуі мүмкін. Тері қабаттарын уландырғыш заттардан қорғау үшін арнайы қорғаныс құралдары қолданылады.

Уланудың алдын алу. Жаппай қырып-жою қаруын қолдану қаупі пайда болғанда яки қолданылғанда одан сақтанудың негізгі шаралары төмендегілерден тұрады:

– егер қауіп туралы сигнал көшеде жеткізілсе, әбігерге түспе. Қауіп қайсы тараптан келе жатқанын анықта. Егер де қауіпті аймақтан шығуға

мүмкіндік бермейтін тосқауылдар ұшыраса (қабырға, көл), айналадағы жақын ғимараттардың біріне жасырыну керек;

– егер қауіп туралы сигнал үйде болған уақытында жеткізілсе, терезе мен есіктерді жауып, жеке қорғаныс құралдарын істетуге даярлау қажет;

– егер қауіп туралы мәлімет жеткізілмеген болса, сен күмбірлеген дыбыс яки жарылу, өзіне тән иістерді сезген болсаң, олардан қорғануға әрекет жаса. Мұның екі негізгі әдісі бар: біріншісі – зақымданған аумақтан қауіпсіз жерге шығу; екіншісі – жақын ортадағы тұрғын үйлердің біріне жасырыну;

– зақымданған аймақ ондаған метрден жүздеген метрге дейін жайылуы мүмкін. Мұнан сондай қорытынды жасауға болады, егер адам сағатына 4—5 км жылдамдықпен әрекеттенсе, зақымданған аумақтан шығып кету үшін 10—15 минут жұмсалады.

Химиялық улану ошағында уландырғыш заттармен уланғанда адамдарға жедел түрде бірінші медициналық көмек көрсету керек.

Бірінші медициналық көмек әскери қызметшілердің жеке дәрі аптек-касы (АИ-2), жеке пакеттер (ИПП-8, ИПП-9, ИПП-10) көмегінде өзіне және өзара, сондай-ақ санитарлар мен санитарлық-нұсқаушылар тарапынан өткізіледі.

3.3. Биологиялық (бактериологиялық) қарулар мен ауру тарататын микробтар

Биологиялық (бактериологиялық) қарулар биологиялық құралдармен толтырылған оқ-дәрілер және оларды нысанаға алып бару (ату) құралдары.

Биологиялық (бактериологиялық) қаруларды істетуімен алып барылатын соғыстар *биологиялық (бактериологиялық) соғыстар* деп аталады. Биологиялық (бактериологиялық) қарудың әсерлеуші факторын бактериологиялық құралдар құрайды. Олар жауынгерлік жайтта істету үшін ажыратып алынған биологиялық агенттер болып, адам организміне түскенде қатты сырқаттануға алып келеді. Оларға ауру тарататын микробтар мен микроб токсиндері (кейбір микробтар өмір қызметі барысында пайда болатын улы заттар) кіреді.

Ауыл шаруашылығы егіс алқаптарын жою, сонымен қатар, мемлекет экономикалық деңгейін ізден шығару мақсатында жәндіктер, әсіресе, шегірткелер, колорадо қоңыздары және басқалар қолданылуы мүмкін. Микроорганизмдер, инфекциялы ауру тарататын микробтар биологиялық қасиеттері мен өлшемдеріне сәйкес төмендегі сыныптарға бөлінеді: бактериялар, вирустар, риккетсиялар, саңырауқұлақтар мен микроб токсиндері.

Бактериялар – бір жасушалы микроорганизмдер болып, микроскоп астында көрінеді, қарапайым бөліну жолымен көбейеді. Олар күн нұрларынан, залалсыздандыратын заттар әсерінен және жоғары ауадан тез жойылады. Төмен температураға сезімтал емес, мұздауға да шыдайды. Кейбір бактериялар ыңғайсыз жағдайдан сақтану үшін қорғаныс қабатын пайда етеді яки спораларға оралады. Бактериялар оба, туларемия, сібір күйдіргісі, мыңқылдақ, мелиоидоз сияқты ауруларды келтіріп шығарады.

Вирустар – ең кіші бактериялардан да өлшеміне сәйкес 100 есе кіші микроорганизмдер. Бактериялардан ерекше түрде вирустар тек тірі тоқыма жасушалары ішінде дамиды және жасуша паразиті есептеледі. Вирустар қауіпті және ауыр аурулар – табиғи шешек, сары безгек, геморрагикалық безгек ауруын келтіріп шығарады.

Риккерциоздар – вирустар мен бактериялар арасында орналасқан микроорганизмдер тобынан болып, сыртқы көрінісі мен өлшемдеріне сәйкес бактерияларға жақын тұрады. Оларды вирустарға жақындататын ерекшелігі жасушадағы паразиттік. Олардың кейбіреулері құрғақшылық пен суыққа шыдамды. Риккерциоздар таспалы сүзек ауруын келтіріп шығарады.

Саңырауқұлақтар – бактериялардан күрделі түзілуі мен көбеюімен ерекшеленеді. Саңырауқұлақ споралары құрғап қалуға және күн нұрларына, залалсыздандыратын заттардың әсеріне шыдамды.

Микроб токсиндері – кейбір бактериялар тірі уақытында ажыратып шығарған жоғары улы заттар.

Бактериологиялық қарудан қорғану құралдарына төмендегілер кіреді:

– жеке аптечка. Оның құрамына: шприц-тюбиктегі ауру қалдыратын құрал; фосфорорганикалық заттармен улануға қарсы дәрі; радиацияға қарсы дәрілер; бактерияға қарсы құралдар; көңіл айнуына қарсы құрал;

– химияға қарсы жеке пакет. Бактериологиялық (биологиялық) құралдармен зақымданғанда тері қабаттары залалсыздандырылады.

3.4. Заманауи қарапайым қырып-жою қарулары

Заманауи қарапайым қырып-жою қарулары жеке яки жаппай қырып-жою қаруларымен бірге дұшпан тұрғындары мен техникасын жарақаттау, объектілерді бұзу яки жойып жіберу мақсатында қолданылуы мүмкін.

Қарапайым шабуыл құралдарына ыдырайтын, фугас, кумулятивті, бетон бұзатын, жандыратын жарақтар, көлемдік жарылу қарулары кіреді.

Ыдырайтын жарақтар негізінен адамдарға жарақат жеткізу үшін арналған болып, олардың ішінде ең қауіпсіз шарикті бомбалар есептеледі. Шарикті бомбалар самолеттерден кассеталар көмегінде тасталады. Әрбір кассетада 100-ден көп бомбалар болады. Мұндай кассета жер үстінде ашылып, бомбалар әртарапқа атылып шығады. Әрбір бомбалар бөлшектерінің зиян жеткізу радиусы 15 метрге тең.

Фугастар негізінен өнеркәсіп, тұрғын үй және әкімшілік ғимараттар, темір жолдарды бұзу, техника мен адамдарға жарақат жеткізу, кумулятивті жарақтар қорғалған нысаналарды жою үшін көзделген.

Жандыратын жарақтар адамдарды жарақаттау, ғимарат пен істеп шығару нысандарын, тұрғындар жасайтын тұрғын үйлер, қамбалар, транспорт құралдарын жандыру және жою үшін арналған. Жандыратын жарақтар 4 түрлі болады: напалмді, пирогель, термитті, фосфорлы.

Көлемдік жарылу қаруы қолданылғанда ауада қоспаның 15 метр радиус және 2—3 метр қалыңдықтағы жанармай-ауа қоспасының шар сияқты бұлтты пайда болады. Бұл бұлт детонатордың көмегінде жарылдырады. Ол қуаты тұрғысынан ядролық қаруға жақын.

Қарапайым қырып-жою құралдары: жарылғыш заттардың энергиясынан пайдалануға негізделген (фугасты, осколкалы, осколка-фугасты); жылулық энергиясынан пайдалануға негізделген (жандыратын қоспа – напалм, металдастырылған жандыратын қоспа – термит, электрон); өлімге алып келмейтін (агитация, графитті, кесетін, психотроп, пластикалық оқтар) болады.

Барша қару-жарақтар 2 топқа бөлінеді: басқарылатын және басқарылмайтын.

Бұл түрдегі қарулардың өзіне тән ерекшеліктері:

Көлемді жарылу (вакуум) қару-жарақтары (газ, сұйықтық пен басқ.):

– жарылғанда – газ герметикалық болмаған фаза (өлшем) бойлап бір мезетте таралады және баяулап (0,1 секундқа дейін) жарылады;

– ішкі фазада – өте төмен қысым (вакуум), сыртқы фазада – шектен артық қысым пайда болады;

– қуаты қарапайым оқ-дәрі қарағанда 4—6 есе үлкен.

Түйіршіктер, инелі қару-жарақтар шар сияқты яки инелер оқ-дәрінің ішінде (бірнеше миллиграмнан бірнеше грамға дейін) жайғасады.

Заманауи қарапайым қырып-жою қарулары белгіленген жерге ракеталар, әуеден, артиллерия, зеңбірек қаруы яки адам тарапынан жеткізіп берілуі мүмкін.

Заманауи қарапайым қырып-жою қаруларынан қорғану шараларға: тұрғындарды төтенше жағдайлардан қорғануға даярлау (заманауи қырып-жою қаруларын білу; олардан қорғана алу, бірінші медициналық көмекті көрсете алу); өз уақытында және дұрыс хабар беру; қорғаныс құралдарынан (топтық және жеке, тізімдегі және қол астындағы) шеберлікпен пайдалану; арнайы шаралар (әкімшілік, медициналық-әкімшілік, эпидемияға қарсы, профилактикалық, санитарлық-гигиеналық, емдеу-эвакуация) өткізу; эвакуация (алдыннан өткізілетін, аздап және толық); авария-құтқару және басқа кешіктіріп болмайтын жұмыстарды өткізу кіреді.

Заманауи қырып-жою қаруларынан қорғануды ұйымдастыруда дұшпан тарапынан ол яки бұл қаруды қолдану мүмкіндігін анық білу қажет.

Әрбір зақымдаушы қарудан қорғануда мақсатқа сай келетін әдіс, құрал мен қорғану бойынша әрекеттерді іздеп табу керек. Мұның үшін әрі тізімдегі, әрі қол астындағы қорғаныс құралдарынан пайдалану қажет. Тұрғындарды қорғауда бірінші медициналық көмектің өз уақытында және дұрыс көрсетілуі әсіресе қажетті маңызға ие.

Бақылау сұрақтары

1. Ядро қаруының әсері неге негізделеді?
2. Жарылудың қандай түрлері бар?
3. Өтетін (сінетін) радиация нелерден құралған?
4. Химиялық қаруларға мысалдар келтір. Олар нелердің көмегінде істетіледі?
5. Уландырғыш заттардың зиян жеткізуіне қайсы жағдайлар байыпты әсер көрсетеді?
6. Заманауи қарапайым қырып-жою қаруларынан қорғану шараларға нелер кіреді?

4-тарау. ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ОРЫН АЛҒАНДА ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚОРҒАУДЫҢ НЕГІЗГІ ШАРАЛАРЫ

4.1. Төтенше жағдайларда хабар берудің дара жүйесі

Республика, облыс, қала байланыс жүйесінің негізін басқару пунктерінің байланыс тармақтары құрайды.

Басқару пунктерінің байланыс тармағы – бұл басқаруды қамтамасыз ету үшін істетілген байланыс күштері мен құралдарының ұйымдасқан-техникалық бірлестігі.

Азаматтық қорғаныс жүйесінде телевидение, радио, радиореле, ұялы байланыс құралдары, сымды және сигнал беретін байланыс құралдары істетіледі.



8-сурет. Төтенше жағдай орын алғанда хабар беру құралдары мен әдістері.



9-сурет. Қазіргі күнде пайдаланып жатқан мобиль, стационар және қол радиостанциялар.

Төтенше жағдай орын алған жерден алынған ақпаратта кім хабар беріп жатқаны, қайсы аймақтан хабар беріліп жатқаны, дәл сол кездегі жағдай, тағы қандай қауіп орын алу мүмкіндігі, қандай шаралар өткізілгені мен көмек беру түрі анықтастырылады.

Егер хабар сирена арқылы берілсе, тұрғындар сиренаны есітіп, жоспар бойынша әрекеттене бастайды.

Хабар беру жүйесі локалды және орталықтанған болады. *Хабар берудің локалды жүйесі* апақты субасумүмкіндігі бар аймақтарда, атом энергетикасы объекттерінде, химиялық қауіпті объекттер орналасқан аймақтарда



10-сурет. Заманауи мобилъді автомобильдерде орнатылған байланыс құралдары.



C-40



C-28

11-сурет. Заманауи электрлендірілген сиреналар.

тұрғындарды шұғыл түрде хабарлар ету мақсатында ұйымдастырылады. Тұрғындарға өз уақытында хабар беру өте қажетті. Локалды жүйелердің негізгі артықшылығы жылдамдық.

Хабар берудің орталықтанған жүйесі:

— қалаларда, аудандарда, объектер мен ауылды жерлерде, ірі тұрғындар пункттерінде орталықтанған және орталықтанбаған тәрізде «Диққат, барчага!» сигналын беру;

– жергілікті радиоесітіру станцияларында сымды есітіру тармақтары арқылы тұрғындарға ауызша хабар беру;

– телевидение арқылы хабар беру;

– сигналмен ақпаратты республика, облыс, қала, аудан, министрлік және басқармалардың басқару пункттеріне, қала, аудан ішкі істер бөлімдеріне жеткізу;

– лауазымды тұлғаларға үй және қызмет телефондарынан тұрғышықты хабар беру арқылы өткізіледі.

Азаматтық қорғаныс хабар беру сигналын экономика объектітері жұмысшы-қызметшілеріне, ТЖМЖ құрылымдарына және республика тұрғындарына жеткізуді қамтамасыз етуі керек.

Хабар беру жүйесінің негізгі міндеттері

Байланыс пен хабар беруді ұйымдастыру үшін азаматтық қорғанысы бастықтары жауапты. Байланыс және хабар беру жүйесінің негізгі міндеттері:

– сигналдарды өз уақытында беру және қабылдау, ТЖМЖ режимдерін орнату туралы үкімхат жіберу;

– ТЖМЖ басқару органдары арасында төменнен жоғарыға және жоғарыдан төменге ақпарат алмастырудың сенімді болуын қамтамасыз ету.

Республика дәрежесінде хабар беру жүйесінің міндеттері:

– республика орталықтандырылған хабар беру жүйесін, сондай-ақ ақпаратпен қамтамасыз ету және басқалардың автоматтандырылған жүйесін жарату және оны тұрғышықты дайын түрде сақтау;

– байланыс, радио, телевидение және басқа техника құралдарының мемлекет пен басқармалық каналдарынан басқару және ақпаратты беру үшін орталықтандырылған жайтта пайдалануды қамтамасыз ету;

– химиялық және басқа қауіп-қатер күшті объектілерде және оларға көрші аймақтарда хабар беру және ақпарат берудің жергілікті жүйесін, сондай-ақ су қоймасының гидротехникалық ғимараттарында сигнализация және хабар берудің жергілікті автоматтандырылған жүйелерін жобалау және жаратуды бақылау жасау;

– жүзеге асқан төтенше жағдайлар, олардың даму көлемдері мен болуы, мүмкін болған салдары мен төтенше жағдайларды жоюға тиісті қабылданып жатқан шаралар туралы ақпараттардың жиналуын және алмастыруын әрі хабар беруді қамтамасыз ету және бақылау жасау.

Жергілікті деңгейде хабар беру жүйесінің міндеттері:

– облыс ішкі байланыс пен хабар беру жүйелері, сондай-ақ басқару және ақпаратпен қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін құру мен тұрғышықты дайын түрде сақтау;

– басқару және ақпаратты беру үшін байланыс, радио, телевидение және басқа техникалық заттардың мемлекет, облыс пен басқармалық каналдарынан орталықтандырылған жайтта пайдалануды қамтамасыз ету;

– мүдделі министрлік және мекемелермен бірге химиялық және басқа күшті қауіпті объекттер, оларға көрші аймақтарда хабар беру және оларды берудің жергілікті жүйелерін, сондай-ақ су қоймаларының гидротехникалық ғимараттарында сигнализация мен хабар берудің автоматтық жүйелерін жарату.

Объект дәрежесінде хабар беру жүйесінің міндеттері:

– химиялық және басқа қауіпті объекттерде хабар беру мен ақпарат берудің жергілікті жүйелерін, сондай-ақ гидротехникалық ғимараттарда сигнализация мен хабар берудің жергілікті автоматтық жүйелерін жарату жұмыстарын ұйымдастыру;

– хабар беру, ақпарат жинауды қамтамасыз ету мен бақылау жасау, жүзеге асқан төтенше жағдай, оның даму көлемдері және кешуі, жеткізілуі мүмкін болған салдары, төтенше жағдайды жою үшін көріліп жатқан шаралар және қажетті көмек туралы жоғары органдарға мәлімет беру.

Өзбекстан Республикасының барша басқармаларында хабар беру және ақпарат беру жүйесінің тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау бойынша міндеттері:

– азамат қорғанысы шараларын өткізу барысында байланыс жүйелерінің сенімді және тұрақты істеуін қамтамасыз етуді ұйымдастыру және жүзеге асыру;

– басқармалық потенциал қауіпті объекттерде сигнализация және хабар берудің жергілікті автоматтандырылған жүйесін жарату;

– тұрғындарды төтенше жағдай қаупі төнгендігі мен орын алғандығы туралы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Хабар беру сигналдары мен олар бойынша тұрғындардың әрекеті

Тұрғындардың қорғанысы қайсыбір қауіп-қатерлердің төнгендігі яки жүзеге асқандығы туралы хабар беру және ақпарат таратуды өз уақытында жүзеге асырудан басталады.

Хабар беру келісіп алынған, алдыннан белгілеп қойылған және тұрғындарға анық түсінікті болған сигналдар (сирена дауысы, дауыс шығаратын бұйымдарды соғыс және т.б.) арқылы жүзеге асырылады.



12-сурет. Төтенше жағдай болған жерден хабар алу.

Қандай қауіп төнбесін, электр сиреналары іске түсіріледі. Олардың дауысына кәсіпорындардың гудоктары қосылады. Бұл азамат қорғанысының дара «Диққат, барчага!» сигналы болады.

Сирена даусы істеліген кезден телевизор, радиоприёмник, радиокернеулер істеліп қойылады, жергілікті үкімет органдары яки төтенше жағдайлар басқармалары жүзеге асқан қауіптің характері, көлемі, сондай-ақ мұндай жағдайда тұрғындардың әрекет жасау тәртібі туралы ұсыныстарды беруі керек.

Сенімді және тұрақты байланыс, сондай-ақ шынайы ақпарат тұрғындар қауіпсіздігін ұйымдастыру және төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары шынжырдағы негізгі буындардың бірі болады.

Хабар беру тиімді қорғаныс әдісі болып, оның орны шексіз. Бекерге ескертілген адам жартылай құтқарылған адам демейді.

4.2. Тыныс алу мүшелері мен теріні қорғау құралдары


Тыныс алу органдарын қорғау құралдарына фильтрлейтін газтүтқыш, респираторлар, тозаңға қарсы маталы маска, дәкелі маскалар кіреді. Тыныс алу мүшелерін ең сенімді қорғаныс ететін құрал газдан қорғайтын маска, себебі ол тыныс алу мүшелерін радиоактив, уландырғыш заттар мен бактериялы құралдардан қорғайды.

Газдан қорғану маскасының қорғау әсері тыныс алу мүшелері, бет пен көздерді сыртқы ортадан толық изоляция жасауға негізделген. Пайдалану үшін қолайлы және қарапайым маскалардың бірі ГП-5 газдан қорғану маскасы болады (13-сурет).

Бұл маска жеңіл болып, оның шлем-маскасы басты жақсы қорғайды. Шлем-маска таңдау үшін бас екі рет өлшеніп, нәтижесі бір-біріне қосылады. Нәтижелер жиындысы 92 см-ден кем болса, 0-өлшемді; 92—96 см болса, 1-өлшемді; 96—98 см болса, 2-өлшемді; 99—102,5 см болса, 3-өлшемді; 102,5 см-ден үлкен болса, 4-өлшемді шлем алу керек.

Істетілуіне қарай барша противогаздар фильтрлейтін және изоляциялайтын түрлерге бөлінеді. Олардың бір-бірінен айырмашылығы мынадай, яғни фильтрлейтін газтұтқыш тыныс алу органдары, көз және бет терісін изоляциялайтын газтұтқыш құрлық пен суда істеуге арналған.

Жағдайға қарап газдан қорғану маскасы әр түрлі жағдайларда асып жүреді. Егер дұшпанның тікелей шабуыл қаупі болмаса, газдан қорғану маскасы «Дала» жағдайында сол жаққа асып жүріледі. «Хаво хавфи» хабары яки «Газдан химояланиш ниқоблари тайёрлансин!» командасы



13-сурет. ГП-5 противогазы: 1 – маска; 2 – ауа тазалайтын құты; 3 – трикотаждан жасалған қап; 4 – тыныс алу түтігінің аузы; 5 – сөйлесу құрылғысы; 6 – тыныс шығару түтігі; 7 – обрұтатор; 8 – төбе; 9 – маңдай бауы; 10 – самай бауы; 11 – нек асты бауы; 12 – ұзайтып қысқартыратын бау; 13 – том.

берілгенде газдан қорғану маскасы «Дайын» жағдайына өткізілед. Мұнын үшін сөмке аздап алға сүріліп, оның жоғары қақпағы ашылып әрі кенебі алынып, белден өткізіледі және оның ұшы алға жартылай шеңберге байлап қойылады.

Радиоактив, химиялық және бактериологиялық уланғандық туралы ескертетін ақпараттар берілгенде «**Газдар!**» командасына сәйкес, сондай-ақ химиялық және бактериологиялық шабуылдың алғашқы белгілері пайда болғанда газдан қорғану маскасы «Жауынгерлік» жағдайына келтіріледі.

Газдан қорғану маскасы тез және дұрыс тағылуында белгілі тәртіпке мән берілуі: тыныс алмай тұрылуы, көздердің жұмылуы (немесе уланып қалуы мүмкін), бас киімі алынып, тізелер арасына сығылуы, сөмкеден маска алынып, оның бет-сүйек пен еңсе таспаларынан әр екі қолмен бас бармақтар ішкері жаққа болатындай етіп ұсталуы керек.

Масканың төменгі бөлімі иекке қойылып, қалған бөлімі бетке тартылуы, жан таспалары құлақтар арасына өткізілуі керек. Еңсе таспалардың бос ұштары, масканың шеттері бетке тығыз жабысатындай етіп тартылуы қажет. Содан кейін тез дем шығарып, тыныс алуды жалғастыру, көздерді ашып, бас киімді киіп алу қажет, тез дем шығарылғанда бет маска кию уақытында масканың астына кіріп қалған улы ауа шығып кетеді.

Газдан қорғану маскасы «**Газдан химояланиш ниқоблари ечилсин!**» командасы берілгеннен кейін ғана шешіледі. Тікелей улану қаупі өтіп кеткендігі туралы хабар берілгеннен кейін де газдан қорғану маскасы жетіспеушілігі мүмкін. Газдан қорғану маскасын шешу үшін оң қолмен бас киім көтеріліп, сол қолмен газдан қорғану маскасы құтысынан ұсталады және маска аздап төменге тартып алынады-да, бас киім киіледі. Шешілген газдан қорғану маскасы сөмкеге орналасады, мұнда маска таза шүберек яки қол орамалмен сүртіледі. Міне, содан кейін газдан қорғану маскасы «Дайын» яки «Дала» жағдайына өткізіледі.

Қатты суықта масканың резеңкесі қатып қалуы яки көзілдірік мұздауы мүмкін. Мұнда газдан қорғану маскасынан пайдалану қиындауы және істемей қалу қаупі бар. Мұндай оқиғаларға жол бермеу үшін маска пальто ішіне алып ысытылады. Егер газдан қорғану маскасы тағылған жағдайда болса, оның маскасы мен клапандар құтысын уақыт-уақытымен қолда ысытып тұру, тыныс шығару клапандарына үрлеп қою ұсынылады.

Суықтан ыстық бөлмеге кіргенде, газдан қорғану маскасы металл бөліктері терлемейінше 10—15 минут күтіп тұру және содан кейін газдан

қорғану маскасы құтысын, металл бөліктері мен масканы құрғақ дәке яки қол орамалмен сүрту және дем шығару клапандарына үрлеу керек. Біріктіру трубкасын да үрлеу қажет, егер трубка мұздап қалған болса, оны мұз бөліктерінен сақтықпен тазалау қажет.

Газдан қорғану маскасынан пайдалану уақытында оның кейбір бөліктері зақымдануы мүмкін. Мұндай жайтта газдан қорғану маскасын басқасына дереу алмастыру яки уланған жерден дереу шығып кету қажет. Табиғи, зақымданған газдан қорғану маскасынан белгілі уақыт пайдалануға тура келеді.

Масканың шеттері аздап жыртылған яки таспалардың бірі үзілген болса, зақымданған жерді бетке яки басқа алақанмен бекем сығылады. Егер масканың бет бөлімі жыртылған, біріктіру трубкасы тесілген яки үзілген, көзілдірік, дем шығару клапандары үлкендеу зақымданған болса, мұндай газдан қорғану маскасы құтысының көмейін ауызға ұстап, мұрынды бармақтармен сығып және көзді ашпай тұрып, құты арқылы тыныс алу қажет (мұнда ауыздан тыныс алу және ауыздан дем шығару қажет).


Егер газдан қорғану маскасы құтысының корпусы тесілген болса, оны лай, ылғал топырақ, нанның жұмсағы яки басқа соған ұқсас затпен сылақтап қою керек. Мүмкіндік болуымен, зақымданған құты басқасына алмастырылады.

Егер газдан қорғану маскасы болмаса, ол бұзылған болса, тыныс алу органдарын радиоактив тозаң мен бактериялы құралдардан қорғау үшін респираторлар, мақта-дәке, баулар, тозаңға қарсы тоқыма маскалар істетіледі. Бірақ олар улы заттардан сақтай алмайды. Кәсіпорын істеп шығару тозаңдарынан қорғану үшін әр түрдегі тозаңға қарсы респираторлардан пайдаланылады.

Кез келген маска жартылай маскадан және оған монтаж жасалған фильтрлейтін элементтен (фильтрлейтін респиратор құтысынан) тұрады.

Кейбір түрдегі маскаларда фильтр міндетін бет бөлігінің материалы өтейді. Олардың газдан қорғану маскаларынан ерекшелік тараптары мынадай, яғни олар тыныс алуға аз қарсылық етеді, жеңіл, түзілуі қарапайым және бағасы арзан болады. Маскалардың түзілуі қарапайым болғандығы үшін олардан пайдалану да ыңғайлы.

Тыныс алу органдарын улы заттардан қорғаудың ең қарапайым әдістерінің бірі мақта-дәке материалынан дайындалған, тозаңға қарсы тағылатын маска. Бұл маска радиоактив тозаңдар мен бактериялы аэрозолдардан қорғайды.



14-сурет. а – тозаңға қарсы мақта-шүберекті маска;
б – тозаңға қарсы материалдардан дайындалған маска.

Мақта-шүберекті бауды даярлау үшін 100×50 см өлшемдегі дәке материалы алынады, оған 1—2 см қалыңдықта мақта қойылады, дәкенің жағалаулары екі жағы қайрылып мақта оралады. Ақырғы ұзындық тарапынан 30—35 см өлшемде кесіледі. Мақта-дәкелі бау жақ, ауыз, мұрынды жабуы қажет. Көз жаққа тозаңға қарсы көзілдірік тағылады.


Тозандарға қарсы материалдардан дайындалған маска корпусы қадаудан құралған (корпус бөлімі 4—5 орамнан құралған материалдан дайындалады). Корпус, қадаулардан өлшем алынып шығылады. Корпус бөлігіне көз көрінісіне арналған тесіктер жасалып, оларға әйнек яки көру пластинкасы орнатылады. Маска басқа жабысып қадалу мақсатында, резеңке таспалары орнатылады. Масканың корпус бөлігін бас жақпен бірлестіру үшін көлденең резеңке таспа да орнатылады.

Теріні қорғау құралдары. Радиоактив, химиялық және бактериялы уланған жерлерде тыныс алу органдары мен көздері ғана емес, бәлкім бүкіл денені де қорғау қажет. Біз күнделікті өмірімізде пайдаланатын әдеттегі бас-киім уланудан сақтай алмайды. Мұның үшін теріні қорғайтын түрлі құралдар, дененің тері қабатына, бас-киім, аяқ-киімдерге радиоактив және уландырғыш заттар әрі бактериялы заттардың түсуінен сақтайтын құралдар істегіледі.

Теріні қорғау құралдары міндетіне қарай арнайы (табель) құралдар мен қолда бар құралдарға бөлінеді.

Қорғанудың табель құралдарынан азамат қорғанысы құрылымдарының жеке құрамы уланған жерде істеу уақытында пайдаланылады.


Табель құралдары қатарына қорғану комбинезоны (сымды келте камзол), L-1 жеңіл қорғану костюмі, қорғану етігі мен қолқабы, фартук кіреді. Бұл құралдар өнеркәсіпте пленка пайда ететін синтетикалық



15-сурет. L-1 жеңіл қорғаныс костюмі:

1 – шұлықтар мен сым; 2 – шлем асты киімі; 3 – капюшонды көйлек;
4 – екі бармақты қолқаптар; 5 – костюм сақталатын дорба.
Онда «Жауынгерлік» жағдайындағы қорғаныс костюмі.

заттар (тоқыманың 1 яки 2 жаққа сіндірілген каучук жасанды қарамайлар, ақуыз заттар, пластикалық массалар мен басқалар) дайындалады, бұлар ауаны мүлдем өткізбеуімен қатар, өзіне түскен улы зат тамшылары және жүктерінен жақсы қорғайды. Бүтін денені сыртқы ортадан изоляциялау үшін теріні қорғау құралдарынан комплекс тәрізде пайдаланылады (Мәселен, комбинезон, қорғану етігі және қолқабымен бірге киіледі). Қорғанудың табель құралдары *қорғану киімдері* деп аталады.



16-сурет: 1 – қорғаныс комплекті; 2 – L-1 жеңіл қорғаныс костюмі;
3 – қорғану комбинезоны; 4 – фильтрлейтін киім.

Қорғану комбинезоны (шалбарлы келте камзол) күшті уланған жерлерде істеуде, резеңке етік, қолқап пен қалпақпен (капуцен) бірге киіп алынады. Комбинезондар мен шалбарлы келте камзолдар резиналанған тоқымалардан дайындалады. Комбинезонның ауырлығы 3,5 кг, етік пен қолқаптармен біргеліктегі ауырлығы 6 кг-ға жақын.

Жеңіл қорғану костюмі резиналы оралымды тоқымадан дайындалады.

Бұл костюм қалпақшалы көйлек, шұлықты сым, екі бармақты қолқап және шлем астынан құралған. Комплектке костюмді салып жүру үшін сөмке мен қол қолқабы та кіреді.

Улану қаупі төнгендігі туралы ескертетін сигнал берілгеннен кейін, газдан қорғану маскасы тағылып, жаға көтеріледі, қалпақша (капюшон) және қолқап киіледі.

4.3. Тұрғындарды қорғаудың инженерлік құралдары (пана жерлер)

Тұрғындарды радиациядан қорғау үшін әр қилы ғимараттар бар. Қорғану ғимараттары тұрғындарды қорғайтын сенімді құрал. Бұл ғимараттар тұрғындарды түрлі төтенше жағдайлардан және бұқаралық қырып-жою қаруларының әсер ету факторларынан сақтайтын баспана есептеледі.

Қорғайтын ғимараттар қорғау қасиетіне қарай, пана және радиацияға қарсы пана жерлерге бөлінеді. Мұндай ғимараттар төмендегі ерекшеліктерден келіп шыққан жайтқа құрылады:


1. Бағытқа қарай – азаматтарды сақтауға, басқару жүйелерін жайғастыруға көзделген;

2. Орналасқан орнына қарай – жеке орналасқан (метрополитендер мен тау-кен құрылыстары);

3. Құрылыс мерзіміне қарай – баспана РСБ (радиациядан сақтайтын баспана) және қарапайым баспаналар.

Пана жерлер – бұл арнайы ғимарат болып, ол жасырынған адамдарды ядролық жарылудан, уландырғыш заттардан, бактериялды құралдардан, сондай-ақ жоғары температура, өрт кезінде улы газдардан қорғайды (17-суретте пана жер жоспары көрсетілген).

Баспаналар адамдарды қабылдау санына қарап бес топқа бөлінеді. Кіші өлшемдегі баспана 150—300 адамды, орташа баспана 360—600, ал үлкен баспана 600-ден көп адамды қабылдайды.



17-сурет. Пана жердің жоспары:

- 1 – ауа өткізбейтін қорғаныс есігі; 2 – шлюзді камера; 3 – санитар бөлмесі;
- 4 – адамдарды орналастыратын негізгі зал; 5 – авария кезінде шығу жолы;
- 6 – ауаны тазалап, желдету бөлмесі; 7 – азық-түлік сақталатын қойма;
- 8 – медицина бөлмесі.

Пана жерлер негізгі және көмекші ғимараттардан тұрады. Негізгі ғимаратта жасырынатындарды жайғастыру жері мен екі яки үш қабатты сөре бар.

Екінші көмекші ғимаратта санитария тармағы, ауаны тазалап алмастырып беретін камера мен сыйымдылығы үлкен ғимараттарда медицина бөлмесі, азық-түлік сақталатын қойма, артезиан құдық пен дизельді электр станциясы үшін бөлме бар.


Сақталатын жерде, ережеге сәйкес, кемінде екі кіріп-шығу есіктері, кіші пана жерлерде кіру және авария уақытында шығатын есіктер болады.

Апат болғанда, қосымша есіктерден сағымен яки солайша көшеге шығу мүмкін. Апат кезінде есіктерден жерасты жолдары арқылы шахтаға шығылады. Көп орынды (300-ден артық адам) ғимараттарда құрылатын есіктердің біреуіне шлюзді ауыз үй, зақымданған ауадан қорғайтын сыртқы және ішкі самал кірмейтін есіктермен жабдықталады.

Ауа тазалау жүйесі ауаны пандардан тазалайтын және ауаны тазалап алмастыратын тәртіпте істейді.

Пана жердің энергия, су жылыту, канализация тармақтары сыртқы тармаққа қосылған. Олар зақымдалғанда пана жерлер көшірме электр фонарлар, су қорлары, қоқыстар үшін ыдыстармен қамтамасыз етілген.


Бұлардан тыс, тексеру және бақылау ғимараты, қорғаныс киімдері, өртті өшіретін құрылғы дайын түрде сақталады.



18-сурет. Ғимарат астында орналасқан пана жер.

Тұрғындар пана жерлерге жайғасқанда ол жерде төмендегілерге тыйым салынады:

- уландырғыш заттардың дағы, іздері бар киімдермен кіру;
- радиоактивті улану орын алғанда уланған киіммен кіру;
- аяқ-киімдегі тозаң мен лай, қармен кіру;
- шегу, топалаң жасау;
- рұқсатсыз керосинді лампаларды жағу;
- шам, тез жанатын заттардан пайдалану;
- хайуандарды алып кіру;
- жас балалы аналар, науқастар жеке ажыратылған жерлерге жайғастырылады.



19-сурет. Жеке орналасқан пана жер.

4.4. Радиациядан жасырыну жерлері, жертөле мен басқа жерлерді қорғаныс ғимараттарына бейімделу


Түрлі радиация және басқа осы сияқты апаттардан тұрғындарды қорғау үшін бар ғимарат-баспаналардың құрылысына төмендегі талаптар қойылады:

- 1) адамдарды үш тәуліктен кем болмаған мерзімге сақтау;
- 2) су баспайтын жерлерге құру;
- 3) ақаба сулардан, канализация коммуникацияларынан және құрылыс коммуникацияларынан ұзақтау жерлерде құру;
- 4) шығу және кіру есіктерінің болуы.

Радиациядан жасырыну жерлерін, жертөле және басқа жерлерді толтыру тәртібі алдыннан істеп шығылады және бекітілген жоспар бойынша жүзеге асырылады. Әрбір жағдайда үрейге түспей, көрсетілген жерге барып, жайласып, белгіленген ереже бойынша әрекеттену қажет.

Радиацияға қарсы пана жерлер радиоактив (ластану) улануында адамдарды ион пайда ететін нұрланудан қорғайды. Мұнан тыс, толқын соққысы, жарықтық нұрлары, өтіп кіретін радиация, нейтрон ағымы, тері мен киімге радиоактив заттардың түсуі, улы заттар, бактериялы құралдардан қорғайды. Көп қабатты ғимараттардың жертөлелерінде радиациядан сақтану үшін орын дайындаса болады.

Қорғайтын пана жерлерді даярлауда құрамалы темір-бетон құралдары, кірпіш, ағаш материалдар, тастан пайдалануға болады.




20-сурет. Радиацияға қарсы пана жер.

Радиациядан сақтануда қабырғалары қорғау қасиетіне ие болған жертелелер, дала өнімдері сақталатын қоймалар, жер үстіндегі ғимараттардан пайдаланылады. Барша есік, терезелер бекемделеді, есіктер киіз яки жұмсақ матамен тығыз етіп жабылады. Пана жерге (30 адамға арналған болса) табиғи ауаның ағымымен желдеткіш пен соратын құты қойылады.


Соратын құты желдеткіштен 1,5—2 м жоғарыға қойылады.

Сыртқы ауа шығаратын құтыға қақпақ істеледі. Кіру жеріне қақпақ жасалады. Пана жерлерде су мен канализация болмаса, бір түн мен күндізге әрбір адам үшін 3—4 литр су, ажетхана, қоқыс төгілетін шұқыр, сөре, азық-түлік үшін сөре мүмкіндіктері жаратылады. Ағаштан тіктелген үйлер радиация коэффициентін шамамен 100, тастан істелген үйлер 800, жиназдалмаған жертеле 7—12, жабдықталған жертеле 350—400 есе азайтады.



21-сурет. Жертөле.

Жабық саңылау жарықтық нұрларынан толық, толқын соққысынан 2,5—3 есе, өтіп кіретін радиация мен радиоактив нұрланудан 200—300 есе қорғайды. Ол тері мен киімге радиоактив, уландырғыш зат пен бактериялы құралдардың түсуінен сақтайды. Ол ашық жерде үстіне ешнәрсе құламайтын, жаңбыр суы, су баспайтын жерде құрылады. Алдын ашық түрде дайындалады. Ол жылан ізі жолақ сияқты тік сызықты 15 метрден артық болмаған бірнеше (бөлек) бөліктерден құралған. Тереңдігі 1,8—2 м, жоғары бөлігінің кеңдігі 1—1,2 м, түбі 0,8 м. Саңылау ұзындығы әрбір адамға 0,5—0,6 м есебінде анықталады.



22-сурет. Ашық (а) және жабық (б) пана жер.

Қарапайым түрдегі пана жерлер. Қарапайым түрдегі баспана яки пана жерлерге жертөлелер кіреді. Олар құрылыс конструкциясына қарай, қарапайым қорғаныс құрылыстарына кіреді. Себебі оларды құру үшін қысқа уақыт жұмсалады.

Қарапайым пана жерлер ашық және жабық көріністе болады (22-сурет).

Саңылауларды (тесікер) тұрғындар қолында бар құралдармен дайындайды. Ашық саңылау толқынның соққысын 1,5—2 есе, жарықтық нұрлары мен өтетін радиацияны 1,5—2 есе, радиоактив зақымданған аумақта нұрлану дәрежесін 2—3 есе азайтады.

Радиоактив ластанған жерде қандай әрекет жасау қажет?

Организмге радиоактив заттар әсерінің алдын алу яки әсерін азайту үшін:

- ғимараттан тек қана қажеттілік туғанда, қысқа уақытқа, респиратор, плащ пен резеңке етік киген түрде шық;

- ашық жерде шешінбе, жерге отырма және шекпе, ашық су бассейндерінен шомылудан және жемістер теруден сақтан;

- үйіңнің айналасындағы аумаққа уақыт-уақытымен су шашып тұр, ғимараттың ішін жуу құралдарымен әр күні тазала;

- ғимаратқа кіруден алдын аяқ киіміңді жу, үстіңгі киіміңді қағып, суланған шеткамен тазала;

- суды тек тексерілген жерлерден алып іш, дүкендерден алынған азық-түлік өнімдерін пайдалан;

- тамақтанудан алдын қолдарыңды жақсылап жуу және аузыңды 0,5%-ды ішімдік содасымен шай.

Бұл ұсыныстарға мән беру нұрлану ауруының алдын алуға көмек береді.

4.5. Төтенше жағдайларда хайуан мен ауыл шаруашылығы өсімдіктерін қорғау

Төтенше жағдайларда ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен хайуандарды қорғау қажетті маңызға ие.

Қазіргі күнде ауыл шаруашылығы өнімдері, жемшөпке зиян келтіретін көптеген аурулар бар. Мұнан тыс, ауыл шаруашылығы өнімдері улы және радиоактив заттармен де залалдануы мүмкін. Мұндай қауіпті факторлар өнімдердің өсу процесіне және ұзақ мерзім барысында сақтану жағдайына кері әсер етеді.

Өсімдіктер арасында аурулардың кең таралуы нәтижесінде келіп шығатын жағдайларға *эпифитотикалық төтенше жағдайлар* делінеді.

Осы сияқты аурулар хайуандар арасында да таралуы мүмкін. Хайуандар аурулар, зақымданулар, радиоактив заттардың әсерінде де уланады.

Хайуандар арасында аурулардың кең таралуы нәтижесінде келіп шығатын жағдайларға *эпизоотикалық төтенше жағдайлар* делінеді.

Эпифитотия мен эпизоотияның панфитотия және панзоотия түрлері де бар болып, мұнда өсімдік яки хайуандар ауруларының бірнеше мемлекет яки өңір аймағына таралып кетуі түсініледі.

Аймақ радиоактив заттармен зақымданғанда бұл аймақта жасайтын адам мен хайуандарға үлкен зиян тигізеді. Улану жолдары неден пайда болады? Алдымен, күнделікті радиоактив заттармен жұмыс алып барып жатқан басқарма және лабораторияларда қауіпті жағдай орын алуы мүмкін. Қауіпті жағдай қашанда бұл жерлерде түрлі себептерге қарай радиоактив заттар сыртқа шығып кетуіне жағдай туғанда орын алады. Мәселен, атом электрстанцияларында қауіпсіздік шараларын сақтамаса, өз уақытында профилактика жұмыстары алып барылмаса, жұмысшы және басшы қызметшілер белгіленген ережелерді өз уақытында орындамаса және т.б.

Радиоактив заттар сыртқа шығып кеткеннен кейін айналадағы аймақ уланады, адам, тірі хайуандар, құстар, үй құстары және т.б. ақырын уланып, нұрлану ауруына шалдығады.

Соған ұқсас жағдай 1986 жылы Украинада болған. Атом станциясындағы жарылу нәтижесінде айналадағы аумақ уланған, ол жерде жасап жатқан тұрғындар эвакуация жасалып, басқа аймақтарға көшірілген. Оқиға орын алғаннан кейін біраз жылға дейін бұл аумақта дезактивация, дегазация және арнайы тазалау жұмыстары алып барылған. Қазіргі күнде мұндай жұмыстар жалғастырылып, адамдар жасау үшін қажетті жағдай жарату жұмыстары жүргізілуде.

Төтенше жағдай болмауы үшін барша өз міндетін пын жүректен орындауы шарт. Жағдай орын алғанда тұрғындар не істеуі және қалай әрекеттенуін алдыннан үйрету және эвакуация тәртіп-ережелерін бекітілген жоспар бойынша орындау қажет. Бұл сияқты жағдайдың болуына жол бермеу әрбір адамның міндеті болады.

Кең таралуы мүмкін болған аурулардың бірі *құс грипі*. Бұл, әсіресе, адам мен үй тауықтары үшін өте қауіпті ауру болып, өлімге алып келуі мүмкін.

Вирустың табиғи көзі суда жүзетін жабайы құстар. Вирус таситындар жабайы құстар мен егеуқұйрықтар есептеледі.

Құстардың залалдануы су мен азық арқылы болады, себебі құстарда вирус нәжіспен бірге сыртқа шығады.

Адамға вирус құстардың еті, ішек-шабағы, қауырсындары, тұқымы, нәжісі, соң лас қолдар, тамақ, су яки тозаңмен бірге ауыз яки мұрынға кіруі мүмкін.

Құс грипінен қорғану шараларына төмендегілер кіреді:

- құстарды жабық жағдайда күтім жасауға өткіз (олардың жабайы құстарға қосылуына жол берме);

- жабайы құстар (қарғалар, қаражалақтар, шымшықтар) құсбөлмелер ішіне кіріп кетуі және олардың азықтарына жақындасуға мүмкіндік бермеу үшін барша бар жолдарды жауып таста;

- егеуқұйрықтарды жой;

- құстардың нәжісін жер астына кемінде 0,5 метр тереңдікке көм;

- жинастыру жұмыстарын дәкелі маска яки респиратор тағып, қолқап, бас киімін киіп яки орамал орап, жұмысшы киім мен аяқ-киімде орында;

- жинастыру жұмыстары аяқталғаннан кейін жұмысшы киім мен аяқ-киімді сабынмен жу, күн нұрлары астында құрғат, қолдарың мен бетінді тазалап жу яки шомыл.

Жадында сақта, құс грипі жағдайлары үй құстарының арасында болған жағдайда, инфекция одан әрі кең таралып кетуін тоқтату және адамдар зақымдануының алдын алудың дара әдісі бүкіл тұрғындар жасайтын жерде бар болған барша вакцинамен емделмеген құстарды бүтіндей жоюдан тұрады.

Балалар, қариялар, жүкті әйелдер мен иммунитеті әлсіз адамдарды қорғау үшін оларды қарапайым гриппке қарсы вакцинамен емдеу керек. Вакцина грипптен қорғайды және құс грипінің ауыр формаларының пайда болу қаупін азайтады.

Жүп тұяқты жабайы және үй хайуандарының қауіпті, өткір кешетін вирусты ауруларының бірі ақуыз (орысша ящур). Ауруға қарамал мен тоңыздар жоғары дәрежеде қой, ешкі мен жабайы жүп тұяқты хайуандар аздау бейім.

Тарихи мәліметтерге сәйкес, ақуыз ауруы туралы 1546 жылда италян ғалымы Ж.Фракасторо мәлімет берген, оның филтрленетін вирус екендігін 1898 жылда неміс ғалымдары Леффер мен Фрош анықтаған.

Ақуыз жануарлардың шекара білмес аурулары арасында ең көп кездесетін және үлкен экономикалық әрі әлеуметтік залалдар келтіретін жұқпалы ауру есептеледі. Ауру әр түрлі географиялық өңір мен ауа-райына қарамай, қысқа мерзімде ұзақ қашықтықтарға тез таралу қасиетіне ие.

Хайуандарда аурудың клиникалық белгілері мұрын, ауыз қуысының жатықперделерінде, тілде, тұйық аралығы және желімде көбіршіктер пайда болуы, соң олар жарылып эрозияларға айналуымен көрініс табады.

Ақуыз ауруы таралған аймақтарда бар жас хайуандардың 60—80%-ға дейінгілері өледі.

Ақуыз төмендегі жағдайларда өте тез және кең таралуы мүмкін:

– ауру яки аурудан айыққан, бірақ вирус таситын болып қалған хайуандар сау малдармен бірге бағылса, ауру таралмаған жерлер, ет комбинаттары, хайуан базарлары мен көрмелеріне кірітілсе;

– вируспен зақымдалған сүт яки майсыздандырылған сүт жас малдарға берілсе;

– сау болмаған аймақтағы жайылымдарда сау малдар бағылса яки олардағы су бұлақтары мен ғимараттарынан пайдаланылса;

– сау болмаған аймақтан жемшөп және басқа ауыл шаруашылығы өнімдері яки ауруға бейім болмаған ат, есек, қаңғырған ит, мысық және т.б.-лар сау (таза) аймақтарға кіріп келсе;

– биологиялық қауіпсіздік шараларына мән берілмегенде, ветеринария мамандары өз киімдері мен қаруларын дезинфекция жасамағанда.

Ақуыз ауруының алдын алу үшін хайуандарды жаппай және мәжбүрлі емдеу, ветеринария-санитария шараларын өз уақытында өткізу, биологиялық қауіпсіздік шараларын сақтау, шаруа тауарлары мен өнімдерінің әрекеті үстінен тұрғылықты бақылау жүргізу сияқты кешені шараларды жүзеге асыру талап етіледі.

Ауыл шаруашылығы өнімдері, жемшөп пен суды зақымданулардан қорғау үшін бақылау жұмыстары алып барылады. Жоспарланған тәртіп



23-сурет. Арнайы қызметкерлер тарапынан профилактика жұмыстарын жүргізу процесі.

бойынша арнайы құралдармен хайуандарға берілетін су тазалығы мен жайылымдардағы өсімдіктердің жағдайы тексеріледі. Жоспар бойынша дезинфекция жұмыстары алып барылады.

Мәселен, әуе кемелері аэродромнан әуеге көтеріліп жатқанда олардан ажыралып жатқан жанармай заттары жерге түсіп, айналаны уландырады, өсімдіктерге зиян келтіреді. Жемшөп пен су арқылы хайуандардың ішіне кірген улы заттар ауруға алып келеді.

Эпифитотикалық төтенше жағдайларда ауыл шаруашылығы егіндерінің жаппай қырылуы, өнімділіктің төмендеуімен кешетін жаппай ауру және өсімдік зиянкестері санының күрт көбеюі күзетіледі. Мұндай ауру және зиянкестерге төмендегілерді мысал етіп келтіруге болады.

Картоп фитофторозы. Картоп фитофторозы залалды ауру есептеледі. Мұнда түйнектер пайда болу кезінде кешеттердің бейуақыт жойылуы және жаппай шіріп кетуінен өнім мөлшері азаяды. Гүлдеу кезінде бұталарда тоқ кара-қоңыр яки күлгін сияқты майлы дақтар пайда болады. Өнімділік 15—20% -ға дейін азаяды.

Колорадо қоңызы. Бұл зиянкестің өлшемі 9—11 мм-ге дейін жетуі мүмкін. Көктемде топырақ астынан шығады. Ұрғашы жылтыр, сарғалдақ созылыңқы-сопақтау, ұзындығы 2—4 мм-лі тұқым қояды. Тұқымдарды картоп жапырағының арт жағына 18—20-дан бірлестіріп қояды. Құрт-құмырсқаның көбелектері 24 күн дамиды (24-сурет).

Бір жыл барысында біреуден төртеуге дейін ұрпақ қалдырады. Нәтижеде өнімділік күрт азайып кетеді.

Шегіртке. Орталық Азия республикаларында шегірткенің 380 түрі бар, ал өлкемізде 200-ден көбірек түрі анықталған. Ол екі экологиялық топқа ажыратылған. Тобыр пайда ететін шегірткелер дамуы үшін қолайлы жағдай




24-сурет. Колорадо қоңызының дамуы.

болған жылдары ірі тобырлар пайда болады және өте үлкен зиян келтіреді. Бұларға Азия яки тоғай шегірткесі (25-сурет, *a*), Марокко шегірткесі, оазис яки Италия шегірткесі (25-сурет, *б*) және басқалар мысал болады.

Залалды шегірткелерге қарсы күресте қазіргі күнде тек қана Өзбекстанда, бәлкім дүние деңгейінде де химиялық күрес әдісі қажетті есептеледі. Кейінгі жылдарда республикамызда бірнеше заманауи химиялық дәрілер сынақтан өткізіліп, істеп шығаруға ұсынылды.

Шегірткелерге қарсы күресте пиретроид және фосфорорганикалық препараттардың әсер ету мерзімі 3—5 күннен аспауынан кейбір жағдайларда қайта өңдеу беру қажеттілігі жүзеге асады. Әсіресе, оазис шегірткесінің тұқымнан шығуы мен кейінгі дамуы бірдей мерзімде болмайтындығын ескеретін болсақ, оған қарсы ұзақ мерзім әсер ететін препараттарды қолдану мақсатқа сәйкес.



25-сурет. Шегірткелердің түрлері мен даму процестері: Азия яки тоғай шегірткесі (*a*) және дала яки Италия шегірткесі (*б*).

4.6. Құтқару жұмыстарын ұйымдастыру, өткізу негіздері және алып бару әдістері. Құтқару істерінің мақсаты мен маңызы

Төтенше жағдай болғанда тұрғындар мен аймақтарға үлкен зиян келтіру мүмкіндігі бар. Мұндай жағдайлардың орын алуына төмендегі жағдайлар себеп болуы мүмкін: апаттар, тау көшкіндері, су, газ, өртпен байланысты жағдайлар және басқа техноген әрі табиғи жағдайлар.

Өзбекстан Республикасында 2008 жыл 26 желтоқсанда «Құтқару қызметі мен құтқарушы мақамы туралы» Заң қабылданған. Бұл заңның мақсаты құтқару қызметтері мен құтқару құрылымдарының құрылуы, қызметі мен аяқталуы саласындағы қатынастарды тәртіпке салудан тұрады. Онда құтқару саласына тиісті кейбір түсініктерге сипаттама беріп өтілген. Атап айтқанда:

– құтқарушы – белгілі бағдарлама бойынша құтқару жұмыстарына дайындалған және белгіленген тәртіпте аттестациядан өткен Өзбекстан Республикасы азаматы;

– құтқару құралдары – құтқару жұмыстарын алып баруға арналған арнайы техникалық, ғылыми-техникалық және интеллектуалды өнім, осы тұрғыдан арнайы байланыс пен басқару құралдары, техника, құрал-саймандар, құрал-жабдықтар, мал-мүлік, құтқару жұмыстарын орындау технологиясына тиісті әдістемелік материалдар, видеоматериалдар, фотоматериалдар, электрон құжаттар, сондай-ақ электрон-есептеу машиналары үшін бағдарламалық өнімдер мен мәліметтер базалары, басқа құралдар;

– құтқару жұмыстары – төтенше жағдайлар зонасында адамдардың өмірді сақтап қалу және денсаулығын сақтау, заңды және жеке тұлғалардың мүлкін, қоршаған табиғи ортаны қорғау, төтенше жағдайларды жою және оларға тән болған қауіпті факторлар әсерін жою яки мүмкіндігінше азайттыруға қаратылған әрекеттер;

– құтқару жүйесі – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жұмыстарын алып бару үшін көзделген, негізін арнайы техника, құрал-саймандар, қару-жарақтар және басқа құтқару құралдарымен жабдықталған құтқарушылар бөлімдері құрған тәуелсіз құрылым яки құтқару қызметі құрамына кіретін құрылым;

– құтқару қызметі – қызметі бойынша дара жүйесіне бірлестірілген, негізін кәсіби құтқару құрылымдары құраған, төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жоюға тиісті міндеттерді шешу үшін арналған басқару органдары, күштер мен құралдар жиынтығы.

Құтқару жұмыстарын ұйымдастыру алдыннан даярланып жоспарға енгізіледі. Әрбір жоспарда әртүрлі жағдайлар орын алуы ескеріліп алынады, себебі қауіпті жағдай адамдардың жасап жатқан аймағына байланысты. Соның үшін әрбір орын алған жағдайда құтқару жұмыстары өзіне тән әдістер бойынша ұйымдастырылады. Мәселен, таулы жерлерде зілзала, сел, тау және қар көшуі орын алуы мүмкін болған жағдайлар болады, өзен мен теңіз алды аймақтарда су тасқынының болу мүмкіндігі үлкен. Соның үшін құтқару істерінің негізгі мақсаты бұл жағдайларға байланысты. Бірақ жағдай қай жерде болуынан тыс адамдарды құтқару бірінші орында болуы қажет, содан кейін ғана аумақта байлықтарды құтқару жұмыстарын алып баруға болады. Соң эпидемияның пайда болуы және таралуына қарсы профилактика жұмыстары ұйымдастырылады.

Құтқару істерінің маңызы мен әдістері жұмыстар жүргізіліп жатқан жерге байланысты болады. Олар болған жағдайды дұрыс бағалау жағдайды жою үшін бар күш пен құралдардың бар екендігіне баға беру және оларды іске салу шараларының бірізділігін анықтаудан тұрады. Содан соң жағдай болған жерден тұрғындар мен байлықтарды алып шығу жоспары түзіледі. Бұл жұмыстарды ұйымдастыру үшін өте қысқа уақыт ажыратылады және жұмыстар күндіз-түн үздіксіз алып барылады.

Мұнда негізгі назар құтқару жұмыстарын жүзеге асыратын құтқарушыға, оның даярлығына қаратылады.

Жоғарыда айтып өтілген заңға сәйкес құтқарушылардың міндеттемелері белгіленген. Атап айтқанда, құтқарушылар:

- төтенше жағдайларды жою жұмыстарын алып баруда қатысуға дайын тұруы;

- өз дене дайындығы, арнайы, психикалық дайындығын, құтқару қызметтері мен құтқару құрамында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бойынша әрекет жасау дағдыларын жетілдіріп баруы;

- төтенше жағдайларды жою бойынша құтқару жұмыстарын алып бару технологиясын сақтау;

- төтенше жағдайлар жағдайында жәбірленгендерді іздеуі, оларды құтқару шараларын көруі, оларға бірінші медициналық көмек пен басқа түрдегі көмек көрсетуі;

- төтенше жағдайларды жою жұмыстарын жүргізу барысында құтқарушылар аталмыш жұмыстарды жүргізуде қайсы құтқару қызметтері мен құтқару құрылымдарының құрамында қатысып жатқан болса, сол құтқару қызметтері мен құтқару құрылымдарының басшылары тарапынан қабылданатын қаулыны сөзсіз орындауы;

– тетенше жағдайларға жол бермеу мақсатында азаматтарға қауіпсіз жүру-түру ережелерін және тетенше жағдайлар болған жайтта орындалатын әрекеттер тәртібін түсіндіруі шарт.

Құтқару жұмыстарын алып бару жағдайға байланысты болады және соған сәйкес алып барылады. Мәселен, таулы жерлерде жер көшкіні мен опырылулар орын алғанда тұрғындар авиация көмегінде эвакуация жасалады. Тұрғындар шұғыл қауіпсіз жерлерге алып шығылады және бірінші көмек көрсетіледі.

Мәселен, зілзала орын алғанда оның күші анықталып, құтқару жасақтары жедел көмек жұмыстарын бастайды.

Мұндай жағдайда ғимараттарға жеткізілетін зиян төмендегідей бағаланады:


1-дәрежелі зиян: жеңіл бұзылулар – ғимарат қабырғаларында жіңішке жарықтар пайда болады және сылақ көшеді;

2-дәрежелі зиян: орташа бұзылулар – қабырғаларда кіші жарықтар пайда болады, түтіндік бұзылады;

3-дәрежелі зиян: ғимараттар күшті бұзылады, қабырғаларда үлкен және терең жарықтар пайда болады, түтіндіктер толық қираған болады;

4-дәрежелі зиян: ғимарат пен құрылыстар ішкі қабырғалары толық қираған болады;

5-дәрежелі зиян: ғимарат пен құрылыстар толық қираған болады.



26-сурет. Табиғи тетенше жағдай салдарынан пайда болған жағдай.

1966 жылы Ташкент қаласында болған күшті зілзадан кейін құтқару жұмыстары жақсы ұйымдастырылғандығы және жедел орындалғаны үшін тұрғындарға қысқа уақыт ішінде барша қажетті көмек көрсетілген.

Қазіргі күнде үкіметіміз тарапынан тетенше жағдайлар мәселесіне үлкен мән берілуде. Атап айтқанда, ТЖМЖ-ның тетенше жағдайларды

жою бойынша күш пен құралдары ұйымдастырылған болып, олар төмендегілерден құралған:

- азаматтық қорғаныс жасақтары;
- төтенше жағдайлар министрлігіне тікелей әрі жедел бағынатын республика мамандандырылған құрылымдары, құтқару құрылымдары;
- министрліктер мен басқармалардың кәсіби мамандандырылған құтқару бөлімдері мен құрылымдары, республика, жергілікті және объектер дәрежесінде ТЖМЖ-ға тиісті аймақтық пен функционалды төменгі жүйелерінің құтқару қызметтері мен құтқару құрылымдары, Өзбекстан Қызыл Жарты ай қоғамының еріктілер отрядтары (командалары, топтары), қорғанысқа көмектесетін «Ватанпарвар» ұйымы.

Азаматтық қорғаныс жасақтары Төтенше жағдайлар министрлігіне мойынсұнады және өз жедел бағыттарына сәйкес әскери кезеңде республиканың қажетті қорғаныс және өнеркәсіп объектерінде төтенше жағдайларды аяқтауға тиісті жұмыстарды алып барады.

Азаматтық қорғаныс жасақтары ірі көлемдегі істеп шығару авариялары, қираулар, табиғи апаттар барысында құтқару жұмыстары және басқа кешкітіріп болмайтын жұмыстарды жүзеге асыру, арнайы техникалық құралдар мен дайындалған мамандарды талап ететін төтенше жағдайларды жою үшін Өзбекстан Республикасы Президенті – Өзбекстан Қарулы Күштері Бас қолбасшысының өкімхатына сәйкес жұмылдыруы мүмкін.

Төтенше жағдайлар министрлігіне тікелей бағынатын құрылымдар білікті мамандарға ие болуы және арнайы техника, құрал-сайман, қару-жарақ пен басқа құтқару құралдарымен жабдықталған, құтқару жұмыстарын автоном режимде кемінде 72 сағат ішінде қамтамасыз етуге арналған тұрғышықты жағдайдағы құтқару құрылымдарын өз ішіне алады.

Төтенше жағдайлар министрлігіне жедел бағынатын республика мамандандырылған және құтқару құрылымдары Өзбекстан Республикасы



27-сурет. Зілзала салдары.

Ішкі істер министрлігі Өрт қауіпсіздігі бас басқармасының жеке күрделі және ұзақ жалғасатын өрттерді өшіру бойынша республика мамандандырылған отрядын, Өзбекстан Республикасы Ақпарат технологиялары және коммуникацияларын дамыту министрлігі, Арнайы авария-тіктеу басқармасы, Өзбекстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республика жедел медициналық жәрдем ғылыми орталығы мен оның филиалдарын, «Өзбекстан әуе жолдары» ұлттық авиакомпаниясының іздейтін әуе кемелері, жергілікті мемлекет әкімшілік органдары автотасушылары аймақтық бірлестіктері автотранспорт пен автосанитария отрядтары, сондай-ақ төтенше жағдайларды аяқтауға әрі ТЖМЖ күштерінің әрекеті мен шараларын қамтамасыз етуге арналған ТЖМЖ функционалды төменгі жүйелерінің басқа құрамдық бөлімдерін өз ішіне алады.

4.7. Залалсыздандыру. Адамдарды санитария тексеруінен өткізу

Залалсыздандыру алып барылғанда арнайы тазалау шаралары құрал, техника, индивидуал қорғаныс құралдары, киім-кешек және басқа материалды заттарды дегазациялау, дезактивациялау және дезинфекциялаудан құралған.

Әрбір әдісте залалсыздандыру бойынша орындалатын жұмыстардың көлеміне төмендегілер кіреді.

Дезинфекция яки залалсыздандыру патоген микробтарды жою мақсатында алып барылады.

Емдеу-профилактика мекемелерінде химиялық құралдардан дайындалған залалсыздандыратын ұнтақ, таблетка көрінісіндегі күшті және жұмысшы ерітінділерді қолдану кең таралған. Залалсыздандыратын құралдар арнайы желдеткіш орнатылған жеке бөлмелерде даярлануы қажет.

Құрамында хлор элементі болған залалсыздандыратын ерітінділерді даярлаудан алдын арнайы халат, респиратор, қалпақша, қолқаптар киіледі.

Әрбір әдісте залалсыздандыру бойынша орындалатын жұмыстар көлемі төмендегілерден тұрады:

Дегазация дегенде зақымданған беттерден уандырғыш заттарды жою (микробтарды жою яки токсиндерді бөлшектеу), *дезактивация* дегенде зақымданған беттердегі радиоактивті заттарды жою түсініледі.

Арнайы тазалау *аздап және толық* болуы мүмкін.

Зақымданған жерден шыққаннан кейін, аздап арнайы тазалау өткізіледі, міндетті орындау процесінен кейін, керек болған кезде табель мен жердегі заттарды істетіп дезинфекция жасалады.

Уландырғыш заттармен зақымданғанда дереу адамның тері қабаттары, киім-кешектері, противогаздың бет бөлімі, құрал және техниканың жеке сыртқы бет учаскелері дегазация жасалады.

Радиоактивті заттармен зақымданған жайттарда адамның тері қабаттары, киім-кешектері, үстіне асылған бұйымдары, аяқ-киімдер, индивидуал қорғаныс құралдары дезактивация жасалады.

Бактериялы құралдармен зақымданғанда адамның тері қабаттары (бет, мойын, қол) дезинфекция жасалады.

Толық арнайы тазалау міндет орындап болғаннан кейін жүзеге асырылады.

Арнайы тазалауды өткізу үшін ТДП комплекті, киім-кешекті тазалау үшін ИДПС-69 комплекті, ДПП дегазациялаушы пакет пен ИПП-8, ИПП-9 химияға қарсы индивидуал пакет қолданылады.

Киім-кешектерді дегазациялау үшін ИДПС-69 комплекті. Зоман, зарин, иприт сияқты уландырғыш зат пен олардың буларымен зақымданған киім-кешектерді дегазациялау үшін істетіледі.

Комплект дегазациялау үшін ИДП-1 пакетінен 10 және киім-кешекті дегазациялайтын ДПС-1 пакетінен 10-нан картон құтыға реттеп салынады. Сапар жағдайында комплект техникада тасып жүріледі.

ДПС пакеті V газдар, зоман, ипритпен зақымданғанда дегазация жасау үшін арналған.

Мәселен, соғыс майданында дегазация жасау үшін біреу, пулемет және гранатаметті дегазациялау үшін екі пакет істетіледі.

Дегазациялаушы пакет зоман буларымен зақымданған киім-кешектерді дегазациялау үшін істетіледі.

Киім-кешек комплектіне бір пакет істетіледі. Киім-кешекті дегазациялау үшін пакет ашылады және дорбаға ақырын ұрып, киім-кешектің барша жеріне сеуіп шығылады. Мұндай киімдер ашық жерде сілкіп тасталады және газперде шешіледі.

ТДП комплекті арнайы техникаларды аздап дегазация жасауға көзделген. ТДП комплектіге екі автоном құрылғы, зарядтайтын құрылғы мен қажетті құралдар кіреді.

Дегазация аспабының бүріккіш тазалап жатқан беттен 0,2—0,5 м биіктікте болуы керек. Техниканың ішкі беттерін тозаңдатып, дегазациялау мүмкін емес. Техниканы дегазация және дезинфекциялауда төмендегі ерітінділер істетіледі.

Техниканы ДК-4 көмегінде дезактивация, дегазация мен дезинфекциялау үшін функционалды 0,0075—0,15% жуғыш СФ-2 (СФ-2У)

ўнтағының судағы ерітіндісі жазда, аммиактың судағы ерітіндісі қыста қолданылады.

Арнайы техниканы аздап дегазация жасау экипаж күшімен ТДП комплекті көмегінде яки дегазациялаушы ерітіндіге батырып алынған шүберек, ерітінділер яки жанармаймен жүзеге асырылады.

Көрсетіп өтілген объекттерді аздап дезактивация жасау дезактивациялаушы рецептура, ерітінді, жанармай, суға батырып алынған щетка, шүберек яки шаңсорғыш көмегінде жүзеге асырылады. Аздап дезактивацияда барша зақымданған бет тазаланады. Толық дегазацияда бет толық тазаланады.

Тазалау жұмыстарында зақымданған предметтерге тию, индивидуал қорғаныс құралдары яки түймелерді шешу тыйым салынады.

4.8. Төтенше жағдайларда эвакуация шараларын ұйымдастыру және өткізу

Тұрғындарды төтенше жағдайлардан қорғаудың шараларынан бірі тұрғындарды жоспарланған тәртіпте эвакуация жасау. Бұл жұмыстарды сапалы және жедел орындау үшін әрбір азамат жалпы міндеттерді білуі қажет.

Азаматтардың төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы міндеттемелері.

Азаматтар:

– қауіпсіздік шараларын сақтауы, істеп шығару және технология тәртібі, экологиялық қауіпсіздік талаптары төтенше жағдайлардың болуына алып келуі мүмкін болған тәрізде бұзылуына жол бермеуі;

– қорғанудың негізгі әдістерін, жәбірленгендерге бірінші медициналық көмек көрсету жолдарын үйренуі және өз білім мен практикалық дағдыларын жетілдіруі;

– төтенше жағдайлар болуына алып келуі мүмкін болған авариялар, апаттар мен қираулардың қаупінен дерек беретін белгілер бар екендігі туралы тиісті органдарға хабар беруі;

– төтенше жағдайлар қауіп төндірген және басталған жағдайларда ескерту белгілерін, әрекет жасау тәртібін, жалпы және дара қорғану құралдарынан пайдалану әдістерін білуі;

– қажет болғанда құтқару жұмыстары мен кешіктіріп болмайтын басқа жұмыстарды өткізуде көмектесуі шарт.

Азаматтардың төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы құқықтары.

Азаматтар төмендегі құқықтарға ие:

– төтенше жағдай болғанда, өмірлері, денсаулықтары мен жеке мүліктері қорғалуы;

– жалпы және дара қорғану құралдарынан, жергілікті үкімет органдарының, кәсіпорындар, мекеме мен ұйымдардың төтенше жағдайларда тұрғындарды қорғауға арналған басқа мүлкінен пайдалану;

– мемлекет аумағының белгілі орындарында болғанда олар дұшар болуы мүмкін болған қауіп-қатер дәрежесі мен қажет қауіпсіздік шараларынан хабардар болу;

– тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау мәселелері тұрғысынан мемлекет әкімшілік пен басқару органдарына қайрылу;

– төтенше жағдайлар болған зоналарда істелгені үшін тегін медициналық қызмет, компенсация және басқа жеңілдіктер алу;

– төтенше жағдайларды жою барысында міндеттерді орындау барысында денсаулығына жеткізілген зиян үшін компенсация мен жеңілдіктер алу;

– тұрғындар мен аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау міндеттемелерін орындау барысында арттырған ауруымен байланысты еңбек қабілетін жоғалтқанда, мүгедектігі еңбекте жарымжан болу салдарынан келіп шыққан қызметшілерге белгіленген тәртіпте зейнетақы алу;

– бағушысын тұрғындарды және аймақтарды төтенше жағдайлардан қорғау міндеттемелерін орындау барысында арттырған жарымжандық, аурудан қайтыс болғандығы яки өлгендігімен байланысты жоғалтқанда, еңбекте жарымжан болуынан қайтыс болған тұлғаның жанұя мүшелері үшін белгіленген тәртіпте зейнетақы алу.

Мемлекет әлеуметтік сақтандыру тәртібі мен шарттары, компенсациялар, жеңілдіктер түрлері мен мөлшерлері заң құжаттарымен белгіленеді.

Тұрғындармен жоспар бойынша оқу жаттығулары алып барылады. Төтенше жағдайларда қорғау саласында, сондай-ақ төтенше жағдайларда әрекет жасауға дайындықтан өтіп жатқан тұрғындар топтары дайындаудың негізгі міндеттері, формалары мен әдістерін белгілейді.

Істеп шығару және қызмет көрсету саласында істейтін тұрғындар, жалпы білім беретін мектептері, басқармалық бойсұнуы мен ұйымдасқан құқықтық формаларынан тыс бастауыш, орта және жоғары кәсіптік-техникалық тілім беру мекемелерінің оқушылары, Қарақалпақстан Республи-

касы, облыстар, республика және облыс бойсұнуында болған қала, аудандар мемлекет әкімшілік пен басқармасы органдары, министрліктер, мекемелер, мүлікшілік қалыбынан қатаң түрде бірлестіктер, кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар басшылары және төтенше жағдайлардан қорғау саласы мамандары, істеп шығару және қызмет көрсету салаларында бос болмаған тұрғындар төтенше жағдайлардан қорғау саласында дайындықтан өтуі қажет.

Төмендегілер төтенше жағдайлардан қорғау саласында дайындаудың негізгі міндеттері есептеледі:

- тұрғындарды барша топтарға төтенше жағдайлардан қорғау ережелері мен негізгі әдістерін, қоғам мен дара тәртіпте қорғаныс құралдарынан пайдалану ережелерін үйрету;

- басқарудың барша дәрежедегі жетекшілерін, тұрғындарды төтенше жағдайлардан қорғау бойынша әрекет жасауға даярлау және қайта даярлау;

- мемлекет әкімшілік пен басқару органдары, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың басшылары мен мамандарында құтқару және басқа кешіктіріп болмайтын жұмыстарды өткізу үшін күш пен заттарды даярлау және оларды басқару дағдыларын пайда ету, төтенше жағдайларда әрекет етуде қызметшілердің өз міндеттерін практикалық иелік етуі.

Істеп шығару мен қызмет көрсету салаларында бос болған тұрғындарды даярлау, жұмыс орындарында жаттығулар өткізу және ұсынылатын бағдарламаларға сәйкес төтенше жағдайларда әрекет жасауды тәуелсіз түрде үйрену, кейіннен оқу жаттығуларында және жаттығуларда алынған білім және тәжірибелерді пысықтау жолымен жүзеге асырылады.

Жалпы орта білім беру мектептері, академиялық лицейлер, кәсіптік-техникалық колледждердің оқушыларын, жоғары оқу орындарының студенттерін даярлау төтенше жағдайлардан қорғау саласындағы жалпы білім беретін бағдарламаларына сәйкес оқу уақытында жүзеге асырылады.

Қазіргі күнде тұрғындарды эвакуация жасау ең күрделі шаралардың бірі есептеледі. Себебі эвакуация жасау үшін жетекшілік үлкен практикалық білім мен тәжірибеге ие болуы қажет. Сонынмен қатар эвакуацияда қатысатын тұрғындар терең білімге ие болуы керек. Эвакуация ауыр жағдайларда, үздіксіз, күндіз-түні, ауа-райының өзгеруі жағдайында, қыста және жазда, суық пен ыстықта алып барылуы мүмкін.



28-сурет. Тўрғиндарды эвакуация жасау жаттыгулары.

Төменде тұрғындар эвакуациясына дайындалу мен өткізу үшін керекті мәліметтер келтірілген.

Эвакуация – бұл табиғи және техноген қасиетке ие төтенше жағдай болған яки төтенше жағдай жүзеге асу мүмкіндігі болған аймақтардан тұрғындарды ұйымдасқан тәрізде транспортта яки жаяу алып шығу және оны уақытынша жайғастыру шаралары жиынтығы.

Эвакуация:

– өткізу уақытына қарай: алдыннан өткізілетін; жедел (кешіктіріп болмайтын);

– төтенше жағдай көлемі мен эвакуация жасалатын тұрғындар санына қарай: локалды; жергілікті; өңіраралық;

– тұрғындарды қамтып алуына қарай: жалпы; аздап түрлерге бөлінеді.

Шектелген эвакуация (локалды) төтенше жағдай көзі шамалы зақымдаушы факторларының әсер майданы жеке қала аудандарын яки ауыл тұрғындар мекен жайлары шекарасынан шықпай, көшірілетін тұрғындар саны бірнеше мың кісіден аспаған жайтта өткізіледі.

Жергілікті эвакуация төтенше жағдай аймағына орташа үлкендіктегі қалалар, ірі қалалардың жеке аудандары, ауыл аудандары түсіп қалған жайттарда өткізіледі. Мұнда көшірілетін тұрғындар саны бірнеше мыңнан он мыңдаған кісіге жетуі мүмкін.

Өңіраралық эвакуация зақымдаушы факторлар әжептәуір кең майданға жайылып, ірі қалаларды да өз ішіне алған, тұрғындары өте тығыз орналасқан бір яки бірнеше өңір аумағын қамтып алған жайттарда жүзеге асырылады.

Төтенше жағдай аумағында қалған және эвакуация жасалатын тұрғындар санына қарай эвакуация екі түрге ажыратылады:



29-сурет. Тўрғиндарды эвакуация жасалган аймаққа жайғастыру жаттығулары.

Жалпы эвакуация төтенше жағдай аумағынан тұрғындардың барша түрі алып шығылуын назарда тұтады.

Аздал эвакуация төтенше жағдай аумағынан еңбекке жарамсыз тұрғындар, мектепке дейінгі жастағы балалар, мектеп, лицей, колледж, жоғары оқу орны оқушы мен студенттері алып шығылуы қажет болғанда өткізіледі.

Адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіп бар екендігі тұрғындарды эвакуация жасау туралы шешімге келуі үшін негіз есептеледі.

Эвакуация өткізу туралы шешімге келу құқығына аумағында төтенше жағдай болған яки прогноз жасалып жатқан әкімдіктер, жергілікті өзін-өзі басқару органдары басшылары (азаматтық қорғаныс бастықтары) ие.

Төтенше жағдай көлемі мен эвакуацияның мерзіміне қарай ол жедел және алдыннан өткізілетін болуы мүмкін.

Кешіктірмей қаулы қабылдау талап етілетін жайттарда локалды характерге ие жедел эвакуация қауіптің болу мүмкіндігі бар нысананың кезекші диспетчерлік қызметі бастығы нұсқауына сәйкес өткізілуі де мүмкін.

Тұрғындар эвакуациясын қамтамасыз ету жоспарлары тиісті тұрғылықты қызмет жүргізетін басқару органдары тарапынан істеп шығылады.

Тұрғындар эвакуациясы істеп шығару - аймақтық яки аймақтық бейімділікке сәйкес жоспарланады, ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

Истеп шығару-аймақтық бейімділік төтенше жағдай аумағынан жұмысшылар, қызметшілер, студенттер, оқушыларды, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер бойынша істеп шығару және қызмет көрсету саласында бос болмаған тұрғындарды жасау жерінен транспортта (жаяу) алып шығуды назарда тұтады.

Аймақтық бейімділік істеп шығару және қызмет көрсету саласында бос болмаған тұрғындарды жасау жерінен махалла комитеттері арқылы алып шығуды көзде тұтады.

Кейбір жайттарда эвакуация аймақтық бейімділік негізінде, яғни эвакуация жарияланған уақытта тікелей тұрғындар қай жерде болса, сол жерден жүзеге асырылады.

Тұрғындарды төтенше жағдай аумағынан эвакуация жасау әрбір жайтта төтенше жағдайдың жүзеге асуы және даму жағдайлары, зақымдаушы факторлар әсерінің характері және аймақ уақыт көрсеткіштерімен анықталады.

Төтенше жағдай қаупі туралы сенімді прогноз алынғаннан соң дайындық шаралары өткізіледі. Бұдан мақсат төтенше жағдай аумағынан тұрғындарды ұйымдасқан тәрізде транспортта яки жаяу алып шығып кету үшін барша қажет жағдайларды жарату. Олардың қатарына:

- эвакуация органдарын дайын түрге келтіру және жұмыс тәртібін анықтау;

- эвакуация жасалатын, атап айтқанда, транспортта және жаяу эвакуация жасалатын тұрғындар санын анықтау және оларды жаяу бағыттарына біріктіру;

- эвакуация бағыттарын даярлау, жол белгілері және көрсеткіштерін орнату, тоқтау жерлерін жабдықтау;

- құрамалы эвакуация пункті, транспортқа шығару-түсіру пункттерін даярлау;

- хабар беру және байланыс жүйелері дайындығын тексеріп көру;

- бар қорғаныс ғимараттарын дайын жағдайға келтіру кіреді. Эвакуация өткізу туралы хабар алынғаннан кейін төмендегі шаралар жүзеге асырылады:

- эвакуация органдары, кәсіпорын, ұйым жетекшілеріне, сондай-ақ тұрғындарға эвакуация басталғаны және өткізу тәртібі туралы хабар беру;

- эвакуация органдарын жою және дайын түрге келтіру;

- қауіпсіз аймақтарға эвакуацияланатын тұрғындарды жинау және жөнелтуге даярлау;

- жаяу колонналарын қалыптастыру және бастауыш пункттерге алып шығу, транспорттарға шығару орындарына транспорт құралдарын келтіру және тұрғындарды шығару;

– эвакуацияланган тұрғындарды алдыннан өмір қызметінің бірінші кезектегі түрлері қамтамасыз етіп қойылған қауіпсіз жерлерде қабылдап алу және жайғастыру.

Зи́зала эвакуация я жергілікті, я өңіраралық көрінісіне ие болады. Эвакуация өткізу мерзімі жол-транспорт мүмкіндіктерімен анықталады. Эвакуация істеп шығару-аймақтық бағыт негізінде бір басқышта зиян көрген аймақтарда құрамалы эвакуация пункттерін жайғастыру арқылы жүзеге асырылады.

Радиоактив улануда эвакуация яки жергілікті, яки өңіраралық тәрізде, аймақтық бағыт негізінде, кейбір объекттер (балалар үйлері, психоневрологиялық медицина мекемелері, интернет және т.б.ларды) айрықшалық жасаған жайтта өткізіледі. Эвакуация 2 басқышта: 1-транспортқа шыққан жерден аралық эвакуация пункттеріне дейін; 2-аралық эвакуация пунктінен жоспардағы орындарға дейін өткізіледі. Аралық эвакуация пунктінде «Газа транспортқа» өткізу жүзеге асырылады.

Химиялық аварияда тікелей экономика объектін жақын жерде жасайтын тұрғындар уақыт жетіспеушілігінен, әдетте, қауіпті аймақтан алып шығып кетілмейді, керісінше, пана жерлерде және герметиктелген бөлмелерде жасырынады.

Селден қауіпті аймақтардан эвакуация сел ағымы қалыптасу қаупі жүзеге асқанда, қалыптасып жатқан дәуірде, жеке жайттарда селдің ағымы тоқтағаннан кейін өткізілуі мүмкін.

Хабар беру алдыннан (прогноз бойынша) яки сел басуы сигнал жабдығынан өткеннен соң беріледі.

Қар көшкіні қаупі бар аймақтардан эвакуация қар көшкінінің түсу қаупі жүзеге асқанында, олардың түсуі тоқтағаннан кейін (өмірлік қамтама объекттері күйрегенде) өткізіледі. Эвакуация аймақтық бейімділік негізінде ұйымдастырылады және жоспарлы характерге ие болуы, мұның лажы болмаған жайттарда жедел болуы қажет.

Апатты су басулары және сутасқындарында эвакуация гидротехникалық ғимарат жарылғанда яки су бассейндеріндегі су деңгейі асқанда, сондай-ақ су объекттері мен өмірлік жабдықтау жүйелері істен шыққанда өткізіледі. Эвакуация локалды яки жергілікті характерге ие болып, алдыннан өткізілетін эвакуацияда құрамалы эвакуация пункттері (істеп шығару аймақтық бағытында) жайылады. Уақыт тығыз болған жайттарда эвакуация аймақтық бейімділік негізінде 1 яки 2 басқышта аралық эвакуация пункттерін жаю жолымен өткізіледі.

Тұрғындардың эвакуациясын жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу тікелей қалалар, аудандар мен облыстардың эвакуация органдары, мемлекет

органдары, төтенше жағдайлар басқарма мен бөлімдеріне жүктетіледі. Эвакуация органдарына:

- эвакуация комиссиясы (ЭК);
- қабылдау эвакуациясы комиссиялары (ҚЭК);
- құрамалы эвакуация пункттері (ҚЭП);
- қабылдау эвакуация пункттері (ҚЭП);
- аралық эвакуация пункттері (АЭП);
- жаяу эвакуация бағыттарын басқару топтары;
- эвакуация жасалған тұрғындарды транспортта (жаяу) алып шығу жедел топтары кіреді.

Бақылау сұрақтары

1. Дем алу мүшелерін қорғау құралдарына нелер кіреді? Олардың қорғау қасиеттері нелерге негізделген?
2. Теріні қорғау құралдарына мысалдар келтір. Олар нелерден дайындалады?
3. Тұрғындарды радиациядан қорғау үшін қандай ғимараттар кезде тұтылған? Олар қалай жабдықталады және құрылады?
4. Эпизотикалық және эпифитотикалық төтенше жағдайлар дегенде нені түсінесің?
5. Құтқару жұмыстарын құру және өткізу негіздері нелерден құралған?
6. Адамдар қандай жолдар және санитария тексеруінен өткізіледі?
7. Эвакуация қайсы органдар тарапынан жүзеге асырылады.

II БӨЛІМ. САП ДАЙЫНДЫҒЫ

1-тарау. ҚАРУСЫЗ ОРЫНДАЛАТЫН САП АМАЛДАРЫ МЕН ӘРЕКЕТТЕРІ

1.1. Орнында тұрғанда және қарусыз әрекет жасағанда әскери сәлем беру


Бас киімсіз сәлемдесу. Әскери сәлем беру анық, батыл, денені тік ұстау және әрекет жасау ережелерін сақтаған түрде орындалады.

Бас киімсіз, саптан сыртта және бастықтан (шені үлкен кісі) үш-төрт қадам әрірек тұрған уақытта әскери сәлем беру үшін дене тік ұсталады, бастықтың (шені үлкен) бетіне қарап, бас ол кетіп бара жатқан жаққа бұрылады.

Бас киім киілгенде сәлемдесу. Егер бас киім киілген болса, оң қолды ең оңай (қысқа) жолмен бас киімге (самайға) солай тигізу керек, яғни онда бармақтар жабысқан, алақан тік болады, орта бармақ бас киімнің төменгі бөлігіне (көлеңке жанына) (самайға) тиеді, тірсек желке сызығы мен биіктігінде болады (30-сурет), бас бастық (шені үлкен) жаққа бұрылғанда, қолдың бас киім (самайдың) жанындағы жағдайы өзгермейді (31-сурет).



30-сурет. Орнында тұрып, әскери сәлем беру.



31-сурет. Әрекет кезінде әскери сәлем беру.

Бастық (лауазымы үлкен) әскери сәлем беріп жатқан әскери міндеткердің жанынан өтіп бара жатқанда, басын тік тұтып, осы уақыттың өзінде қолды түсіруі керек.

Саптан сырттағы бас киімсіз әрекет барысында әскери сәлем беру. Саптан сырттағы бас киімсіз әрекет барысында әскери сәлем беру үшін бастыққа үш-төрт қадам қалғанда аяқты жерге қоюмен бір уақытта қолдардың әрекеті тоқтатылады, бас бастық (шені үлкен) жаққа бұрылады, оның бетіне қарап, әрекет жалғастырылады. Бастықтың (шені үлкен) жанынан өтіп болғаннан соң, бас тік ұсталып, қолдар әрекеті жалғастырылады.

Саптан сырттағы бас киім киілген кезде әрекет барысында әскери сәлем беру. Саптан сырттағы бас киім киілген кезде аяқты жерге қоюмен бір уақытта оң қолдың ұшы бас киімге (самайға) тіреледі, сол қол жанбасқа тигізіліп, әрекетсіз ұстап тұрылады; бастықтың (шені үлкен) жанынан өтіп болғаннан кейін, бір уақыттың өзінде сол аяқ жерге тивоімен басты тік ұстап, оң қол төменге түсіріледі.

Саптан сырттағы бастықты (шені үлкен) қуып өтуге тура келіп қалғанда әскери сәлем беру. Бастықты (шені үлкен) қуып өтуге тура келіп қалғанда, одан бір қадам озып өтіп-ақ, әскери сәлем беріледі. Екі қадам озғаннан кейін, басты тік ұстап, оң қол төменге түсіріледі.

Егер әскери міндеткердің қолдары жүкпен бос болмаса, басты бастық (шені үлкен) жаққа бұрумен әскери сәлем беріледі.

1.2. Саптан шығу және сапқа қайту. Бастықтың алдына бару және оның алдынан кету

Әскери қызметші саптан шығуы үшін **«Оддий аскар Ахмедов, сафдан фалон қадам чиқинг»** яки **«Оддий аскар Рахимов. Олдимга (олдимга юринг)»** командасы беріледі. Өз фамилиясын есіткен әскери қызметші **«Мен»**, саптан шығу туралы команда (бұйрық) берілгеннен кейін, **«Хўп бўлади»**, деп жауап береді.

Бірінші команда берілгенде, әскери қызметші нық қадаммен айтылған қашықтыққа шығады, мұнда ол өз қадамын бірінші шеренгадан бастап санайды, тоқтап, сапқа қарай бұрылады.

Екінші команда бойынша әскери қызметші бірінші шеренгадан тура бір-екі қадам жүріп, жүріп бара жатқан орнында бастыққа қарай бұрылады, ең қысқа жолдан нық қадаммен (жүгіріп) оның алдына барады, оған екі-үш

қадам қалғанда тоқтап, жетіп келгені туралы мәлімет береді. Мәселен, **«Ўртоқ лейтенант, оддий аскар Ахмедов буйруғингизга биноан келди».**

Әскери қызметші екінші шеренгадан шықпақ болса, сол қолын ақырын өзіннен алдағы қатарда тұрған қызметшінің желкесіне қояды, алдында тұрған әскери қызметші алға сол аяғымен бір қадам тастап, оң аяғын сол аяғының жанына қоймай оң жаққа тағы бір қадам тастайды, артындағы әскери қызметшіні өткізіп жіберіп, тағы өз орнына қайтып тұрады.

Бірінші шеренгада тұрған әскери қызметші саптан шыққан уақытта оның орнын артында, яғни екінші шеренгада тұрған әскери қызметші иелейді.

Әскери қызметші екі, үш (төрт) шақты колоннадан, алғаш оңға (солға) бір қадам басып ең жақын қанатқа шығады. Егер оның жанында басқа бір әскери қызметші тұрған болса, ол оң (сол) аяғымен бір қадам жанға тастап, оң (сол) аяғын сол (оң) аяғының жанына қоймай, онымен артқа бір қадам тастайды және саптан шығып жатқан әскери қызметшіні өткізіп жібереді.

Әскери қызметші сапқа қайтуы үшін **«Оддий аскар Рахимов. Сафга туринг»** яки тек қана **«Сафга туринг»** командасы беріледі.

«Оддий аскар Қосимов» командасы берілгеннен кейін, сапқа беттеніп тұрған әскери қызметші өз фамилиясын есітуімен: **«Мен»** деп жауап береді, **«Сафга туринг»** командасы берілгенде, егер ол қарусыз яки «артқа» жағдайындағы қаруымен болса, оң қолын бас киіміне (самайға) тіреп: **«Хўп бўлади»** деп жауап береді, соң әрекет жасауы керек болған бағытқа бұрышып, бір қадам жүруімен қолын түсіреді, ең жақын жолдан саптағы өз орнына барып тұрады.

Егер **«Сапқа тұр»** командасы берілсе, әскери қызметші бастық жаққа бұрылмай, сапқа қайтады.

Әскери қызметші сапта тұрмаған уақытта бастықтың жанына бара жатып, бес-алты қадам қалғанда нық қадам тастай бастайды, екі-үш қадам беріде тоқтайды, осы уақыттың өзінде оң қолын бас киіміне (самайға) тіреп жетіп келгенін мәлімет жасайды. Мәлімет жасағаннан кейін, қолын түсіреді.

Бақылау сұрақтары

1. Бас киімсіз сәлемдесу қалай орындалады?
2. Бас киім киілгенде сәлемдесу тәртібін айтып бер.
3. Әрекет уақытында әскери сәлем беру тәртіптерін айтып бер.

2-тарау. СЕКЦИЯ МЕН ТОПТАРДЫҢ САП ТАРТУУЫ. ЖҮРУ САБЫ ЖӘНЕ ЖАЙЫҚ САП

2.1. Секцияның сап тартуы. Жазылған сап

Секцияның жазылған сапы бір шеренгалы яки екі шеренгалы болуы мүмкін.

Секцияның бір (екі) шеренгалы тізілуі «Секция, бир (икки) шеренгага Сафлан» командасы бойынша жүзеге асырылады.


Секция командирі денені тік ұстап тұрып, команда бергеннен кейін, сап қарап тұрған жаққа беттенеді; секция командирінің сол жанынан, 32 мен 33-суреттерде көрсетілгендей, штатқа негізіделе, сап тартады.

Сапқа тізілу басталуымен секция командирі саптан шығады және секцияның қалай сапқа тізілуін бақылайды. Секцияда адамдар саны төрт және одан кем болғанда әрдайым бір шеренгаға қатарға тұрады.

Берілетін командалар мен оларды орындау ережелері. Қажет жайттарда секциялардағыларға тегістелу үшін «ТЕКИСЛАН», «Чапга қараб ТЕКИСЛАН» командалары беріледі.



32-сурет. Секцияның бір шеренгалы жайылма сапы.



33-сурет. Секцияның екі шеренгалы жайылма сапы.

«**ТЕКИСЛАН**» командасы берілгенде, оң қанатта тұрған әскери қызметкерден басқа барша басын оң жаққа бұрады (оң құлақ сол құлақтан биіктеу, иек біраз көтерілген болады), тегістелгенде әрбір әскери қызметші өзінен бастап санағанда, төртінші әскери қызметшінің көкірегін көруі керек. «**Чапга қараб ТЕКИСЛАН**» командасы берілгенде, сол қанатта бірінші болып тұрған әскери қызметкерден басқа барша басын солға бұрады (сол құлақ оң құлақтан биіктеу, иек біраз көтерілген болады).

Тегістелу кезінде әскери қызметшілер біраз алға, артқа яки жандарына жылжуы мүмкін.

Тегістеліп болғаннан кейін, «**РОСТЛАН**» командасы беріледі, оған сәйкес әскери қызметшілер басын тік ұстайды.

Секция тегістеліп артқа бұрылғаннан кейін, команда беруде қайсы жаққа қарап тегістелу ескеріледі, Мәселен, «**Ўнгга (чапга) қараб ТЕКИСЛАН**».

«**ЭРКИН**» және «**КИЙИМ БОШ ТЎҒРИЛАНСИН**» командалары берілгенде, әскери қызметшілер тұрған жерінен жылжымай, киім-кешектерін дұрыстайды.

«**Секция — ТАРҚАЛ**» командасы берілгенде, әскери қызметшілер саптан шығады. Секцияны жинау үшін «**Секция — ОЛДИМГА**» командасы беріледі, оны есіткен әскери қызметшілер жүгіріп командирдің жанына келеді және оның қосымша командасымен сапқа тізіледі.

Барша әскери қызметшілер команда мен бұйрықтарға сәйкес («**Ўнгга**», «**Чап-ГА**», «**Орт-ГА**») тегістікті сақтаған жайтқа секция бойынша бірге ол яки бұл жаққа бұрылады. Секция екі шеренгалы сапта оң жаққа бұрылғаннан кейін секция командирі оңға (солға) жарты қадам, артқа бұрылғанда алға бір қадам тастайды.

Бір жерде тұрған секцияны жаю үшін «**Секция, оралар ўнгга (чапга, ўртадан) фалон қадам кейин (югур, оралар кенгайсин)**» командасы беріледі. Лезде орындалатын команда берілгенде әскери қызметшілер көрсетілген жаққа бұрылады, аяқтардың жұпталуы артынан келе жатқан кісіге желкесі аса қарап, одан ұзақтап кетпей тез жүреді (жүгіреді); артынан келе жатқан кісі тоқтағаннан кейін командада айтылған қашықтыққа жүріледі және солға (оңға) бұрылады.

Ортадан жайылуда кім қалуы айтылады. Ортада қалатын әскери қызметші өз фамилиясын есітуімен: **«Мен»** деп, сол қолын алға созып, төменге түсіреді. Секция тегістеліп жатқанда жайылу уақытында белгіленген аралық қашықтық (интервал) сақталып қалады.

Секцияны жинау үшін тұрған жерде **«Секция, үнгга (чапга, ұртага) ЖИПСЛАН (югур, жипслан)»** командасы беріледі. Лезде орындалатын команда берілгенде, өзіне қарап дұрысталуы керек болған әскери қызметшіден басқа әскери қызметшілер ол жаққа бұрылады, содан соң майда қадаммен тез жүріп (жүтіріп) тығыздалатын сап үшін белгіленген интервалға жетіп келеді, жетіп келгеннен кейін, өздігінен тоқтап, солға (оңға) бұрылады.

Секция әрекет жасауы үшін **«Секция, қадам БОС («Шахдам қадам БОС». «ЮГУР»)»** командалары беріледі. Қажетті жайттарда әрекет бағыты мен тегістелу жағы айтылады: Мәселен, **«Секция, фалон нарсага қараб, үнгга (чапга) ТЕКИСЛАН», «Қадам БОС («Шахдам қадам БОС», «ЮГУР»)»**.

«ҚАДАМ БОС» командасы берілгенде, барша әскери қызметшілер тегістікті, интервал мен аралық қашықтықтарды сақтаған жайтта бірге жүре бастайды.

Егер тегістелу жағы айтылмаған болса, басты бұрмай оң жаққа қарап, тегістелу жүзеге асырылады.

Секцияны әрекеттен тоқтату үшін **«Секция, ТҰХТА»** деп команда беріледі.

Сапта тұрған уақытта ол яки бұл жаққа бірнеше қадам жылжу үшін **«Секция, үнг-ГА (чапга)»**, сап бұрылғаннан кейін **«Фалон қадам олға қадам БОС»** деп команда беріледі. Әскери қызметшілер айтылғанға дейін қадам басқаннан кейін, **«Секция, чап-ГА (үнгга)»** командасына қарай алғашқы жайтқа бұрылады.

Алға яки артқа бірнеше қадам жүру үшін **«Икки қадам олға (ортга) қадам БОС»** командасы беріледі. Команда берілгеннен кейін, екі қадам алға (артқа) басылады және аяқтар жұпталады. Оңға, солға және артқа қадам басқанда, қолдар әрекеттендірілмейді. Қажет жайттарда еркін жүру үшін **«ЭРКИН»** командасы беріледі. Желкені бұрумен әрекет бағытын өзгерттіру **«Секция, чап (үнг) елка ОЛДИНГА»** (ал әрекет барысында **«ЮР»**) деп команда беріледі.

Бұл команда берілгенде, секция сол (оң) желкені алға шығара бастайды: — алға шығатын қанатта тұрған кісі басын алдыңғы жаққа бұрып, толық қадам тастайды, әрекет барысында жерінен қимылдамайтын қанатта тұрғандарды сығып қоймайтын әдісте жүреді;

— қимылдамайтын қанатта тұрған кісі орнында қадам тастап, алға шығып жатқан қанаттағыларға сай түрде ақырын солға (оңға) бұрыла бастайды;

— қалғандар алға шығып, бұрылып жатқан жаққа басты бұрмастан қараған жайтта алдыңғы тегістікті сақтайды, жүрмей жатқан қанатта тұрған көршісіне тірсегі тиіп тұрады, сол қанатқа қанша жақын тұрған болса, соншалықты кіші қадам тастайды.

Секция жетерлі дәрежеде бұрылғаннан кейін «**ТҰҒРИГА**» яки «**Секция — ТҰХТА**» командасы беріледі.

Секцияны бір шеренгадан екі шеренгаға қайта тізу үшін «**Секция, бир-икки деб САНА**» командасы бойынша алдыннан есебі жасалады.

Бұл команда бойынша әрбір әскери қызметші оң қанаттан бастап тез кезегімен сол жанында тұрған әскери қызметші жаққа басын бұрып, өз нөмірін айтады және шұғыл басын тік тұтады; сол қанатта тұрған әскери қызметші басын бұрмайды.

Жалпы санау да дәл осы тәртіпте өткізіледі, мұның үшін «**Секция, тартиб билан САНА**» командасы беріледі.

Екі шеренгалы сапта екінші шеренганың сол қанатында тұрған әскери қызметші сапты жалпы санау ақырына жеткеннен кейін, «**Түлік**» яки «**Түліксиз**» деп мәлімет береді.

Секцияны бір шеренгадан екі шеренгаға қайта тізу үшін «**Секция, икки шеренга САФЛАН**» командасы беріледі.

Лезде орындалатын командаға сәйкес, екінші нөмірлілер сол аяқпен бір қадам артқа тастайды, оң аяқты сол аяқтың жанына қоймастан, оң жаққа бірінші нөмірлілердің артына тұру үшін бір қадам тасталады, сол аяқ оң аяқ жанына қойылады.

Секцияны тұрған орнында тығыз екі шеренгадан бір шеренгалы сапқа тізу үшін әскери қызметшілер бір қадам жайылады, содан соң «**Секция, бир шеренгага САФЛАН**» командасы беріледі.

Тез орындалатын командаға қарай, екінші нөмірлілер сол аяқпен бір қадам солға, оң аяқты сол аяқтың жанына қоймастан, оң аяқпен бір қадам алға жүреді және сол аяқты оң аяқтың жанына алады.

2.2. Жүру сапы

Секцияның жүру сапы бір яки екі колоннадан құралған болуы мүмкін.

Берілетін командалар және оларды орындау ережелері. Орнында тұрған секцияның біреуден (екеуден) колоннаға сапталуы «**Секция, бир (икки) колоннаға «САФЛАН»** командасымен жүзеге асырылады. Секция командирі кеудені тік ұстап, команда бергеннен кейін, әрекет бағытына қарай беттеледі, секция штатқа негізделе, 34 яки 35-суреттерде көрсетілгендей сапқа тұрады. Төрт шақты және одан кем болған секция бір қатарлы колоннаға сапталады.

Секцияның жайдақ саптан колоннаға өтуі секцияның «**Секция, үнг-ГА»** командасы бойынша оңға бұрылуымен жүзеге асырылады. Екі шеренгалы сап оңға бұрылуында секция командирі оңға жарты қадам тастайды.


Секция колоннадан жайдақ сапқа «**Секция, чап-ГА»** командасымен қайта тізіледі. Секция екі қатарлы колоннадан тұрған уақытта бұрылатын болса, секция командирі алға жарты қадам тастайды.

Секция бір колоннадан екі колоннаға «**Секция, икки колонна бұлиб қадам БОС»** (жүріп бара жатқанда — «**Икки колонна бұлиб қадам БОС»**) командасымен тізіледі.


Шұғыл орындалатын команда берілгенде, секция командирі (жетекші) жарты қадам жүреді, екінші нөмірлілер оңға шығып, қадамдарды басқаларға сай тастап, 35-суретте көрсетілгендей колоннадағы орындарын иелейді; секция «**ТҰҒРИГА»** яки «**Секция, ТҰХТА»** командасы берілгенге дейінгі, майда қадаммен жүріп барады.

Секция екі колоннадан бір колоннаға «**Секция, бир колонна бұлиб қадам БОС»** (жүріп келе жатқанда — «**Бир колонна бұлиб қадам БОС»**) командасына сәйкес қайта тізіледі.

Шұғыл орындалатын командаға сәйкес, секция командирі (жетекші) толық қадаммен, қалғандар майда қадаммен жүреді.



34-сурет.
Секцияның бір қатарлы жүру сапы.



35-сурет. Секцияның екі қатарлы жүру сапы.

Орын босауымен екінші нөмірлілер басқалардың қадам басуына сай түрде жүре тұрып, бірінші нөмірлілердің артына өтеді және толық қадам тастай бастайды.

Колоннаның әрекет бағытын өзгерттіру үшін төмендегі командалар беріледі:

— «**Секция, үнг (чап) елка ОЛДИНГА**» командасына қарай, жетекші «**ТҰҒРИГА**» командасы берілгенге дейінгі жүріп келе жатқан сол (оң) тарапқа бұрыла береді, қалғандар оған ереді;

— «**Секция, ОРТИМДАН**» («**Секция, ортимдан югуриб қадам БОС**») командасына сәйкес, секция командирінің артынан ереді.

2.3. Топтың сап тартуы. Жайдақ сап

Топтың жайдақ сапы бір шеренгалы яки екі шеренгалы болуы мүмкін.

Берілетін командалар мен оларды орындау ережелері. Топ жайдақ сапқа «**Гурух, бир шеренгага (икки шеренгага) САФЛАН**» командасы бойынша тізіледі.

Топ командирі кеудені тік ұстап, команда бергеннен кейін, саптың алдыңғы тарапына қарап беттеледі; секциялар 36 және 37-суреттерде көрсетілгендей командирдің сол тарапынан сап тартылады. Екі шеренгалы сап тізілгенде әрбір секцияның соңғы қатары толық болуы керек.

Топ командири сапқа тізілу басталуымен саптан шығады және қол астындағылардың әрекетін күзете бастайды.


Секциялар құрамы төрт және үш кісілік болған топ, 38-суретте көрсетілгендей, екі шеренгалы сапқа тізіледі.

Топтың жайдақ саптағы тегістелуі, бұрылуы, қайта сап тартуы және басқа әрекеттері секция үшін белгіленген ереже мен командалар бойынша жүзеге асырылады.


Топтың бір шеренгалы саптан екі шеренгалы сапқа тізілуі яки мұның керісі секция үшін көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады. Топ бірінші және екінші секцияларға бөлінгенде оның командирлері көрсетілген әдістерді орындауда есепке алынбайды.




36-сурет. Топтың бір шеренгалы жайдақ сағы.



37-сурет. Топтың екі шеренгалы жайдақ сағы.



а



б

38-сурет. Топтың бөлімдер құрамына қарай екі шеренгалы жайдақ сағы: а — төрт кісіден; б — үш кісіден.



39-сурет. Бас книмдерді кню және шешу тэртиби.



40-сурет. Денени тік ұстап тұру (алдыңғы және жан тараптан көрінісі).

Бас киім

Көйлек



Аяқ киім

41-сурет. «Tekislan» командасын орындау.




43-сурет. Аяқты бұру жағдайы.

42-сурет. Өскери сәлемдесуді орындау



44-сурет. Өрекетте айналып бұрылу.



45-сурет. Нық қадам тастау әрекеті.

Шеренга



Колонна



46-сурет. Шеренга және колонна болып сап тарту.

2.4. Топтың сап тартуы. Жүру қатары


Топтың жүру қатары үш (төрт секциядан құралған топтарда — төрт), екі яки бір колоннадан болуы мүмкін (47, 48 және 49-суреттер).

Берілетін командалар мен оларды орындау ережелері. Бір жерде тұрған топ «**Гурух, уч (икки) колоннаға САФЛАН**» командасына қарай үш (екі) колоннаға тізіледі. Бұл командаға сәйкес секциялар 47-суретте көрсетілгендей сапталады.

Топ секцияларының төрт және үш кісіден құралған құрамының екі колоннаға тізіліп жүру қатары 50-суретте көрсетілген.

Топ жайдақ шеренгалы саптан бір колоннаға (екі шеренгалы саптан екі колоннаға) оңға бұрылумен қайта сапқа тұрады.


Топ жайдақ екі шеренгалы саптан бір колоннаға (бір шеренгалы саптан екі колоннаға) «**Гурух, үнг-ГА**», «**Битта (икки) колонна бұлиб қадам БОС**» (жүріп бара жатқанда — «**Бир колонна бұлиб қадам БОС**») командасы бойынша сап тартады.



47-сурет. Топтың жүру қатары:


а – үшеуден колонна;

б – төртеуден колонна.




48-сурет. Топтың жүру қатары:

екеуден колонна.



49-сурет. Топтың біреуден колоннадағы жүру қатары.



50-сурет. Топтың бөлімдер саны бойынша жүру қатары: а – төрт шақты кісі; б – үш шақты кісі.

«Қадам — БОС» командасы берілгенде, бірінші секция жүріп бара жатып, бір колоннаға (екі колоннаға) қатарға тұрады; қалған секциялар бір (екі) колоннаға қайта тізіліп, бірінші секцияның артынан ереді.

Топ жайдақ екі шеренгалы саптан үш (екі колоннаға «Гурух, үнг-ГА», («Уч (икки) колонна бұлиб қадам БОС»)) командасы бойынша қайта тізіледі.

Бақылау сұрақтары

1. Жайдақ сап іс-жүзінде қалай көрінуін түсіндір.
2. Әскерлерді жайдақ сапқа тұрғызу үшін қандай командалар беріледі және оларды орындау ережелері нелерден тұрады?
3. Әскерлерді жүру сапына тұрғызу үшін қандай командалар беріледі және оларды орындау ережелері нелерден құралған?
4. Топты жайдақ және жүру сапына тұрғызу үшін қандай командалар беріледі және оларды орындау ережелері нелерден құралған?

III БӨЛІМ. ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

1-тарау. ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ

1.1. Әскери оқу орындары

Республикамызда офицер кадрларды даярлау жоғары әскери оқу орындарында жүзеге асырылады.

Бұлар Ташкент жоғары жалпыжасақ командирлік білім орны, Шыршық жоғары танк командирлік іс атқару-инженерлік білім орны, Жыззақ жоғары әскери авиация оқу орны, Ташкент ақпарат технологиялары университеті қасындағы Қорғаныс министрлігінің байланыс офицерлерін дайындайтын арнайы факультеті мен Ташкент медицина академиясы құзырындағы әскери-медициналық факультеттері. Ташкент, Шыршық жоғары әскери оқу орындары ұзақ тарих пен бай тәжірибеге ие болса, Жыззақ авиация оқу орны және арнайы факультеті әлі жас, олар тәуелсіздік жылдарында құрылды. Әскери мамандарға болған қажеттілікті қанағаттандыру үшін әскери оқу орындарымызда дайындалып жатқан мамандар құрамы да кеңейтірілген.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері Академиясы

(Ташкент жоғары жалпыжасақ командирлік оқу орны)

Ташкент жоғары жалпыжасақ командирлік оқу орны 1918 жылдың 12 шілдесінде құрылған.

1993 жылдан Өзбекстан Республикасы үкіметінің қаулысы негізінде білім орнының жүйесі жетілдірілді және көп тармақты негізде офицер кадрларды даярлау жұмыстары басталды. Білім орнында мотоатқыш, барлаушы және шекара бөлімдері үшін офицерлер, сондай-ақ командирлердің тәрбиелік жұмыстары бойынша орынбасарлары даярлана басталды.

Командирлік іс атқаруға бейім, ұйымдастырушылық және басқару дағдыларына ие, мемлекет тәуелсіздігі идеяларына адал, кең дүние көзқарасқа, білімге, Отан және Қарулы Күштер үшін мақтаныш сезіміне ие офицерлерді даярлау оқу орнының негізгі міндеті.

2004 жылда оқу орнының негізінде тактикалық звено және жергілікті әскери басқару органдары офицерлерінің дағдысын асыру және қайта даярлау факультеті құрылды. 2007 жылдан бастап ТЖЖҚОО негізінде Қорғаныс министрлігі жоғары оқу мекемелері оқытушылардың педагогикалық дәрежесін асыру бойынша әдістемелік орталық өз қызметінде жүзеге асырып келуде.

Орталық Азия өңіріндегі ең көне және атақты әскери оқу орнында төмендегі бағыттағы мамандықтар бойынша офицерлер даярланып келінген:

— мотоатқыш пен шекара жасақтары бөлімдердің командирлері;

— барлаушы бөлімдердің командирлері;

— мотоатқыш және шекара жасақтары бөлімдері командирлерінің тәрбиелік жұмыстар бойынша орынбасарлары.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жыл 25 сәуірдегі қаулысына сәйі Ташкент жоғары жалпыәскери командирлік іс атқару оқу орны Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері Академиясымен біріктіріліп, Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері Академиясы деп атала басталды.

Академияда үш факультетте оқу ұйымдастырылған:

— академия тыңдаушылары үшін — командирлік іс атқару-штаб факультетінде екі жылдық оқыту бағдарламасы негізінде;

— курсанттар үшін — жалпыәскер дайындығы факультетінде төрт жылдық оқыту бағдарламасы негізінде;

— офицерлер үшін — біліктілігін арттыру факультетінде үш айдан тоғыз айға дейін түрлі бағдарламалар бойынша.

Әскери Академиядағы жалпыәскер дайындығы факультетінде төмендегі бағыттағы мамандықтар бойынша офицерлер дайындалады:

— мотоатқыш және шекара жасақтары бөлімдері командирлері;

— барлаушы және радио-электрон күрес бөлімдері командирлері;

— командирлік іс атқару-тактикалық химиялық жасақтар;

— командирлік іс атқару-тактикалық инженерлік жасақтары;

— командирлік іс атқару тактикалық фронт артқы қамбасы (киім-кешек қамбасы, азық-түлік қамбасы, жанармай-майлау материалдары қамбасы);

— жасақтар бөлімдері командирлерінің тәрбиелік жұмыстар бойынша орынбасарлары.

Шыршық жоғары танк командирлік іс атқару-инженерлік оқу орны

Шыршық жоғары оқу орны 1918 жыл 16 қарашада құрылған. 1992 жылдың 14 қаңтарындағы «Мемлекет аумағында орналасқан барша әскери

бөлім және ұйымдарды Өзбекстан Республикасы юрисдикциясы астына алу» туралы Қаулы Ұлттық армияны құру жолында қажетті қадам болды. 1993 жылда оқу орны Шыршық жоғары танк командирлік іс атқару-инженерлік оқу орны деп атала басталды. Жоғары білікті кадрларды даярлау Шыршық жоғары танк командирлік іс атқару-инженерлік оқу орнының негізгі міндеті болып қалды. Ол заманауи оқу-материалды база, техника мен қару-жарақ, полигондар, танкодромдарға ие.

1995 жылдың 25 сәуірінде Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрі Қарулы Күштер Жоғары Бас қолбасшысы атынан оқу орнына Жауынгерлік туды тапсырды. Бұл оқиға әскери қоғамның психикалық-рухани көтеріңкілігіне, мақтанышының жетілуіне қызмет етті. 25 сәуір әр жылы оқу орнында мереке ретінде атап өтіледі. Тәуелсіздік жылдарында оқу орны көп тармақты негізде офицер кадрларды даярлау ошағына айналды. Оқу орнында жоғары кәсіби шебер профессор-оқытушылар өз қызметінде жүзеге асырып жатқан 14 кафедра істеп тұрыпты.

Жоғар оқу орны төмендегі бағыттар бойынша әскери мамандар дайындайды:

- танк жасақтарының командирі;
- танк жасақтарының инженерлік жұмыстары офицер-мамандары;
- әуе-десанты жасақтары командирлері;
- әуе шабуылынан қорғаныс жасақтары командирлері;
- әуе шабуылынан қорғаныс жасақтары инженерлік жұмыстары офицер-мамандары;
- Автомобиль бөлімдері үшін командирлік іс атқару-тактикалық инженерлік;
- командирлік іс атқару-тактикалық артиллерия;
- тактикалық инженерлік ракета-артиллерия оқ-дәрілері мен қарулары.

Жыззак жоғары әскери авиация оқу орны

Жыззак жоғары әскери авиация оқу орны Өзбекстан Республикасы бірінші Президенті И.Каримов ұсынысымен Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысымен, сондай-ақ Қорғаныс министрінің 1994 жыл 9 шілдедегі бұйрығына сәйкес ұйымдастырылған.

Оқу орны құрылған бірінші жылдарда офицер кадрлар төмендегі мамандықтар бойынша дайындалған еді: «Командирлік іс атқару-тактикалық вертолёт авиациясы ұшқыш-инженері»; «Жауынгерлік басқару офицері»; «Штурман»; «Самолёттер мен двигательдер бойынша инженер-техник»; «Авиация жиһаздары бойынша инженер-техник»; «Радиотехника жиһаздары бойынша инженер-техник».

Ұшу факультетінде оқу уақыты 4 жылды құрайтын еді, ал техника факультетінде 3 жылды. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері мен әскери білім беру жүйесінің реформалары тұрғысынан мамандарды даярлау қажетті санға дейін қысқартырылды.

Қорғаныс министрлігі жүйесінде жоғары мәліметті, жоғары білімді және дүниеге көзқарасы кең мамандарға қойылатын қатаң талаптардан оқу мерзімі алдымен 4 жылға, соң 5 жылға ұзайтырылды.

1995 жылда оқу орнына мерекелі түрде даңқ, табандылық пен батылдық белгісі болған жауынгерлік ту тапсырылды. Бұл оқиға оқу орны тарихында ұмытылмас сана болып қалды.

1997 жылдың қазанында оқу орнын бірінші қалдырғаштар — ұшқыш және инженер-техника мамандықтары бойынша 97 бітіруші аяқтады.

Орталық Азия мемлекеттерінде бұл бағыттағы дара оқу орны. Қазіргі күнде оқу орнында төмендегі бағыттар бойынша мамандар дайындалуда:

- вертолёт авиациясы ұшқышы;
- авиация жиһаздары инженері;
- авиация қарулары инженері;
- авиация радиоэлектрон жиһаздары инженері;
- ұшу аппараттарының двигательдері инженері.

Ташкент ақпарат технологиялары университеті қасындағы Қорғаныс министрлігінің арнайы факультеті

Ташкент ақпарат технологиялары университеті (ТАТУ) қасындағы Қорғаныс министрлігінің арнайы факультеті 1993 жыл 13 мамырда Министрлер Кабинетінің қаулысына сәйкес құрылған.

ТАТУ қасындағы Арнайы факультет Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштеріне әскери кадрларды дайындайтын жоғары оқу мекемесі есептеледі. «Арнайы факультет туралы Ережеге» қарай 1- және 2-курс тыңдаушылары университет студенті болып есептеледі, 3-курсқа өткеннен соң ант қабылдайды, жоғары әскери оқу орны курсанты мақамын алады және мемлекет қамсыздандыруына өткізіледі.

Факультетте оқу процесі «Өзбекстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары әскери оқу мекемелері туралы Ережеге» қарай «Телекоммуникация» және «Радиотехника» бағыттары бойынша Мемлекет білім беру старданттарына сай келетін бағдарламалар негізінде ұйымдастырылған.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері үшін жоғары білікті офицер кадрларды даярлау кезінде озық профессор-оқытушылар құрамы факультеттің студенттері мен курсанттарына гуманитар, әлеуметтік-экономикалық және арнайы пәндер, математика, информатика, физикадан білім береді.

Факультет бітірушісіне білім беру бағыты бойынша әскери маман дағдысы беріледі және жоғары мәлімет туралы диплом мен «лейтенант» әскери шені негізінде әскери мамандық номенклатурасына сай келетін «Телекоммуникация» және «Радиотехника» бағыттары бойынша төмендегі мамандықтар беріледі:

- радио мен аспан байланысы инженері;
- сымды радиореле мен тропосфера байланысы инженері;
- электр сымды байланыс құралдары мен автоматтандырылған басқару жүйесі инженерлері;
- радио және радиотехника барлаушылары мен радиоэлектрон күрес инженерлері;
- зенит-ракета жасақтары бөлімдері офицерлері;
- радиотехникалық жасақтары бөлімдері офицерлері;
- ақпарат қауіпсіздігі қызметі офицерлері.

Ташкент Медицина академиясы құзырындағы әскери-медициналық факультеті

Ташкент Медицина Академиясы құзырындағы әскери-медициналық факультеті Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2012 жыл 10 шілде күніндегі 203-санды «Ташкент Медицина академиясы құзырында әскери-медициналық факультетін құру туралы» қаулысы негізінде республикамыздың беделді жоғары оқу орындарының бірі болған Ташкент Медицина академиясы құзырында, Қорғаныс министрлігі Орталық әскери клиникалық госпиталы аумағында құрылды.

Әскери-медициналық факультетін құрудан мақсат:

— мемлекетімізге жоғары білікті, терең білімге ие болған, Отанға сенімді рухында тәрбиеленген, шынайы отансүйгіш медициналық қызмет офицерлерін даярлау;

— республикамыз медициналық оқу орындарының фармацевтика, стоматология, медициналық профилактика мен емдеу факультеттері студенттерінен резерв және запастағы медициналық қызмет офицерлерін даярлау;

— Қарулы Күштеріміз әскери құрамдары мен медициналық бөлімдерінде қызмет етіп жатқан медициналық мамандар құрамының біліктілігін асыру;

— әскери-медицина саласында ғылыми зерттеулер алып бару есептеледі.

Эскери-медицина факультетіне республикамыз медицина жоғары оқу орындарының емдеу факультетінде 4 жыл барысында үлгілі және жақсы бағаларға оқыған, салауатты және жетік студенттер әскери-мамандық байқауы негізінде, арнайы емтихандар мен тест сынақтары нәтижелеріне қарай қабылданады.

Факультетке қабылданған студенттер «курсант» мақамына және бірқатар заңда белгіленген жеңілдіктерге ие болады.

Эскери-медицина факультеті курсанттары республикамыз медициналық ғылыми орталықтарында, Ташкент Медицина академиясы клиникасы мен оқу бөлімдерінде, Орталық әскери клиникалық госпиталында құрылған оқу базаларында білім алады. Факультетте оқу процесі 2 жыл, яғни медициналық тәлімнің 5—6-басқыштарында жалғастырылады.

Эскери-медицина факультетін аяқтаған курсанттарға Қорғаныс министрінің бұйрығымен алғашқы — «Медицина қызметі лейтенанты» офицерлік шені беріледі. Медициналық қызмет лейтенанттары Қарулы Күштер әскери бөлімдерде «Медицина пункті бастығы» және «Медицина қызметі бастығы» лауазымдарында өз мамандық қызметін жалғастырады.

Өзбекстан Республикасы Ұлттық гвардиясы әскери-техникалық университеті

Өзбекстан Республикасы Ұлттық гвардиясы әскери-техникалық университеті 2017 жыл қазан айында бұрын Ташкент Жоғары әскери техника оқу орны базасында құрылған.

Университет қазіргі күнде қауіпсіздік бойынша Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері құрамы мен құқықты қорғайтын мекемелер үшін кадрлар даярлап береді.

1.2. Жоғары әскери оқу орындарына қабылдау тәртібі және ережелері

Болашақта офицер болу ниетіндегі әскерілеріміз мерзімді қызмет кезінде сынақтардан сәтті өтсе, оқуды жалғастырады және оқу дәуірі де әскери қызмет мерзіміне кіреді.

Жоғары әскери оқу орнына аяқталған орта мәліметті, қабылдау шарттары мен кәсіпке лайықтылығы байқауының барша талаптарына жауап беретін жоғары әдепті және ішең сапаларына ие Өзбекстан Республикасының азаматтары қабылданады.

Кәсіби мамандығы мен қызмет мерзімінен тыс, қызметтегі әскери қызметшілер мен запасқа босатылған әскери қызметке міндетті тұлғалар 23

жасқа дейін, азамат жастар, әскери кәсіпке бағыттаушы оқу орындарының бітірушілері оқуға кіріп жатқан жылы 1 қыркүйектен 17 жасқа толатын, басқа оқу орындарының оқушылары 21 жасқа дейін әскери оқу орнына қабылданады.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер оқуға кіру жылының 1 сәуірге дейін ереже бойынша командирі атына жазбаша рапорт тапсырады. Азамат жастар, оқуға кіру жылының 1 мамырға дейін жасау орнындағы аудан яки қала қорғаныс жұмыстары бөлімдеріне арыз береді. Қорғаныс министрлігі жоғары әскери оқу орындарына оқуға кіру жылының 10 маусымына дейін құжаттар қабылданады.

Кәсіпке қабілеттілік байқауы үшін кандидаттардың келу уақыты мен жерін оқу орны бастығы қорғаныс жұмыстары басқармалары мен бөлім командирлері арқылы хабар береді. Олар, өз кезегінде, кандидаттарды тегін жолақысы құжаттарымен қамтамасыз етеді. Оқу орнына келген абитуриенттер тегін азық-түлік және жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Кіру емтихандары басталғанға дейінгі, кандидаттар оқу орнында медициналық тексеруден өтеді. Денсаулығында кемістігі болғандығынан медициналық тексеруден өте алмаған абитуриенттерге қойылмайды. Барша абитуриенттер жалпы денетәрбиелік дайындықтар бойынша күштілік, шыдамдылық пен епшілдік (турникте тартылу, 3 км-ге кросс және 100 м-ге жүгіру) және кәсіби-психикалық арнайы таңдау әдісі бойынша тәжірибе емтихандарын тапсырады. Болашақ әскери кәсіп талаптарына жауап бермейтін абитуриенттер жалпы білім беретін пәндер бойынша емтихандарға кіргізілмейді және кандидаттар тізімінен өшіріледі.

Барша жоғары оқу мекемелері абитуриенттері сияқты курсанттыққа кандидаттар да тест тәрізіндегі математика, физика, ана тілі және әдебиет пәндерінен кіру емтихандарын тапсырады. Тест сынақтары үш тілде — өзбек, орыс және қарақалпақ тілінде өткізіледі.

Өзбекстан Республикасы Президентінің 2017 жыл 4 сәуірдегі Қаулысы негізінде, әскери қызметті өтеу кезінде жауынгерлік әлеуметтік-саяси қажеттіліктен жоғары нәтижелерге қол жеткізген, мерзімді әскери қызметті аяқтағаннан кейін орнатылған формадағы мінездемесі бар жоғары әскери оқу орнына кіретін азаматтарға өздерінің тест емтихандарында жинаған балдарының 50 пайызы мөлшерінде жеңілдік беріледі.

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 2004 жыл 12 сәуірдегі «Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері сержанттарының мақамы туралы» қаулысына қарай сержанттар құрамында 5 жыл шын жүректен қызмет еткен әскери міндеттілерге тест емтихандарында жинау мүмкін болған максимал балдан 20 пайыз мөлшерінде жеңілдік беріледі, сондай-ақ «Ең жақсы сержант» республика байқауының жеңімпаздары жоғары әскери

оқу орындарындағы байқаудан тыс кіру құқығына ие болады. Әскери кәсіби бағытты лицейлер бітірушілеріне кіру кезінде тест емтихандарында жинау мүмкін болған максималл балдан 10 пайызға дейін мөлшерде қосымша жеңілдік беріледі.

Оқу орнына қабылданғандар толық мемлекет қамсыздандыруына ие әскери қызметте болады. Оқу сессияларының нәтижелеріне қарай, үлгілілерге айлық ақшалы төлемнің 50%, ал жақсы бағаларға менгергендерге ақшалы төлемнің 25% мөлшерде қосымша ақша беріледі.

Оқу дәуірі барысында курсанттарға қыста екі апталық демалыс, оқу жылы аяқталғаннан кейін, бір айлық демалыс мен оны өткізу жеріне тегін жол құжаты беріледі. Оқу орнындағы оқу мерзімі төрт-бес жыл және ол жылдары Қарулы Күштер сапында кадр құрамындағы қызмет жылдары стажына кірітіледі. Оқу орнын аяқтағандарға «лейтенант» әскери шені беріледі және саласына сәйкес, мемлекет үлгісіндегі диплом мен төс белгісі тапсырылады.

Бақылау сұрақтары

1. Өзбекстанда қандай әскери жоғары оқу орындары бар?
2. Өзбекстандағы әскери жоғары оқу орындарының құрылған санасы мен тарихын айтып бер.
3. Әскери жоғары оқу орындарына орта мәліметті жастарды қабылдау тәртібін айтып бер.
4. Мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілер мен қызметті өтеп болғандарға қандай жеңілдіктер беріледі?

2-тарау. ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРУЛЫ КҮШТЕРІ ЖАСАҚТАРЫНДА ТӘРБИЕЛІК ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК ДӘСТҮРЛЕРДІҢ ОРНЫ

2.1. Командирлер, бастықтар мен олардың жеке құрамды тәрбиелеудегі орны

Командир тек қана әскери басшы, бәлкім өз қол астындағылардың тәрбиешісі де болады. Бастықтың бұл ерекшелігі Қарулы Күштер ережелерінде, алдымен, Ішкі Ережесінде көрсетілген. Командирлер мен бастықтар әскери-саяси тұрғыдан жан-жақты дайындалған, заманауи соғыс сырларын, жаңа қару мен жауынгерлік техниканы терең білетін, өзінде рухани-әдептілік сапаларды іске асырып отырған, әскери ғылымның,

педагогика және психологияның заманауи жетістіктеріне сүйенетін ұстаз бен тәрбиеші болады.

Командирлер мен бастықтар тәрбиеші ретінде тәуелсіздік идеяларына қатаң сенім, жоғары құқықтық пен рухани мәдениет, Отанға, халқына және Президентіне адалдық сияқты сапаларды тәрбиелеу үшін қол астындағылар арасында белсенді тәрбиелік жұмыстарды алып баруда. Жеке құрамға бар білімдері, біліктілігі, адамдарды сендіре алу, жоғары әдептілік сапалары, үлгілі әдеби мен жеке ғибраттарын сіндіру, халқымыздың менталитеті, әдет-ғұрпы мен дәстүрлері, діни нанымы, ұрпақтар дәстүрлеріне сенімдік, бабаларымыз тарихи тәжірибелерін тікелей есепке алған жайтта жұмыстарын ұйымдастырған.

Жауынгерлік дайындық әрбір армияның бірінші дәрежелі міндеті болып келген және солай болып келуде. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінде де жауынгерлік дайындық бас міндеттерден есептеледі. Ол уақытынша және маусымдық характерге ие болып, бір жерде тоқтап қалмайды. Мемлекетіміз бен Қарулы Күштер жетекшілігі жауынгерлік қажеттіліктің тұрғылықты жетілуі мен сапа тұрғысынан өсіп баруына жан-жақты мән беріп келуде. Бұл талаптарды орындау үшін армия материалды-техникалық жақтан тұрғылықты түрде жабдықталуда, бөлім және бөлімдер жақсы білімге ие болған жеке құраммен толтырылуда, оның саяси, рухани-әдептілік, жан-дүниелік, отансүйгіштік тәрбиесіне мән беріп келуде.

Жауынгерлік дайындықты құру барша командирлер, штаб қолбасшылық құрамы мен тәрбиелік жұмыстар бөлімдерінің бірінші дәрежелі міндеті есептеледі және ол Өзбекстан Республикасы Президенті — Қарулы Күштері Жоғары Бас Қолбасшысы нұсқаулары және Қорғаныс министрі бұйрығымен белгіленген жоспар негізінде жүзеге асырылады.

Құрам мен бөлімдердегі жауынгерлік дайындық тікелей командир басшылығы астында ұйымдастырылады, ол кез келген жаттығуды жоғары дәрежеде өткізуді ұйымдастыра білуі қажет. Кез келген санаттағы командир шеберлігі тек өз қаруын қандай шеберлікпен істете алуымен емес, оны қол астындағыларға үйрете алуымен де өлшенеді.

Жауынгерлік дайындық армия өмірінің барша түрлерін қамтыған. Олар бір-бірімен өзара тығыз байланысты. Жауынгерлік дайындықты қамтамасыз ету жауынгерлік және әлеуметтік-саяси дайындықтың барша бағыттары, қызметті құру, ішкі және гарнизон қарауыл қызметі, жауынгерлік кезекшілікке бағытталған. Жауынгерлік дайындықтың негізгі элементтерінің бірі сергектік.

Сергектік әрдайым дұшпан шабуылын қайтаруда бас рөлді атқарған. Міне, содан келіп шыққан жайтта әрбір жас әскер Қарулы Күштер сапына кіріп жатқанында, алдымен, сергек жауынгер болуға салтанатты түрде ант етеді.

Өңірімізде әскери-саяси жағдайдың күрделенуі әскери қызметшілер дайындығында командирлер алдына жеке жауапкершілік қояды. Олардың идеялық тұрғыдан шыныққан, ұлттық тәуелсіздік идеяларына, халқы мен Президентіне адал, сергек әскерлер болып жетілулеріне жеке мән беріледі.

2.2. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің жауынгерлік дәстүрлері

Жауынгерлік дәстүрлер — бұл армия мен әскери флотта тарихтан жас ұрпаққа өтетін соғыс жасау және әскери қызметті орындау әдебі ережесі. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері халқымыздың ұлттық тұрмыс салты, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары мен жалпы құндылықтары қайта тіктеліп жатқан бір кезде, Қарулы Күштеріміз жауынгерлік дәстүрлеріне ие бір әлемге — бағылдық пен ержүректілікке үндейді. Анадай, нандай әзиз Отан ұғымына серік етеді, оның қарауылы болу соншалықты абыройлы екендігін ұқтырады. Жауынгерлік дәстүрлер Өзбекстан Республикасы Отан, Егемен, Бостандық ты сую, Мемлекет туы, Әнұраны, Республика Президенті — Жоғары Бас Қолбасшысы, Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері, Әскери ант сияқты тәуелсіздік шарапатымен жүзеге асқан қасиетті терминдер көңілімізді мақтанышқа толтырады.

Жауынгерлік дәстүрлер — ер кісіні өз Отанының шекараларын лайықты қорғауға, ата-ананың тыныштығын, тұрғын үйін көз қарашығындай асырау, қарауылы, иесі бар ел тыныш болуына, шексіз далаларда рызқы өндірілуіне, тандырлары толық нан жабылатын, жігіт-қыздары әлди айтатын, мамалары бесік тербетіп бала әлдилейтін, дана бабалары жастарды елдің жетік перзенттері етіп тәрбиелейтін үлкен мемлекетті жан-тәнімен қорғауға үндейді.

Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің дәстүрлері Ұлттық егемен идеясы қоғамымыз өркениетінің идеологиялық жақтарын көрсетеді. Осы мағынада, бұл идея мемлекеттеріміз тәуелсіздігін бекемдеу, өлкемізде азат және абат Отан, еркін және жасампаз өмір сүруге қызмет ететін дара және ізшіл білім болады. Ол дәл теориялық әлеуметтік болмыстың шешімі түрінде көрініс тауып, өзіне тән қалыптасу заңдылықтары мен ерекшеліктеріне ие болған жалпыұлттық оқиға есептеледі. Ұлттық егеменділік идеясы өлкемізде жасайтын әрбір ұлт, әлеуметтік топ, партия яки қабат өкілі үшін жалпы

мөлшері болады. Өзбекстан халқының, тәуелсіздікті бекемдеу жолынан бара жатқан қоғамымыздың жалпы идеясы болады.

Ұлттық мемлекетішілік дәстүрлерімізді сақтау, мемлекеттеріміз шекараларының тұтастығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтарымызда жат идеяларға қарсы идеологиялық иммунитетті қалыптастыру, оларды еркін азаматтық қоғамын құру жолында біріктіру, Отан болашағы, ел тыныштығы, халық жасампаздығы жұмысына жұмылдыру — бұл идеяның негізгі мақсаты.

Әскери ант. Ант тарихы ұзақ өткенімізге барып тіреледі. Мәселен, Сайыпқыран Әмір Темір жасақтарында мынадай әдет болған: әрбір жасақ әскери қолбасшысы, ережеге сәйкес, әскерлер тексеруінен алдын билеушіге өз бөлімдерін таныстырған және оған адал болып қалуға ант ішкен. Жалалиддин Мангуберді, Бабыр жасақтарында да соған ұқсас ант ішуге мән берілген. Әрбір кезеңде әскер: **«Ушбу қасамәдимни бузсам, қонунларда белгиланган жазога ва халқнинг нафратига мубтало бўлай»**, деп ант ішкен және оған адал болған.

Жауынгерлік ант — Қарулы Күштеріміз әрбір жауынгерінің бүкіл өмірі барысында ар-намысы Заңы. Антты бұзу — Отан алдындағы ауыр қылмыс. Ант қабылдаушы Өзбекстан Республикасының бүкіл халқына қайрылып, **«Агар мен ушбу тантанали қасамәдимни бузсам, қонунларда белгиланган жазога ва халқнинг нафратига мубтало бўлай»**, деп ант етеді. Әскери ант мәтіні 1992 жыл 3 шілде күні Өзбекстан Республикасы Олий Кеңесі қаулысымен бекітілген.

Әскери ант мәтіні

Мен (фамилияси, исми, отасининг исми), Ўзбекистон Республикаси Қуролли Кучлари сафига кирар эканман, халқимга, Президентимга содиқ бўлишга тантанали қасамәд қиламан.

Мен Ўзбекистон Республикасининг Конституциясини ва қонунларини муқаддас билиб, уларга риязат этишига, ҳарбий низомларни, қўмондон ва бошлиқларнинг буйруқларини сўзсиз бажаришига, ҳарбий интизомга қатъий риоя қилишига, ҳалол, эасур ва сергак жангчи бўлишга қасамәд қиламан.

Сўнгги нафасим қолгунча она Ватанимнинг садоқатли фарзанди бўлиб қолишига, ҳарбий хизматнинг бутун машаққат ва қийинчиликларини сабот билан енгишига, давлат ва ҳарбий сирларни мустақкам сақлашига аждодларим руҳи олдида қасамәд қиламан.

Жонажон Ўзбекистонимнинг нурли истиқболи учун унинг давлат манфаатлари ва мустақиллигининг ҳимоячиси бўлишга қасамәд қиламан.

Агар мен ушбу тантанали қасамәдимни бузсам, қонунларда белгиланган жазога ва халқимнинг нафратига мубтало бўлай.



51-сурет. Ғскери антты қабылдау рәсімі.

Өзбекстан Республикасының бірінші рет әскери қызметке қабылданған яки әскери қызметті өтемеген және бірінші рет әскери жиындарға шақырылған азаматы әскери бөлімнің жауынгерлік туы алдында әскери ант қабылдайды.

Әскери антты:

— көмекке келген, жұмылдыру шақыру резервіне келген әскерлер мен матростар, олар тиісті бағдарламаларды өтегендерінен және матростардың негізгі міндеттемелерін, әскери анттың әскери бөлім жауынгерлік жалауы мен әскери тәртіптің маңызын меңгергеннен соң әскери бөлімге жетіп келген күннен бастап, екі айдан кешіктірместен;

— әскери оқу орындарының бұрын ант қабылдамаған курсант және тыңдаушылары дәл сол мерзім барысында қабылдайды.

Әскери ант жасайтындармен, әскери анттың маңызы және заңдарының Отан қорғанысы бойынша талаптары туралы бөлімдерде түсіндіру жұмыстары өткізіледі. Әскери ант қабылдауды тарихи, жауынгерлік және еңбек мақтаньшы орындарында, сондай-ақ Отан азаттығы мен тәуелсіздігі үшін соғыстарда шахид болған жауынгерлердің бауырмалдық мазарларында өткізү мүмкін. Әскери ант қабылдау күні бұл бөлім үшін жұмыс жасалмайтын күн саналады және мереке күні ретінде атап өтіледі (51-сурет).

Әскери ант мемлекет тұрғысынан Отанымызды лайықты қорғау бойынша әскери қызметшіге қойылатын негізгі талаптарды іске асырған құқықтық акт. Бұл — тәуелсіз Отанымыз, оның суверенитеті мен аймақтық тұтастығын қорғау бойынша нағыз жауынгерлік әрекеттер процесі яки тыныштық дәуіріндегі жауынгерлік оқулардың түрлі жағдайларында жауынгер әдебі мөлшерлерінің өзіне тән жинақталған көрінісі.

Әлеуметтік-саяси тұрғыдан ол жауынгерлерді Отанға адал қызмет етуге, әскери борышқа сенімді болуға үйретеді және өзінде халқымыздың ең жоғары ерекшеліктерін және жоғары отансүйгіштік сезімдері, ұлы бабалар дәстүрлері мен әсиеттеріне адалдығын көрсетеді. Бүгінгі күнде Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері жауынгерлері бабаларымыз ерліктеріне адал болып қалуда және оларды жалғастыруда. 1999—2000, 2005 жылдарда мемлекеттеріміз аумақтарына бір топ жауыз күштер бастырып кіргенде, жауынгерлеріміз өз әскери анттарына адал жайтта Отанымызды дұшпаннан қорғады.

... 5 тамыз күні таңертең барлаушылар берген мәлімет бойынша дұшпан орналасқан жер авиация бөлімі тарапынан тексеріліп, көрсетілген нүктелерге соққы берілді. Жеке топ тарапынан майданды тазалау жұмыстары басталды. Жасырынып қалып жан алаңдауында болған дұшпан кенеттен атыстарды бастады. Топ шұғыл түрде ыңғайлы позицияға өтіп, дұшпанға қарсы ұрысқа кірді. Дұшпан күшінің көп болғандығынан, жауынгерлер қоршауда қалды.

Әсіресе үңгір ішіне жасырынып, соққы беруге ұмтылып жатқан дұшпанмен соғыс қиын кешетін. Үлкен сержант Маруфжан Ражабов қолайлы позицияны иелеп, дұшпанға соққы беріп жатқандығына қарамай, дұшпан оғы оны жарақаттады, бірақ ол соғысты жалғастырды. Бөлім фельдшері Қахраман Мадолимов оған көмекке келді. Өз жанын қауіп-қатерге қойып болса-да, жарақаттанған жауынгердің өмірін сақтап қалуға асықты.

Өз адамилық, кәсіби және қызмет борышын оқтардың жаңбыры астында орындауға кіріскен Қахраман қысқа мерзімде жарадардың алдына келді және оның жарақатын байлады. Бірақ дұшпанның оқ жаңбыры оны да шеттеп өтпеді. Қахраман жарақаттанып жатқан саптасы туралы ойлайтын еді. Не болса да оның өмірін сақтап қалу керек. Ол бар күшін жинап, жарадарды көтерді де, әрекетке түсті.

Дұшпан ордасы орналасқан жерге аяусыз соққы беріп жатқан келісім шарт бойынша әскери қызметші сержант Ұлықбек Барноев қысқа мерзімді жым-жырттан пайдаланып, Қахраман Мадолимов пен Маруфжан Ражабовқа көмек беру үшін өзін соғыс майданына тастады. Аталмыш соғыс келісім шарт негізінде әскери қызметшілер — Қахраман Мадолимов, Маруфжан Ражабов пен сержант Ұлықбек Барноевтар үшін соңғы соғыс болды. Ержүрек жауынгерлер соңғы деміне дейін әскери борыш, әскери достық, ержүректік, адамилық, Отан және халық алдындағы өз Әскери анттарына адал қалды.

2005 жыл 13 мамырда Өндіжан қаласында қайғылы оқиға орын алды. Бір топ терроршылар қаланың бірнеше объектінде қопарушылық әрекеттерін жасауға ұмтылды. Бірақ бұл жауыз мақсаттарға қол жеткізуіне жол берілмеді. Арнайы жасақтар тарапынан өз кезінде көрілген шаралардан терроршылар қолға алынып, заң шеңберінде жауапкерлікке тартылды. Бірақ бұл әрекеттер барысында жауынгерлік міндетті орындап жатқан уақытта капитан Бахром Жураев қаһармандарша қайтыс болды. Бұл Отанымыз қызметшілерінің өлкемізді әрдайым қорғауға және әскери ант талаптарын орындауға дайын екендігін көрсетеді.

Соңғы демі қалғанға дейін Отаны, халқы, қасиетті өзбек жерінің сенімді перзенті болған, ұлы ата-бабаларымыз – Шырақ, Тумарис, Спитамин, Мұқанна, Махмұт Тараби, Жалалиддин Мангуберді, Әмір Темір, Захириддин Мұхаммед Бабыр, патшалықтың басқыншылық саясатына қарсы ерлерше күрескен азаттық құрбандары, ХХ ғасырдың 20—30 жылдарында ұлттық тәуелсіздігіміз үшін жанын пидә еткен өзбек халқының нағыз перзенттері, Екінші дүние жүзі соғысы жылдарында дүниені фашизм қалдығынан айыру жолында шахид кеткен отандастарымыз; 1999—2000, 2005 жылдарда Отанымыздың шептеріне сұғылып кіруге әрекет жасаған терроршыларға қарсы әрекеттерде жанын пидә еткен Бахром Жураев, Сайер Садинов, Алишер Салимов, Бабуржон Ғаниев, Жүнісжан Охунов, Махмуджон Жалилов және басқа жауынгерлер рухы алдында ант етеді. Осы себепті де ант әскери қызметші үшін қасиетті есептеледі.

Әскери бөлімнің Жауынгерлік туы. Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштері әскери бөлігінің Жауынгерлік туы — әскери даңқ, ерлік пен даңқының рәмзі. Ол Өзбекстан Республикасы Қарулы Күштерінің әрбір әскери қызметшісіне оның Отанға жанкештілікпен қызмет ету, оны қайсарлық және шеберлікпен қорғау өзінің соңғы тамшы қаны мен өмірді аямастан аяулы топырақтың әрбір қарышты табандылықпен қорғаудай қасиетті борышы туралы ескерту саналады.

Жауынгерлік ту әскери бөлімге ол түзілуімен Өзбекстан Республикасы Президенті атынан Қорғаныс министрлігі өкілдері тарапынан тапсырылады. Жауынгерлік ту бөлімнің аталуы мен нөмірленуінің өзгеруінен тыс, барша дәуірлерде әскери бөлімнің еркінде сақталады. Әскери бөлім аталуы және нөмірленуіндегі өзгерулер Өзбекстан Республикасы Президентінің Жауынгерлік ту тапсыру барысында берілетін Жарлығында белгілеп өтілген.

Жауынгерлік жалау әрдайым өз әскери бөлімімен, соғыс майданында, бөлім жауынгерлік әрекеттері аумағында болады. Бөлімнің бүкіл жеке құрамы соғыста Жауынгерлік туды жан-тәнімен ерлікпен қорғауға, оның дұшпан тарапынан иеленуіне жол бермеуге мәжбүр. Қазіргі күндерде Қарулы Күштеріміз жауынгерлері тыныштық үкім сүрген кезеңде өз бөлімдерінің жауынгерлік туларын сеніммен қарауылдап, жауынгерлік саяси дайындықтағы сәттіліктерге қол жеткізуге жетелеуде. Жауынгерлік туды қарауылдауда сақшы посы қойылуда, бұл ең жауапты посттардан есептеліп, үлгілі әскерлерге сеніп тапсырылады. Желбіреген Жауынгерлік ту астында әскер-матростар, сержант-старшиналарды сыйлы ынталандырумен фотосуретке алынады.

Бақылау сұрақтары

1. Командирлер, бастықтар мен олардың жеке құрамды тәрбиелеудегі орнын айтып бер.
2. Қарулы Күштердің жауынгерлік дәстүрлерін санап өт.
3. Жауынгерлік ант қабылдау тәртібі қандай?
4. Жауынгерлік антқа адал болып қайтыс болған замандастарымыз туралы айтып бер.
5. Әскери бөлім жауынгерлік туының маңызы неде?

IV БӨЛІМ. ӘСКЕРИ ЖҰМЫС НЕГІЗДЕРІ

1-тарау. ЖАЛПЫЖАСАҚ СОҒЫСЫНЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Шамалы дұшпанмен бетпе-бет келу жағдайында шабуылға өту және бірден шабуылға өту әдістері

Дұшпанмен бетпе-бет келу — қарама-қарсы тарап бөлімдері қорғаныста тұратын жасақтардың жағдайы. Ол дұшпан қайсыбір шепті иелеген, қатты қорғаныста тұрып оны ұстап қалған, оның жауынгерлік тәртібін жарып өтуге жол бермеген, шабуылға өтетін тарапты қорғанысқа өтуге мәжбүр еткен жағдайда пайда болуы мүмкін.

Дұшпанмен бетпе-бет шабуылға өту бастауыш жағдайдан басталады. Бастауыш жағдай — шұқыр (окоп) есептеліп, оны жауынгер жасырын жағдайда командир көрсеткен уақытта иелейді. Әскер шабуыл үшін бастауыш жағдайда дұшпанның жорамалдағы шабуылын қайтаруға әрдайым дайын болуы керек.


Шабуылға даярлану уақытында әскер өзі әрі топтың міндетін; мина-жарылғыш бөгеттерден өту тәртібін анықтап алады; қарудың жарамдылығы және оның ұрысқа дайындығын, белгіленген мөлшердегі оқ-дәрі бар-жоқтығын, жеке қорғаныс құралдарының бар екендігі мен оның жарамдылығын тексереді; киімдері мен оған тағылатын жабдықтарды көріп, дұрыстайды, әрі сигналдарды үйренеді.

Топ позициясына танктер жақындағанда, командирдің **«Гурух, хамлага шайлан»** командасына негізінен, әскер қаруын оқтауға, оны сақтандырғыштан шешуге, қолгранаталарын әрекетке дайындауға (запалдар қойылады), найзапышақты орнатуға мәжбүр. Танктер топ позициясына келуімен **«Гурух, хамлага олға»** командасы бойынша әскер тез окоптан секіріп шығады және басқа жауынгерлермен сол бағытта шабуылға өткен танк артынан жүтіріп яки тез қадам тастап, алға әрекеттенеді.

Жаяудың жауынгерлік машинасы (бронетранспортер — БТР) бұл уақытта дұшпанға оқ ашқан жайтта топтың мина-жарылғыш бөгеттерден өтуін қамтамасыз етіп, топ артынан межеге әрекеттенуге қажетті жағдайда тұрады. Жеке құрамның мина-жарылғыш бөгеттерден өтуі мен қорғаныстың алдыңғы межесіне шабуыл жасауы жаяу тәртіпте бірден шабуыл жасауға ұқсап жүзеге асырылады.

Шабуыл кезінде әскер топ шабуыл бағытындағы жерді және қанаттарды күзетіп, жердің жағдайы, ондағы предметтерге жасырынған жайтта траншея мен байланыс жолдарынан сырттағы дұшпанға жақын соғыс құралдары мен гранаталарын қолдап, дұшпанды өз уақытында табады және жояды. Танктер әрекеті тоқтап қалмауы және шабуылдағы топ әскерлері олардан ажыралып қалуға мәжбүр етілуінің алдын алады. Соның үшін әрбір әскер дұшпанның әрекетін тез көздеп алып, дереу дұшпанның оқ ату құралдарын, алдымен, танкке қарсы және тірі күштерін жою үшін оқ атады.

Бірден шабуылға өту. Бірден шабуылға өту алдынан әскер өз тобы құрамында командир көрсеткен жерге жасырын жайғасады, ол жерде



52-сурет. Топтың бөгеттерді танк ізінен жүрген жайтта басып өтуі.

қаруы мен жауынгерлік техниканы дайындайды және дұшпанның жер, әуеден болатын шабуылдарын қайтаруға әрдайым жауынгерлік дайын түрде тұрады.

Орындалып жатқан міндетке, жер характері мен жағдайдың басқа шарттарына қарай, әскер мотоатқыш топ құрамында жаяудың жауынгерлік машинасы (бронетранспортер), жаяу яки танкте десант түрде әрекеттенуі мүмкін.

Жаяудың жауынгерлік машинасында (бронетранспортер) шабуылға өтіп жатқанда, әскер алдыннан отыруға дайындалады. Мұнда ол негізгі назарды өзінің жеке экипировкасына, қаруының жарамдылығына, белгіленген оқ-дәрі мөлшеріне, мұнан тыс, қарудың оқталмағандығына қаратады. Егер **«Қурол ұқлансин»** командасы берілген болса, автомат сақтандырғышқа қосылғандығын тексереді, найза-пышақ шығарып алынады.

Секция құрамындағы әскерлерді жауынгерлік машиналарға өткізу үшін машина алдындағы белгіленген жерде **«Мошинага»** командасы (сигналы) бойынша қатарға тұрады. **«Жойларга»** командасында (сигналы) әскерлер дөңгелектер, шынжырлар, аяқ қоятын жерден пайдаланып, жауынгерлік машинадағы орындарды иелейді.

Өткізу уақытында қару ыңғайлы өтіп алынады (ПК пулеметінен тыс). Пулемет жайғастырылып жатқанда, әскери қызметші яки артта тұрғанға ұзатылады.

1.2. Жаяу тәртіпте шабуылға өту

Секция командирінің жаяу тәртіпте шабуылға өту бойынша **«Секция, пиеда тартибга тәйёрлан»** командасын алған механик-жүргізуші (жүргізуші) жауынгерлік машинаның әрекеттену жылдамдығын азайтады, әскер жасырын жерден қаруын шығарып, оны сақтандырғышқа қояды және жаяу жүруге дайындалады.

Әскердің жауынгерлік машинадан шығуы (жаяу жайтқа өтуі) — арт есік арқылы; бронетранспортерден түйнік арқылы жүзеге асырылады. Жауынгерлік машинаның жаяу жайтқа өту межесінде секция командирінің **«Машиналарга»** командасы бойынша механик-жүргізуші (жүргізуші) әрекетті баяулатады яки жер жағдайы мен бар болған пана жерде қысқа мерзімге тоқтайды.

Секция командирінің командасы бойынша әскер жауынгерлік машинадан секіріп түседі. Шабуыл басталуымен әскер шабуыл жасалып жатқан объект және олардан өту тәртібін анықтап алады.

Танктің арғынан ізбе-із жүріп, ол өзінің алауымен дұшпанның оқ жаудыру құралдарын жояды, бірінші кезекте, танкке қарсы заттарды, секция әрекетіне кедергі беретін ең қауіпті нысаналарды өз уақытында танкке көрсетеді.

Шабуылдың қарқынды болуы — сәттілік кепілі. Миналанған майданға жақындағанда, топ командирінің **«Гурух, менинг ортимдан бир (икки) колонна бўлиб, миналаштирилган майдондан очилган йўлакка, югур»** командасы бойынша пулеметші бірінші болып жолаққа жақындайды, оқ жаудыру топ әрекетін жасырып тұрады. Қалған әскерлер бір колонна болып қатарға тұрып, танк арғынан оның ізінен яки дайындалған жолақтан жүріп, жаяу әскерлер жауынгерлік машинасының (бронетранспортер) алауды жауып тұруы астында миналанған жерді басып өтеді. Миналанған жерден өтіп болып, әскер топ командирінің **«Гурух, жангга олға»** командасы бойынша тағы топ шынжырында өз орнын иелеп, жүрген жайтта дұшпанға қарай оқ атып, қарқынды түрде шабуыл нысанына қарап әрекеттенеді.

Траншеяға 30—35 м жақындаған әскер командирдің **«Граната билан ўт оч»** командасына сәйкес, гранатаны траншеяға лақтырады және өте қарқынды түрде, еңкейген жайтта қорғаныстың алдыңғы межесіне жүтіріп шығады, дұшпанды жақын қашықтықтан оқ жаудырып жояды және көрсетілген бағыт жаққа тоқтаусыз шабуылды жалғастырады.

Егер әскер траншеяда яки байланыс жолында соғыс алып баруға мәжбүр болса, онда тез әрекеттенуі керек. Траншеяға яки байланыс жолына кірісуден алдын әскер граната лақтырады және автоматтан бір-екі рет оқ атады.

Траншея яки байланыс жолдарында дұшпан жақтан орнатылған «кірпі», «айырық» және басқа көріністегі сымды тосқауылдар найзапышақпен жоғарыға шығарып тасталады яки гранатамен жарылдырады. Егер мұны орындаудың мүмкіндігі болмаса, мұндай учаске жоғарыдан жасырынша айналып өтіледі.

Дұшпан траншеясында әрекеттеніп жатқанда, мұқияттылықпен траншеяда мина және басқа жарылғыш құрылғылар жоқтығын тексеру керек. Мина-жарылғыш бөгеттер табылғанда, оларды залалсыздандыру қажет, мүмкіндігі болмаса, анық көрінетін ескертетін белгі қойылуы керек.

Дұшпанды мұндай жағдайда жою өте қиын, әскер негізінен, қол ұрысын алып бару шеберлігіне, қаруы мен күшіне сеніп, мұнда найза шаншу, мылтықтың дүмі (магазин) яки жаяу күрегімен ұруды, граната лақтыру және жақын қашықтықтан оқ атууды ескеру керек.

Мотоатқыш топ взводта батальон резерві құрамында, штурмшы топ пен жауынгерлік әрекеттенуі, одан тыс, тактикалық десанттың алдыңғы тобында әрекеттенуі мүмкін.

Ережеге қарай, мотоатқыш топ 200 м фронтта шабуылға өтеді, мотоатқыш секция жаяу тәртіпте фронт бойынша 50 м әрекеттенеді. Мотоатқыш топқа шабуылда шабуыл жасау объекті мен кейіннен шабуыл ұйымдастыру бағыты көрсетіледі. Радио арқылы жауынгерлік міндет қойылып жатқанда, топқа кейіннен шабуыл ұйымдастыру бағыты көрсетілуі мүмкін.

Мотоатқыш топтың шабуыл объекті болып, әдетте, окоптағы яки басқа тірек пунктінің қорғаныс ғимараттарындағы дұшпан мен шабуыл бағытында орналасқан танктер, зеңбіректер, пулемёттер мен басқа оқ ату құралдары есептеледі. Шабуыл жауынгерлік тәртіптегі мотоатқыш бөлімдерінің танктер, жаяудың жауынгерлік машиналары (бронетранспортёрлер) тез оқ атуымен біргеліктегі қарқынды және тоқтаусыз әрекетінде, дұшпанмен жақындағанда, оны жою мақсатында басқа қару түрлерінен атып, әрекеттенуінде көрініс табады.

Мотоатқыш топтың жеке құрамы жаяу жағдайға өткенде, жаяулардың жауынгерлік машиналарында (бронетранспортёрлер) нысанаға алатын-операторлар (бронетранспортёр пулеметшілері) мен механик-жүргізушілер (жүргізуші) қалады, олар жауынгерлік машиналардың қару-жарақтарынан оқ атып, ұрыста өз бөлімдерін қолдайды.

Тау шабуылында жердің жүруі қиын учаскелерінде мотоатқыш топ взводтан ажыралып, өздігінен әрекеттенеді, секция, ережеге сәйкес, топ құрамында болады. Мотоатқыш топ (секция), әдетте, жаяу тәртіпте әрекеттенеді.

Шөлді (дала) жерлердегі шабуылда топ (секция) дұшпан қорғанысындағы және аралықтар мен ашық қанаттары ішкеріге қарқынды түрде кіріп бару және тірек пункттеріне арт жақтан қатаң шабуыл жасау үшін кең қолдайды.

Бақылау сұрақтары


1. Дұшпанмен бетпе-бет келу жағдайында шабуылға өту тәртібін сипаттап бер.
2. Бірден шабуылға өту тәртібін сипаттап бер.
3. Жаяу тәртіпте шабуылға өту тәртібін сипаттап бер.

2-таърау. ЖЕРДЕ КАРТАСЫЗ ОРИЕНТИР АЛУ


2.1. Жерде әртүрлі жағдайларда картасыз ориентир алудың өзіне тән ерекшеліктері

Аумақта картасыз ориентир алу қажетті маңызға ие болып, ол төмендегілерден тұрады: горизонт тараптарының бағыттарын анықтау; айналаны қоршап тұрған жергілікті предметтер мен рельеф формаларына қарай өзі тұрған жерді анықтау; әрекеттену үшін таңдалған яки көрсетілген бағытты сақтау. Жауынгерлік жайттарда ориентир алуда жоғарыда көрсетілгендерден тыс және дұшпан әскерлерінің орналасу жағдайы мен бағыты анықталады.

Топографиялық карталар, аэрофото суреттер, жауынгерлік және қолбасшы-штаб машиналарына орнатылған навигация құрылғылары көмегінде аумақта ориентир алуға болады. Жауынгерлік жағдайларда ориентир алуда төмендегі қарапайым әдістерге негізделеді: компас бойынша, аспан жарытқыштары мен жергілікті бұйымдардың белгілері арқылы. Бұл қарапайым әдістермен ориентир алынса, олар горизонт тараптарын анықтау және әрекет бағытын сақтап тұруға жәрдем береді.



53-сурет. Горизонт тараптарының орналасуы.



54-сурет. Компас көмегінде горизонт тараптарын анықтау.

Жерде әр түрлі жағдайларда картасыз ориентирленудің өзіне тән ерекшеліктері бар. Ориентирлену туралы білімдерді одан әрі байыту мақсатында жаттығуларды практикалық тәрізде өткізу ұсынылады.

10-сыныпта меңгерілген мәліметтерге қосымша түрде төмендегі әдістердің біріне тоқталып өтеміз.

Горизонт (күн) тараптарын дала жағдайында анықтау әдісі. Мұның үшін компасан пайдаланылады. 53-суретте горизонт (күн) тараптарының дала жағдайындағы орналасуы көрсетілген.

Горизонт тараптарын компас көмегінде (54-сурет) анықтау үшін ол горизонтал жағдайда ұстап тұрылады, миль тежеуіші қойып жіберіледі және компас солай қойылсын, яғни компас шкаласының нөл бөлігі (С) мильдің солтүстік ұшы қарсысында болсын. Бұл жағдайда Ш шкаласының бөлігі (0°) солтүстік бағытын, Ш (90°) — шығыс, О (180°) — оңтүстік, Б (270°) — батысты көрсетеді.

Аумақта ориентир алу жалпы яки толық болуы мүмкін.

Өзі тұрған жердегі әрекеттену бағыты мен бағыттың соңғы пунктіне жетіп бару уақытын болжамды анықтау *жалпы ориентир алу* делінеді.

Толық ориентир алу өзі тұрған және түрлі объектердің орналасқан жерлері мен әрекеттену бағытын анықтауда толық анықтыққа қол жеткізу. Толық ориентир алу карталар, аэрофотосуреттер бойынша және навигация құрылғылары жәрдемінде жүзеге асырылады.

Сриентирлерді таңдау және олардан пайдалану. Өзінің тұрған жері, объекттер мен нысаналардың орналасқан жерлері мен әрекеттену бағытын шамалап анықтауда пайдаланылатын жергілікті предметтер және рельеф формалары *сриентирлер* деп аталады. Олар әдетте, формасы, түсіне қарай ерекшеленеді және қоршап тұрған аумақты байқауда оңай танылады.

Ориентирлердің *майданды, сызықты және нүктелі* түрлері бар.

Майданды ориентирлерге тұрғындар пункттері, орманның жеке бөлектері, көлдер, батпақтар мен басқа үлкен майданды объекттер кіреді. Мұндай ориентирлер аймақты үйренуде оңай танып алынады және жадында сақталып қалады.

Сызықты ориентирлер оншалықты үлкен болмаған кендікке ие, үлкен ұзындықтағы жергілікті предметтер мен рельеф формалары болып, оларға жолдар, өзендер, каналдар, электр ұзату жүйелері, торлы пластиктер мен басқалар кіреді. Ережеге сәйкес, олардан әрекет бағытын сақтау үшін пайдаланылады.

Нүктелі ориентирлерге түрлі формадағы құрылыстар, зауыт пен фабрикалардың құбырлары, ретрансляторлар, көпірлер, жолдардың қиылыстары, карьерлер, шұқырлар мен оншалықты үлкен майданды иелемейтін басқа жергілікті предметтер мен рельеф формалары кіреді.

Аумақта сенімді ориентир алуды қамтамасыз ету көп тұрғыдан дұрыс ориентир таңдауға да байланысты. Күндізгі әрекеттену бағытын сақтау үшін ұзақтан оңай танылатын ориентирлер таңдалады, мәселен, жеке кіші ормандар, мұнара формасындағы ғимараттар, ағаштар мен соларға ұқсас нүктелі ориентирлер. Әрекеттену барысында жаңа ориентирлер тандалып барылады. Көрінісі шектелген жағдайларда әрекет бағытын сақтау үшін сызықты ориентир таңдалады.

Қыс мезгілінде жеке ажыралып тұратын қара түсті предметтерді ориентир үшін таңдау қажет, себебі қар қабатының бар екендігінен рельеф формаларының белгілері сезілмей қалады.

Ориентирлерді таңдауда әр түрлі нүктелерден қаралып, олардағы көріністер мен өзара орналасқандағы өзгерістерді есепке алу қажет. Бұл жағдай, негізінен таулы аймақтарға тән. Ориентир ретінде тандалған предметтер мен рельеф формалары кейде тау жолдарын бойлап әрекеттеніп бара жатқанда көзден жоғалуы мүмкін.

Ориентирлер барынша алдыңғы тараптан, бірдей ұзақтықта таңдалады, бұл нысандардың орналасқан жерін жылдам және анық көрсетуге

мүмкіндік жаратады. Ориентир оңнан солға, мәрелер бойынша өзі тұрған жерден дүшпан тарапқа қарай нөмірленеді. Өрбір ориентирге оны жадында сақтау үшін қолайлы, тән белгілерді есепке алып, шартты аттар қойылады, мәселен, биіктік — «Жазық», кіші орман — «Ұзын», «Сары ор». Бастық тарапынан белгіленген ориентирлердің нөмірлері мен аттары өзгертірілмейді.

2.2. Күнге қарай предметтердің орналасуына қарап горизонт тараптарын анықтау

Мұнда предметтер күнге қарай төмендегідей жайғасады:

— көпшілік ағаштардың қабығы солтүстік жақта қалыңдау, оңтүстік жақта жұқа және оралымды (ақ қайыңда аппақтау) болады;

— қарағайда екінші қабық (тоққоңыр, жарылған) солтүстік жақта денесі бойлап жоғарыға көтеріледі;

— ағаштар, тастар, ағаш пен черепицалардың солтүстік жағы липшайник және саңырауқұлақтармен ертерек және көбірек қапталады;

— инежапырақты ағаш түрлерінде желім солтүстік тарапта көбірек жиналады;

— құмырсқа ұялары ағаш, төңке және бұлттардың оңтүстік жағында жайғасады, мұнан тыс, құмырсқа ұяларының оңтүстігі тегістеу болады;

— ұсақ жеміс (кұлпынай, қара бұлдірген және осы сияқтылар) және ағаш жемістері оңтүстік тарапта лезде жетіледі;

— жазда үлкен тастар, ғимараттар, ағаштар мен бұталар алдындағы жер оңтүстік жақта құрғақтау болады (мұны қолмен ұстап анықтауға болады), қар оңтүстік бөктерінде тез ериді, еру нәтижесінде қардың оңтүстік тарапында кертіктер пайда болады, тауларда емен оңтүстік тараптарында тез өседі.

Горизонт тараптарын жергілікті предметтер көмегінде анықтау болжамды нәтижелер береді, осы себепті бірінші мүмкіндікте горизонт тараптарын анықтаудың дұрыс әдісінен пайдалану керек.

Әскери бөлімдерде картасыз ориентирленуден кейін әскери қызметшілерге топографиялық және тактикалық ориентирлену үйретіледі.

Топографиялық ориентир алу өткізілу уақыты, горизонт тараптарын, тұрған жер нүктесін, жерді орап тұрған объекттер жағдайын анықтауды өз ішіне алады.

Топографиялық ориентир алу, алдымен, қайсыбір предмет бойынша солтүстікке бағытты және өзіне ең жақын әрі жақсы көрініп тұратын ориентирге қарап жер жағдайын көрсетеді.

Сондай-ақ топографиялық ориентир алуда жердің керекті ориентирлері мен басқа объекттері, оларға бағыт пен оларға дейін болған болжамды қашықтық көрсетіледі. Ориентирге бағыт тұрған жерге қарай (алдында, оңда, солда) яки горизонт тараптары бойынша көрсетіледі. Объекттердің аты мен оларға дейін болған қашықтық карта арқылы анықталады.

Тактикалық ориентирлену дұшпан жасақтары, өз бөлімдерінің орналасуын көрсету және әрекет сипаттамасын анықтаудан тұрады.

Тактикалық ориентир алудан алдын бастауыш көрсеткіштерді ұқыптылықпен даярлау керек.

Барлаушы бақылау посында ориентир алуды қаншалықты жақсы дайындаса, жауынгерлік міндетті орындауда нысан көрсету соншалықты оңай және тез жүзеге асырылады.

Бақылау сұрақтары

1. Аумақта картасыз ориентир алу нелерден тұрады?
2. Ориентирлердің қандай түрлері бар?
3. Горизонт (көкжиек) тараптары компас көмегінде қалай анықталады?
4. Күнге қарай предметтердің орналасуына қарап горизонт жақтарын анықтау әдістерін айт.
5. Топографиялық және тактикалық ориентир алу бір-бірінен несімен ерекшеленеді?

V БӨЛІМ. АТУ ДАЙЫНДЫҒЫ


ОРНЫНДА ТҮРЫП ҚОЗҒАЛМАЙТЫН ЖӘНЕ ПАЙДА БОЛАТЫН НЫСАНАЛАРҒА ОҚ АТУ

Ату дайындығы сабақтарында, алдымен, қарудың мүмкіндіктері үйреніледі. Нысананы көздеу және оқ ату ережелері үйреніп шығылады. Нысаналар, өз кезегінде қозғалмайтын және пайда болатын нысаналарға ажыратылады.

Қозғалмайтын нысаналар — бір жерде орналасқан және соғыс майданында жерді алмастырмайтын нысаналар, оқу практикасы кезінде шеңберлі нысаналар, тирлер мен тренажерлерден пайдаланылады. Пайда болатын нысаналар көбінесе ату дайындығы сабақтарында жаттығуларға кірітіледі.

*Орнында тұрып қозғалмайтын нысаналарға күндіз оқ ату.
Бастауыш ату жаттығуын автоматта (пневматикалық қаруда,
ату жаттығу құрылғысында яки дала жағдайында) орындау*

Нысаналар: көкірек формалы шеңберлермен (4-нысана $0,75 \times 0,75$ м-лі тақтада жайғастырылады) — әрекетсіз; тақта жер деңгейі жүзінде орнатылады



55-сурет. Оқ жаудыру сызығы.

(аралықсыз); шабуылға өтетін (қарсы шабуылға өтетін) жаяу — бойлы форма (8-нысана), шектелмеген уақытқа пайда болады.

Нысаналарға дейін болған қашықтық: көкірек формасына дейін — 100 м; шабуылға өтетін (қарсы шабуылға өтетін) жаяуға дейін — 200 м.

Патрондар саны:

— автомат үшін — 9 дана; карабин, 1891/30 у. үлгілі мылтық үшін — 5 дана, бұлардың үшеуі шеңберлі көкірек формасына ату үшін.

Ату үшін уақыт: шектелмеген.

Ату жағдайы: жатып тіреуішпен.

Баға: екі нысананы жою: «үлгілі» — 25 ұпай; «жақсы» — 20 ұпай; «қанағаттанарлы» — 15 ұпай.

Әуе мылтығынан тирде жаттығу орындау

Нысана: шеңберлі (56-сурет)

Нысанаға дейін болған қашықтық: 10 м

Оқтар саны: 5-еу

Ату үшін уақыт: шектелмеген

Ату жағдайы: тұрып тіреуішпен

Баға: «үлгілі» — 45 ұпай; «жақсы» — 40 ұпай;

«қанағаттанарлы» — 30 ұпай.



56-сурет. Шеңберлі нысана.

Бақылау сұрақтары

1. Нысаналар қандай түрлерге бөлінеді?
2. Орнында тұрып қозғалмайтын нысаналарға күндіз оқ ату және әуе мылтығында тирде жаттығу орындау үшін неше патрон ажыратылады?

АВТОМАТ ПЕН МЕРГЕНДИК МЫЛТЫҒЫМЕН «ЖАНГТА» КОМАНДАСЫН ОРЫНДАУ

«ЖАНГТА» командасын
тұрған түрде орындау (оң
жақтан көрінісі)



«ЖАНГТА» командасын
тізеде орындау
(оң жақтан көрінісі)



«ЖАНГТА» командасын
жатқан түрде орындау (оң
жақтан көрінісі)



«ЖАНГТА» командасын
жатқан түрде орындау (оң
жақтан көрінісі)

ПИСТОЛЕТ, ГРАНАТАМЕТ ЖӘНЕ КАЛАШНИКОВ ПУЛЕМЕТІМЕН «ЖАНГТА» КОМАНДАСЫН ОРЫНДАУ



«ЖАНГТА» командасын
жатқан түрде орындау (сол
жақтан көрінісі)



«Ұрысқа» командасын
жатқан түрде орындау (оң
жақтан көрінісі)

«Ұрысқа» командасын
тұрған жайтта орындау
(сол жақтан көрінісі)



«Ұрысқа» командасын
тұрған түрде орындау (оң
жақтан көрінісі)

57-сурет. Әр түрлі қарулармен «ЖАНГТА» командасын орындау.

VI БӨЛІМ. ПРАКТИКАЛЫҚ ӘСКЕРИ ДЕНЕ ТӘРБИЕЛІК ДАЙЫНДЫҚ

1-тарау. ЖАЛПЫ ДЕНЕ ТӘРБИЕЛІК ДАЙЫНДЫҚ

1.1. Екінші еркін жаттығу жиынтығы

Екінші еркін жаттығу жиынтығы адамның барша топ бұлшық еттері жұмыс қызметінде жолға қою мақсатында он алты есепте орындалады:



Алғашқы жағдай — денені
тік ұстап тұру



Бір — қолдар тегіс, тірсектер
бүгілмеген жайғта артқа,
алақандар ашылып бармақтар
артқа бағытталады.



Екі — қолдарды жоғарыға көтеріп, алақандар ашылған жағдайда бір-біріне қаратылады, бармақтар бірлескен, дене жоғарыға қарап тартылады.



Үш — қолдар тірсекте бүгіліп, бармақ ұштарымен желкеге қойылады, тірсектер денеге жақындастырылады, көкірек қуысында жайылады.



Төрт — сол жақ тарапқа кең қадам тастап сол аяқ тізеді бүгіледі және дене ауырлығы сол аяққа түседі, қолдар екі жақ тарапқа желке деңгейде жерге параллель жағдайда көтеріліп, алақандар ашық жайтта жерге қаратылады, басты солға бұрып назар сол қол ұшына тасталады.



Бес — қолдар тірсекте бүгіліп, бармақ ұштарымен желкеге қойылады, тірсектер денеге жақындастырылады, көкірек қуысы жайылады.



Алты — оң жан тарапқа кең қадам тастап оң аяқ тізде бүгіледі және дене ауырлығы оң аяққа түседі, қолдар екі жан тарапқа желке деңгейде жерге параллель жағдайда көтеріліп, алақандар ашық жайтта жерге қаратылады, басты оңға бұрып назар оң қол ұшына тасталады.



Жеті — қолдар тірсекте бүгіліп, бармақ ұштарымен желкеге қойылады, тірсектер денеге жақындастырылады, көкірек қуысы жайылады.



Сегіз — секіріп аяқтар кең ашылып, қолдарды жоғарыға көтеріп бастан жоғарыда алақандар байланады.



Тоғыз — дене белде бүгіліп, байлам қолдар жоғарыдан төменге бірге түсіріледі, сонда қолдар аяқтар арасына өткізіледі, бас төменге қаратылады.



Он — дене көтеріліп сол жаққа бұрылады, қолдар екі жаққа желке деңгейде көтеріліп, алақандар жұдырық жағдайына келтіріледі, бас денемен солға бұрылады.



Он бір — дене белде бүгіліп, қолдар жаннан байлам жайтта төменге бірге түсіріледі, сонда қолдар аяқтар арасына өткізіледі, бас төменге қаратылады.



Он екі — дене көтеріліп оң жаққа бұрылады, қолдар екі жаққа желке деңгейде көтеріліп, алақандар жұдырық жағдайына келтіріледі, бас денемен оңға бұрылады.



Он үш — дене белде бүгіліп, қолдар жаннан байлам жайтта төменге бірге түсіріледі, сонда қолдар аяқтар арасына өткізіледі, бас төменге қаратылады.



Он төрт — дене дұрысталып, сол аяқ табаны оң аяқ табаны жанына келтіріліп, тізелер жартылай отырған жағдайда бүгіледі, қолдар алға желке деңгейде көтеріліп, алақандар ашылып бір-біріне қаратылады. Бас тік қаратылады.



Он бес — жартылай отырған жайттан биікке секіріп қолдар төбеге екі жаққа ашылады, алақандар ашылып бармақтар бірлестіріледі, аяқтар әуеде желке кендігінде ашылып белмен бірге біраз артқа бүгіледі, бас та артқа алынып көзқарастар төбеге қаратылады. Әуеден төменге түсіп жатқанда дене тік ұсталып, аяқтар табандары бірлестіріп тізелер жартылай отырған жағдайда бүгіледі, қолдар алға желке деңгейде көтеріліп, алақандар ашылып бір-біріне қаратылады. Бас тік қаратылады.



Он алгы — алғашқы жағдай қабылданады — дене тік ұстап тұрылады.

1.2. Күш жаттығулары жиынтықтары



Ұстап



Бір — дене алға бүгіледі, қол ұштары аяқ ұштарына ұзатылады.

Екі — алғашқы жағдай қабылданады.




Қолдарға таянып жатып, бір — қолдар тірсекте бүгіледі, екі — қолдар дұрысталады, дене тегіс жағдайда болуы шарт.

Бұл жаттығуды орындау үшін бір минут беріледі: 30 секунд — артқа жатып денені алға бұту жаттығуына; 30 секунд — қолдарға таянып жатып қолдарды тірсекте бұту және дұрыстау жаттығуына. Орындалған жаттығулар саны жиналады және баға шығарылады.

Тасты сілтеп көтеру жаттығуы (58-сурет).

Тастың ауырлығы 16 кг. Тұру жағдайы — аяқтар жеке, бір қолмен тас тұтқасының төбесінен ұстап, еденге тигізбеген жайтта, ізбе-із төбеге көтеру және төменге түсіру, алдын бір қолмен, одан соң тыныс алмай қол алмастырып — басқасымен. Тастың төбедегі жағдайы қол дұрыс болуымен белгіленеді, қолдар алмасуы алға сілтеуде жүзеге асырылады. Тас төменге түсірілген жағдайда дем алу, бас қол және дене бөліктеріне тыйым салынады.



58-сурет. Тасты сілтеп көтеру жаттығуы.

1.3. Еңілдік жаттығулары жиынтығы

Алға домалау жаттығуы (59-сурет). Саптың тұру жағдайы, таянып отыру, басты көкірекке ичен жайтта, аяқтармен итерілу және топталып, алға домалап таянып отыру жағдайына өтуді орындау, тұру.



59-сурет. Алға домалау жаттығуы.

Артқа домалау жаттығуы (60-сурет). Сап жағдайы, таянып отыру, басты көкірекке ичен жайтта, топтану жағдайын қабылдап, артқа домалап, қолдарды күшпен дұрыстау, таянып отыру жағдайына өту, тұру.



60-сурет. Артқа домалау жаттығуы.

Жан тарапқа айналу жаттығуы (61-сурет). Сап жағдайы, аяқ қадамымен кеудені ию, сол аяқты бүккен жайтта сол қолды еденге қою, оң аяқты сілқу және сол аяқтың түрткісімен, қолдарға кезекпе-кезек тірелген жайтта, қолдарда тұрып өту, аяқтар жайылған жайтта. Қолдармен кезекпе-кезек итеріліп және аяқтарды түсіріп, тұру, аяқтар ашылған. Жан тарапқа айналу екі жаққа да орындалады.



61-сурет. Жан тарапқа айналу жаттығуы.

Бақылау сұрақтары


1. Екінші еркін жаттығу жинағын іс-жүзінде орындау.
2. Жалпыадамилық дайындық жаттығуларын іс-жүзіндегі мөлшерлерге сәйкес орында.
3. Елшілдік жаттығулары жинағын іс-жүзінде орындау.

2-тарау. ДАРА ТОСҚАУЫЛДАР ЖОЛАҒЫНАН (ҚАТАРЫНАН) ӨТУ

2.1. Тосқауылдар жолағы элементтері мен асып өту тәртібімен танысу. Жеке тосқауылдардан өту әдістері мен оларды асып өтуді жаттығу жасау. Тосқауылдар жолағындағы тосқауылдар жиынтығынан толық өтуді үйрену



Траншеяға түсіп, граната лақтыруды жаттығу жасау.



Аумақтан шығуды жаттығу жасау.



Кірпішті қабырғадан өтуді жаттығу жасау.



Қабырға тесігінен өтуді жаттығу жасау.




Бұзылған баспалдақтан өтуді жаттығу жасау.



Бўзылган көпірден өтүді жаттығу жасау.



Қабырғадан асып өтүді жаттығу жасау.



Лабирингтен өтүдү жатыгу жасау.



Окоптан секіріп өтүдү жатыгу жасау.

2.2. Тосқауылдар жолағындағы Тосқауылдар жиынтығынан толық өтуді үйрену. Меңгерген дағдыларды жетілдіру

Дара тосқауылдар қатарында төмендегі жаттығу орындалады: қашықтық 200 метр. Бастауыш жағдай — тосқауылдар қатары алдындағы сызыққа жатқан жағдай.

«**Олга**» командасы берілгенде:

1. Секіріп 20 метр жүгіріледі және 2,5 метр кендіктегі шұқырлықтан секіріп өтіледі.
2. Лабиринт жолақтардан жүгіріп өтіледі.
3. Қалаған әдісте 2 метрлі қабырғадан асып өтіледі.
4. Вертикал саты арқылы бұзылған көпірдің екінші бөлігіне шығылады. Балкадан жүгіріп барып, ақырында жерге секіріп түседі.
5. Бұзылған сатылардың үшінші сатысынан асып өтіледі, бірақ, әлбетте, аяқ жерге тию шартымен төртінші сатының астынан өтіледі.
6. Қабырғаның терезесі арқылы өтіледі.
7. Окопқа (шұңқыр) жүгіріп барылады. Оған секіріп түседі және байланыс жолы арқылы құдыққа дейін барылады.
8. Жерден гранатаны алып, қабырғадағы терезелердің қалаған біріне яки қабырға артындағы 2,5 метрлі майданға лақтырылады. Мұнда 3-ке дейін граната атуға рұқсат беріледі. Гранаталардың ауырлығы 600 гр.
9. Құдықтан секіріп шығып, қабырғадан секіріп өтіледі.
10. Қисайған баспалдақ арқылы бұзылған сатының төртінші сатысына шығылады және баспалдақ сатыларынан жүгіріп түседі.
11. Вертикал баспалдақ арқылы бұзылған көпірдің балкасы үстіне шығылады. Одан жүгіріп барып, үзілген жерден секіріп өтіледі және қисайған тақта арқылы төменге жүгіріп түседі.
12. Екі метрлі кендіктегі шұқырдан секіріп өтіледі, жолаққа дейін өтіп алып, тосқауылдар қатарының басталу сызығы кесіп өтіледі.

Бақылау сұрақтары

1. Дара тосқауылдар жолағынан (қатары) өтуді іс-жүзінде орында.
2. Тосқауылдар жолағындағы тосқауылдар жиынтығынан өткенде қандай жаттығулар орындалады?
3. Тосқауылдар жиынтығынан өтуде меңгерген дағдыларыңды жетілдір.

VII БӨЛІМ. МЕДИЦИНАЛЫҚ БІЛІМ НЕГІЗДЕРІ

1-тарау. ТЫНЫШТЫҚ ДӘУІРІНДЕ ЖАСАҚТАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Тыныштық дәуірінде әскери бөлім медицина пунктінің жұмысы

Жасақтардың жауынгерлік қабілеті мен дайындық дәрежесіне әсер ететін жеке құрамның денсаулығын сақтау, бекемдеу және тіктеуге қаратылған шаралар жиынтығы, тыныштық дәуірінде жасақтар медициналық жабдығының негізгі мазмұны есептеледі. Бұл шаралар жиынтығының негізгі бөліктері төмендегілерден тұрады:

— жеке құрамның жауынгерлік және физикалық дайындығын қамтамасыз етуде емдеу-профилактика шаралары, олардың денсаулығы үстінен медициналық бақылау, әскери қызметшілерге өз уақытында белгіленген өлшемде медициналық көмек көрсету, тексеру және емдеу;

— жасақтардың тамақтануы, сумен қамтамасыз етілуі, әскери еңбек, өмір салты мен тұрмыстық қызмет көрсету тұрғысынан гигиеналық мөлшерлер, санитарлық ережелерді сақтау тұрғысынан медициналық бақылау алып бару;

— жеке құрам арасында жұқпалы аурулар таралуының алдын алу және жою шаралары;

— жеке құрамның әскери-медициналық дайындығы мен гигиеналық тәрбиесі;

— жасақтардың медициналық жабдықтармен қамтамасыз етілуі, медициналық есепке алу және медициналық есепті ұйымдастыру.

Әскери бөлім медициналық пункті емдеу-профилактика істерінің өткізілуінде орталық есептеледі. Әскери бөлім медициналық пунктіне төмендегі міндеттер кіреді:

— жеке құрамның денсаулығын сақтау, бекемдеу және оны тіктеуге қаратылған ғылыми тұрғыдан негізделген профилактика, емдеу-диагноз шараларын ұйымдастыру және өткізу;

— әскери қызметшілерге амбулаторлық, стационарлы медициналық көмек көрсету, жеке және жабық гарнизондарда әскерилердің

жанұя мүшелеріне, жұмысшы және қызметшілерге медициналық көмек көрсету;

- мұқтаж болғандардың баршасына жедел медициналық көмек беру;
- медициналық пунктiнiң жеке құрамы, санитария-гигиена және эпидемияға қарсы іс-шаралар өткізілуін жүзеге асыру;
- жеке құрам жауынгерлік дайындығын асыру, қожалық қызметі және әскери бөлімде өткізілетін басқа іс-шаралардың медициналық жабдықталуында қатысу;
- бригада бөлімдерін керекті медициналық құралдармен қамтамасыз ету;
- жеке құрамның әскери медициналық дайындығы, гигиеналық тәрбие жұмыстарын өткізуде қатысу міндеттері жүктелген.

Әскери бөлім медициналық пунктiнiң ұйымдасқан штаты түрліше болуы мүмкін. Медицина пунктiнде: медицина пунктi бастығы, екі дәрігер, дәрігер-стоматолог, екі санитария нұсқаушысы, дәріхана бастығы, аспаз, үлкен жүргізуші-радиотелефоншы, жүргізуші-электромеханик және жүргізуші-санитар бар.

Әскери бөлім медициналық пунктiнiң негізгі бөлімдері болып, оған амбулатория, дәріхана мен лазарет кіреді.

Медицина пунктiнiң амбулаториясы — жеке құрам ауру болып қалғанында, уланғанында, жарақаттанғанында қабылдау, жедел медициналық көмек көрсету, амбулаторлық емдеуге мұқтаж болған жеке құрамды емдеу, медициналық көрік және тексеруінен өткізу профилактикалық емдеу және санитарлық-ағарту жұмыстарын алып баруға көзделген.

Медицина пунктi дәріханасында екі ассистент бөлмесі, материалды заттарды сақтау, жуу бөлмесі, стерилизация өткізу, дезинфекциялаушы заттарды сақтау бөлмелері жабдықталады.

Медицина пунктi лазареті (станционар) — емделу уақыты 14—15 күннен аспайтын, жатып емделуге мұқтаж науқастарды тексеру және емдеуге; медициналық көмек көрсетілгеннен соң әскери госпиталге емделу үшін жіберілетін науқастарды уақытыншалық жайғастыруға; жұқпалы аурулармен аурығандарды яки оған күмән етіліп жатқан науқастарды әскери госпиталге эвакуация жасалғанға дейінгі, уақытыншалық жайғастыруға; транспортта алып журуге болмайтын науқастарды әскери госпиталге жіберуден алдын жағдайы қанағаттанарлы болмайынша стационар емдеу жұмыстарын өткізуге; денсаулығының нашарлығы үшін әскери қызметке лайық емес деп табылған әскери қызметшілерді шақырылған қорғаныс жұмыстары бөлімдеріне жібергенге дейінгі, уақытынша ұстап тұруға арналған.

Лазаретте қабылдау бөлмесі санитарлық пропускасымен (ванна бөлмесі), науқастар үшін палаталар, кезекші бөлмесі, дәрігер бөлмесі, емдеу бөлмесі, изолятор, асхана, науқастар үшін дем алу бөлмесі, әжетхана, жуыну бөлмесі, науқастар киім-кешектерін сақтау үшін қойма, таза және лас ақжаймаларды жеке-жеке сақтау, госпиталь киім-кешектері, сүлгілер, лазарет пен амбулатория медициналық пункт мүліктерін сақтайтын бөлмелері болуы керек.

Әскери бөлім медициналық пунктінде науқастарды қабылдау тәртібі ішкі қызмет Ережесімен белгіленеді.

1.2. Әскери гигиена негіздері

Гигиена — бұл сыртқы ортаның әр түрлі факторларының әсері және істеп шығару қызметінің адам организмне әсер етуін, адам өмірі мен еңбек жағдайын салауатты етуге бағытталған практикалық іс-шараларды үйренетін пәннің бағыты.

Гигиена өз ішіне бірнеше тәуелсіз бағыттарды, яғни әлеуметтік гигиена, әскери гигиена, еңбек гигиенасы, тамақтану гигиенасы, сумен қамту гигиенасы және басқаларды қамтып алады.

Әскери гигиена бағытының негізгі міндеті — әскери қызметшілердің денсаулығына сыртқы орта мен әскери еңбектің ерекшеліктерінің әсерін үйрену және залалды факторлардың әсерін жою яки әсерін азайттыруға қаратылған іс-шараларды істеп шығару. Әскери гигиенаның негізгі міндеті тыныштық пен соғыс кезінде жеке құрамның денсаулығын бекемдеу және сақтау есептеледі.

Жеке гигиена

Жеке гигиена — жеке құрамның денсаулығын сақтау және бекемдеуге, жауынгерлік және еңбек қызметінде жоғары дәрежеде ұстап тұруға қаратылған гигиеналық ережелердің жиынтығы. Жеке гигиена өз ішіне дене, ауыз бастығы, бас-киім, аяқ-киімдер, еңбек және жұмыс қызметі тәртібі мен денсаулық үшін залалды әдеттерді жоюды қамтып алады.

Денені күту. Жеке гигиена ережелері: таңертең жуыну және тістерді жуу, денені бел саласына дейін мұздай сумен сүртуді; әрбір тамақ қабылдаудан алдын қолды жууды; ұйқыға жатудан алдын тістерді тазалау және аяқтарды жууды; өз уақытында шаш-сақал мен тырнақтарды алуды; міндетті түрде ішкі

киім және жатақ ақжаймаларды алмастырған тәрізде моншада шомылуды; шұлықтарды жууды; бас-киім мен аяқ-киімдерді және жатақ жерін таза сақтауды көзде тұтады.

Теріні күту. Теріні сыртқы ластану, терлеу, май басуы, терінің тарам-тарам жасушаларынан және микроорганизмдер түсуінен сақтау үшін міндетті түрде жуып тұру керек. Тырнақтардың астында кір жиналмауы үшін оларды жақсылап жуу және әр апта қысқартып тұру керек. Теріні кіші жарақаттардан сақтау қажет, себебі олар микроорганизмдердің түсуін жеңілдетеді. Мұның үшін арнайы киім, қорғаушы пасталар мен арнайы жуу құралдарынан пайдалану керек. Кіші жарақаттарды 5% йод ерітіндісі, 2% бриллиант жасылы яки антисептикалық құралдармен тазалау қажет.

Таза ауа, күн нұры, шомылу және басқа дене жаттығулар теріге жақсы әсер етеді, бұл терінің сыртқы әсерге болған шыдамдылығын асырады.

Шашты күту. Шаштардың тазалығын сақтау үшін оларды аптада бір реттен кем болмаған жағдайда жуу құралдарымен (шампун) жуу қажет, ал майлы шаштарды тез-тез жуу керек. Жуғаннан кейін шаштар сүлгімен құрғатылады және тарақпен таралады.

Барша әскери қызметшілер шаштарын қысқа және бір түсте алып жүруі керек. Бет терісін өз уақытында күту үшін, күнделікті сақал алып тұрылуы қажет. Сақал алу жабдықтары, электр ұстараларын таза сақтау керек.

Тісті күту. Ауру тістердің барлығы ішкі ауруларға себеп болады. Тістерді күніне 2 рет — таңертең және кешке ұйқыдан алдын жуу керек. Тіс щеткасының жеке болуы және арнайы ыдыстарда сақталуы керек. Қатты заттарды (жаңғақ, дәнек, сымдарды) тістермен тістеу зиян. Өрдайым тамақтан соң ауызды шаю керек немесе ауыз қуысында тістер арасында қалып кеткен тамақ қалдықтары тіс эмалінің бұзылуына, тіс тастарының пайда болуына алып келеді. Тістер емделмеген жайтта ауру тіс ішіне өтіп кетеді.

Аяқты күту. Әскери қызметші денсаулығы мен жауынгерлік ерекшелігін сақтауда аяқтардың тазалығына мән беру және оларды дұрыс күту үлкен маңызға ие.

Механикалық қысым салдарынан дұрыс таңдалмаған аяқ-киімдер мен өлшемі дұрыс таңдалмаған шұлықтар аяқ терісінің үйкелуіне алып келеді. Бұл жағдай арнайы емделуді талап етеді.

Аяқ терісіне саңырауқұлақты аурулар моншалар, душ бөлмелері, спорт залдары мен өзгелердің аяқ-киімдерін кию арқылы жұғады. Аяқ терісінің кеселденуі жеке гигиенаны сақтамау салдары болып табылады. Ұйқы алдынан аяқтарды жуу және сүлгімен жақсылап сүрту керек. Дем алу уақыттарда ботинканы (етіктер) шәркеге алмастыру мақсатқа сай. Жалаң аяқ жүру арқылы аяқ терісін шынықтыру қажет. Аяғы көп терлейтін тұлғалар, әсіресе, аяқтарына үлкен мән беруі керек. Олар шұлықтарын (пайтаваларын) тез-тез жуып тұруы қажет.

Әскери тұрғын үй гигиенасы

Әрбір взводты жайғастыру үшін жатақханада (казарма) төмендегі бөлмелер болуы қажет: жатақхана, дем алу бөлмесі, взвод канцеляриясы, қару-жарақ сақтау бөлмесі, спортпен шұғылдану бөлмесі, әскери қызметшілер мен взводтың жеке бұйымдарын сақтау бөлмесі, шегу және аяқ-киімдер тазалау орны, киімдер мен аяқ-киімдерді құрғату бөлмесі, жуыну бөлмелері, душ және әжетханалар болуы керек.

Әйел әскери қызметшілер үшін жеке жатақханалар яки бөлмелер ажыратылады. Олар үшін де жаттығуларға даярлану, дем алу және жиналыстар өткізу үшін бөлмелермен душ және әжетханалар назарда ұсталады.

Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерді ұйықтау бөлмелерінде жайғастыру бір кісіге кемінде 12 м^3 көлемінде ауаның дұрыс келуін есепке алған жайтта өткізіледі. Бөлмедегі вентиляциялы құралдар бар екендігі бөлмені желдетуге тосқауыл болмайды.

Жуыну бөлмесіне әр 5—7 кісіге 1-еуден жуыну құрылғысы орнатылады. Аяқжуу үшін 2 ақаба сулы құрылғы мен киімдерді жуу үшін жеражыратылады. Әрбір взводқа 15—20 кісіге арналған 1 душ құрылғысы орнатылады.

Әжетханалар таза сақталуы, әр күні дезинфекция жасалуы, жақсы вентиляция мен жарытқыш құралдарына ие болуы қажет.

Киім-кешек, киім бастарды құрғату бөлмелері температурасы $30—50^\circ\text{C}$ болуы, әрбір взводқа $15—18 \text{ м}^2$ болған бөлме ажыратылған болуы керек.

Жатақхананы желдету кезекшілер тарапынан орындалады. Жатақтарды жату алдынан яки таңертең сынып бөлмелерін жаттығулардан алдын яки демалыс уақыттарында желдетіледі.

Бөлмені тазалау жұмыстары. Ауаның тазалығы микроб пен тозаңдардан сақтайды. Осы мақсатта әр күні бөлмені ылғал шүберекпен тазалап тұрылады. Бір аптада бір рет жалпы тазалау жұмыстары — едендерді жуу, есік, айналарды ашып желдету, орын-көрпелерді ашық ауада құрғату жұмыстары орындалады. Медицина нұсқауына негізінен бөлмені ылғалды хлорлы ерітіндімен тазалау ұсынылады.

Тамақтану гигиенасы

Тамақтану денсаулықты сақтау және оны бекемдеу, жасақтар жауынгерлік қабілетін ұстап тұрудың негізгі факторларының бірі. Тамақтану армияда әскери қызметшінің физиологиялық қажеттілігін рацион бойынша қамтамасыз етеді, бұл бірнеше қорытылатын заттар жинағын анықтап береді. Адам организмінде тұрғылықты түрде түрлі заттар қатысуында тотығу және қайта тіктелу процестері өтіп тұрады. Организм тарапынан жұмсалған барша күшті қайта жерге келтіру үшін организмге түрлі азық заттары: ақуыздар, майлар, көміртектер, дәрумендер, минерал тұз бен су жеткізіп беру шарты.

Ақуыздар өмірдің бұлақ көзі есептеледі. Ақуыздардың негізі болып жануар мен өсімдіктердің азық заттары: ет, балық, жұмыртқа, сүт, нан, жарма және көкөністер есептеледі. Кісілердің ақуызға болған бір күндік талабы 80—100 г-ды құрайды.

Көміртектер қуаттың негізі болып, азық-түліктің энергетикалық қуатын (50—60%) құрайды. Көміртекке болған күнделікті талап 400—500 г. Көміртектер өсімдік заттарында шекерлер көрінісінде болады. Көміртектің көзі болып нан, картоп, көкөніс және жармалар есептеледі.

Майлар — қуаттың негізгі көзі. Майдың әрбір грамы организмде ақуыз яки көміртекке екі есе көп қуатты береді. Майлар тамақтың көлемін асырмай тұрып, оның тек энергетикалық құнын асыру мүмкіндігіне ие. Майлар майда еритін витаминдердің (А, Д, Е) негізгі көзі. Майға болған күнделікті қажеттілігі 80—100 г-ды құрайды (әрбір кг салмағына 0,7—1 г).

Минерал заттар (тұздар) — түрлі жүйесі мен мүшелерге өз әсерін көрсетіп тұрады. Олар организмде синтезделмейді, соның үшін олар тамақ құрамының алмастырылмайтын бөлімі есептеледі. Кальций, калий, натрий, магний, фосфор және темір тұздары организм үшін үлкен маңызға ие.

Кальций, фосфор, магний тұздары сүйек жүйесінің негізгі құрамдық бөлігі. Фосфор жүйке талшықтары құрамына кіреді. Темір заты қандағы гемоглобиннің құрамдық бөлімі болып, кислородты тоқымаларға жеткізіп береді. Натрий мен кальций су алмасуын басқарып, кислотаның негізгі тепе-теңдігін ұстап тұрады. Мыс тұзы қан істеп шығару процесінде үлкен мәнге ие. Фтор заты жетіспеуі тістердегі кариес ауруы дамуына алып келеді. Йод затының жетіспеушілігі нәтижесінде эпидемиялық зоб ауруы келіп шығады. Ет, балық, сүт, көкөніс, нан және жармаларда бірнеше минерал заттар бар.

Су азық-түлік өнімдерінде түрлі мөлшерде болады. Бірақ, оның белгілі саны суды пайдалану арқылы организмге кіреді. Су әрбір мүше мен тоқыма құрамында болады, сондықтан кейбір тоқымаларда оның саны айтарлықтай көп болады, қанда — 80%-ды, бауырға, мия және теріде — 70%-ды құрайды.

Дәрумендер — биологиялық тұрғыдан түрлі жоғары белсенділікке ие болған органикалық заттар болып, ол заттар алмасуы процесінде негізгі орынды иелейді. Дәрумендерішкі организм ортасын, оның негізгі жүйелерін жұмыс қызметінде жақсартады, түрлі жұқпалы ауруларға шыдамдылық дәрежесін асырады. Дәрумендер екі топқа бөлінеді — майда еритіндер (А, Д, Е, К) және суда еритіндер (В, С).

Егерде организмнің дәрумендерге болған талабы пайдаланылатын өнімдерде жетерлі дәрежеде болмаса (қыс мезгілінде, күшеніп еңбек етуде, ауру уақытында), дәрігер нұсқауына сәйкес түрлі витаминді препараттар қабылданады.

Тамақтану режимі — денсаулықты сақтау және организмнің түрлі жауынгерлік-оқу жаттығуларына болған шыдамдылығын асырады. Өзінің энергетикалық қуаты бойынша тәулік рационалды мөлшерлік қамтама төмендегідей бөлінуі мүмкін: таңғы тамаққа — 30-35%, түстікке — 40-45%, кешкі тамаққа — 20-25%.

Дайындалған тағам сапасын бақылау жасау. Дайындалған тағамды бөлуден алдын дәрігер (фельдшер, санитария нұсқаушысы) әскери бөлім кезекшісімен бірге тағам сапасы және асхана санитария жағдайын, асхана ыдыстары мен құрал-саймандар тазалығын тексеріп көреді.

Дәрігер (фельдшер, санитария нұсқаушысы) тексеру нәтижелерін «Дайындалған тағам сапасын бақылау жасау кітабына» жазып қояды.

Дала жағдайында тамақтану ерекшеліктері. Дала жағдайында жеке құрамның тамақтану режимі орындалатын міндеттердің характеріне

байланысты болады. Әдетте, ыстық тамақ күніне 3 рет беріледі. Егер де 3 мезгіл ыстық тамақ даярлау мүмкіндігі болмаса, онда 2 рет ыстық тамақ пісірілуі қамтамасыз етіледі. Мұндай жағдайларда екі мезгілді тамақтану аралығында қосымша тағам ретінде нан және етті-өсімдік консервалары беріледі. Дайындалған тағамдар бөлімдердің жеке құрамына термостарда да жеткізілуі мүмкін.

Бақылау сұрақтары

1. Әскери бөлімдер медициналық жабдығының негізгі бағыттары қайсылар?
2. Тыныштық кезінде әскери бөлім медициналық пунктке қандай міндеттер жүктетіледі?
3. Медицина пунктінің негізгі бөлімдері нелерден құралған?
4. Әскери гигиена бағытының негізгі міндеті нелерден құралған?
5. Жеке гигиенаға нелер кіреді?
6. Әскери тұрғын үй гигиенасына сипаттама бер.
7. Тамақтану гигиенасында нелерге мән беру керек?

2-тарау. СОҒЫС УАҚЫТЫНДА ЖАСАҚТАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҒЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Соғыс уақытында жасақтардың медициналық жабдығы әскери қызметшілердің денсаулығын сақтау, жасақтардың санитария-эпидемиялық жағдайын көңілдегідей ұстап тұру, жарқаттанған және науқастарға өз уақытында медициналық көмек көрсету, оларды эвакуация жасау және емдеу және жеке құрамның жауынгерлік қабілетін (жұмыс қабілетін) қысқа уақыт ішінде тіктеуге қаратылған кешенді іс-шараларды өткізуге негізделген.

Жоғарыда көрсетіп өтілген іс-шараларды орындау үшін, әрбір бөлім, мекеме (әскери бөлім) алдына анық міндеттер қойылады. Кез келген жауынгерлік әрекеттерді алып бару кезінде жараланудың салдары, алдымен, бірінші медициналық көмектің көрсету уақытына және оның сапасына байланысты.

Жараланғандарды соғыс майданынан алып шығып кету мәселесін алсақ, ол жауынгерлік әрекеттер жағдайларына байланысты болмаған жайтта тәуліктің әрқилы уақыттарында және ауа-райының әрқилы жағдайларында, үздіксіз түрде алып барылуы керек.

2.1. Соғыс уақытында бөлімдер мен әскери бөлімдерде емдеу-эвакуация іс-шараларын өткізу негіздері

Жауынгерлік әрекеттерді жоғары деңгейде, үздіксіз, күндіз-түні, кең фронт бойлап алып бару медициналық қызметтің алдына бірқатар талаптарды қояды. Бұл талаптарды орындау, жауынгерлік әрекеттерді жүргізу уақытында бөлімдер мен әскери жасақтарды медициналық жабдықтау мәселелерін сәтті шешуде үлкен маңызға ие болған факторлар болып табылады.

Жауынгерлік әрекеттерді жүргізу барысында жеке құрам арасында сезілерлі дәрежеде және түрлі характерге ие болған жоғалтулардың орын алуы күтіледі. Мұнан тыс, медициналық қызмет құрам және бөлімдер медициналық құрамының жарақаттану қаупі әрдайым орын алған жағдайларда істеуіне тура келеді. Соғыс майданындағы жарадар және науқастардың қайта жарақаттану қаупі әрдайым болады.

Жоғарыда көрсетіп өтілген барша жауынгерлік, фронт арты және медициналық жағдай факторлары медициналық қызметінің барша саласында өзінің шешуші ықпалын жасайды. Соған байланысты түрде жарадар және науқастарға медициналық көмек көрсету, оларды емдеуді ұйымдастырудың арнайы жүйесіне ие болу талап етіледі. Мұндай жүйе жарадар мен науқастарды эвакуация басқыштарында емдеу жүйесі деп аталады.

Жасақтарды заманауи емдеу-эвакуациясын жабдықтау жүйесінің маңызы медициналық эвакуация басқыштарында жарадар және науқастарға өз уақытында, бірізділік пен дәйекті түрде емдеу іс-шараларын жүзеге асыру, жағдайды және анық жағдайларды есепке алған түрде жарадар мен науқастарды медициналық нұсқауларға қарай, арнайы емдеу мекемелеріне эвакуация жасаумен бірге алып барудан тұрады.

Жолдамаға қарай жараланған және науқастар медициналық эвакуациясы басқыштары емдеудің заманауи жүйесі негізінде өз ішіне төмендегілерді қамтиды:

- жарақаттанған организмде болып жатқан патологиялық процесті бірдей түсіну;
- жараланғандарды емдеу және асқынудың алдын алуға бірдей көңіл бөлу;
- медициналық эвакуация басқыштарында медициналық іс-шараларды өз уақытында, бірізділік пен дәйектілігін сақтаған түрде орындау.

Барша медициналық эвакуация басқыштарында медициналық құжаттарды дұрыс толтырып бару, көрсетілетін медициналық көмек кезегі мен характерін анықтау үшін медициналық саралауды және кейінгі басқыштарға эвакуация жасауды дұрыс жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

2.2. Медициналық көмек түрлері. Әскери бөлімде медицина пунктінің міндеттері

Заманауи емдеу-эвакуация іс-шаралары жүйесінде жараланған және науқастарға медициналық көмек бөлімдерге ажыратып көрсетілуі назарда тұтылады. Мұнда, жарадар және науқастарға медициналық көмек көрсету соғыс майданынан бастап бірізділікте оларды эвакуация жасаудан, олар емделу жеріне жеткенге дейін алып барылуы қабылданған.

Бүкіл медициналық іс-шаралар жиынтықтары жеке медициналық көмек түрлеріне ажыратылған. Медициналық көмек түрі деп, соғыс майдандарында және медициналық эвакуация басқыштарында жасақтардың жеке құрамы мен медициналық қызмет жеке құрамы тарапынан жарақаттанғандарға (жарадар және сырқат болғанында) көрсетілетін барша анық белгіленген емдеу-профилактикалық шаралар жиынтығына айтылады.

Жасақтарды емдеу үдерісінде төмендегі бес түрдегі медициналық көмек көрсетілуі назарда тұтылады: бірінші медициналық көмек, дәрігерге дейін (фельдшерлік) болған медициналық көмек, бірінші дәрігер көмегі, білікті медициналық көмек, мамандандырылған медициналық көмек.

Бірінші медициналық көмек жарақат алған жердің өзінде (соғыс майданында, жаппай залалдану ошағында) санитарлар мен санитария нұсқаушылары тарапынан және жарақат алған әскери қызметкердің өзіне өзі мен өзара бір-біріне көрсетіледі. Жаппай санитарлық жоғалтулар пайда болғанда, жарақаттанғандар бірінші медициналық көмекті негізінен өзіне өзі және өзара медициналық көмек көрсетумен жүзеге асырады. Мұнан тыс, құтқару жұмыстарын жүзеге асыру үшін ажыратылған бөлімдердің жеке құрамы тарапынан да көмек көрсетіледі.

Дәрігерге дейін болған медициналық көмек әскери бөлім медициналық пунктінің күш пен құралдары көмегінде көрсетіледі. Бұл құрамға фельдшер, санитария нұсқаушысы және санитарлар кіреді.

Дәрігерге дейін болған медициналық көмек көрсетілген бірінші медициналық көмек іс-шараларын толтырып, жараланған және науқастар өміріне қауіп төндіретін жарақат салдарымен күресу мақсатында көрсетіледі.

Дәрігерге дейін болған медициналық көмек көрсету үшін әскери бөлім медициналық пункті табельді жабдықтары мен жеке құрамның медициналық құралдары қолданылады, бұларға: стерил байлам материалдары комплекті, әскери медициналық сөмкелері, өпкені жасанды вентиляция жасау үшін қолданылатын ДГТ-10 маркалы портатив қол аппараты, КИ-4 маркалы кислород ингаляторы, дала фельдшері комплекті, санитарлық зембилдер және санитар автомобилі кіреді.

Бірінші дәрігер көмегі жалпы білікті дәрігер тарапынан бригада медицина пунктінде және медициналық отрядтарда көрсетіледі. Мұнан негізгі мақсат жарадар және науқастар өміріне қауіп төндіріп жатқан жарақаттардың (ауру) салдарын жою, ауыр асқынулар (шок, жара инфекциясы) пайда болуының алдын алу және кейінгі медициналық эвакуация басқшына даярлау. Жарақат алған уақыттан бастап бірінші дәрігер көмегін көрсетуге дейін болған ең оптималды уақыт 4—5 сағат есептеледі.

Білікті медициналық көмек жеке медициналық отрядта дәрігер-хирургтер мен дәрігер-терапевтер (білікті хирургиялық яки білікті терапевт көмегі) тарапынан көрсетіледі. Қажет болғанда бұл көмек әскери дала госпитальдарында да көрсетіледі.

Бұл медициналық көмек көрсетуден негізгі мақсат жарақаттану және сырқаттану нәтижесінде пайда болған өмір үшін қауіпті ауыр салдар мен олардың асқынуларын (асфикция, мазасыздану, қолпапс, өпкенің ісінуі, өткір бүйрек жетіспеушілігі және басқалар) жою. Сондай-ақ дамуы мүмкін болған асқынулардың алдын алу, жараланған және науқастарды кейінгі медициналық басқшытарға эвакуация жасау үшін өткізілетін іс-шараларды өткізу. Жарақат алған уақыттан бастап білікті медициналық көмек көрсетудің ең оптимал уақыты 8—12 сағат есептеледі.

Мамандандырылған медициналық көмекті арнайы емдеу, диагноз қою жабдықтарымен жабдықталған емдеу мекемелерінің дәрігер-мамандары өткізеді.

Белгілі бір топтағы жараланған және науқастарға медициналық көмек көрсету үшін арналған медициналық мекемелердің бар екендігі арқылы медициналық көмек мамандандырылуы мүмкін. Мамандандырылған медициналық көмекті ұйымдастыру үшін, медициналық отрядтар көмегінде анық жолдамаға сәйкес эвакуация жасау жүзеге асырылған болуы керек.

Әскери бөлім медициналық пунктінің жұмысын ұйымдастыру. Әрбір әскери бөлімде медицина пункті құралады. Медицина пунктінің негізгі міндеттері соғыс майданында жарадарларды іздеп табу, жинау, оларды

соғыс майданынан, жаппай санитарлық жоғалтулар ошағынан алып шығу (жүктеп алып шығу), батальон бөлімдерінде белсенді науқастарды анықтау, жарадар яки науқастарға дәрігерге дейін болған бірінші медициналық көмекті көрсету, оларды кейінгі басқышқа эвакуация жасау үшін даярлау, әскери бөлімде санитария-гигиена, эпидемияға қарсы, әскери бөлім жеке құрамын дұшпанның жаппай қырып-жою қаруларынан қорғау іс-шараларын өткізу есептеледі.

Медицина пунктiнiң жауапкершiлiгiне әскери бөлімдер орналасқан аймақтарда және жауынгерлік әрекеттер жүргізіліп жатқан жерлерде медициналық іздеуді жүргізу, әскери бөлім жеке құрамын профилактикалық және бірінші медициналық көмек көрсету құралдарымен, санитария нұсқаушыларын медициналық саймандармен жабдықтау жүктетілген болады.

Медицина пунктi жарадар мен науқастарды жинау, оларға тиісті медициналық көмек көрсету және эвакуация жасау үшін төмендегілермен жабдықталады:

«Дала фельдшерлік комплекті, әскерлердің медициналық сөмкесі, Б-1 «Стерильді байлам құралдары» комплекті, Б-2 «Шиналар» комплекті, ДП-10.02 маркалы өпкені жасанды вентиляциялау үшін қолданылатын қол портатив аппараты, КИ-4 кислород ингаляторы, басынан жараланғандар үшін ШР шлем-пердесі, санитарлық (таспа) және арнайы Ш-4 лямкасы, санитарлық зембіл және басқалар.

Медицина пунктiнiң барша медициналық құрамы қызыл жартылай айдың суреті түсірілген баумен жабдықталады. Мұнан тыс, әскери бөлім медицина пунктi жабдығында санитария автомобилі мен байланыс құралдары бар болуы керек.

Медицина пунктiнiң бастығы әскери бөлімде орналасқан және жауынгерлік әрекеттер жүргізіп жатқан аумақта медициналық іздеуді ұйымдастырады. Сондай-ақ жеке құрам арасында эпидемияға қарсы іс-шараларды өткізіп, әскери бөлім санитария-гигиена жағдайы үстінен бақылау өткізіп барады. Медицина пунктiнiң бастығы дұшпанды жаппай қырып-жою қаруларын қолдану нәтижесінде жүзеге асқан салдарды жою үшін әскери бөлім медицина пунктiнiң жеке құрамын тұрғылықты дайын жағдайда ұстап тұруға жауап береді.

Медицина пунктiнiң бастығы жауынгерлік әрекеттерді жүргізу арасындағы кезеңде әскери бөлім жеке құрамына бірінші медициналық көмек көрсету ережелері мен әдістерін үйретіп, жарадарларды жауынгерлік техникалардан шығарып алу, жарадарларды соғыс майданынан алып

шығу, жасыру, медициналық көмек көрсету құралдары, жеке аптечка және әскерлердің аптекасынан пайдалануды үйретеді.

Взвод санитария нұсқаушысының міндеті. Әрбір әскери бөлім взводында санитария нұсқаушысы болуы керек. Ол тікелей взвод командиріне, ішкі қызмет тәртібі бойынша взвод старшинасына бойсұнады. Арнайы мәселелер бойынша әскери бөлім медицина пункті бастығы нұсқауларын орындайды.

Санитария нұсқаушысы жауынгерлік әрекеттер уақытында взводтың жауынгерлік тәртібінде әрекет жасайды. Взвод санитария нұсқаушысы:

— взводтың алдына қойылған міндетті, әскери бөлім медицина пункті жері мен әрекет ету тәртібін білуі;

— соғыс майданында жарадар және науқастарды іздеп табуды ұйымдастыруы, жүзеге асыруы, бірінші медициналық көмек көрсетуі, оларды бір жерге жинауы, жасыру және жерлерді белгілеуді білуі;

— жарадар мен науқастарды қайта жарақаттанудан қорғау үшін «жарадарлар ұяларында» жасыру шараларын көруі, жасырыну жерлерін шартты белгілер яки радиосигнал құрылғылармен белгілеу үшін кешенді іс-шараларды жүзеге асыруда жеке өзі қатысуы;

— соғыс майданынан алып шығып кетуге мұқтаж болған жарадар яки науқастар саны, сол мақсатта қолданылуы үшін керек болған күш пен құралдар туралы взвод командирі мен әскери бөлім медицина пунктінің бастығына білдіру жасауы;

— оқшы-санитарлар тарапынан көрсетілген бірінші медициналық көмек және өз-өзіне, өзара көрсетілген көмектің өз уақытында, сапалы көрсетілгендігін бақылап баруы;

— взвод жеке құрамының денсаулығын сақтау, жерлерде санитария-гигиена және эпидемиялық жағдайы мөлшерінде ұстап тұру үстінен бақылау алып баруы;

— взвод жеке құрамын дұшпанның жаппай қырып-жою қаруларынан қорғау үшін іс-шараларды жүзеге асыруы керек.

Санитария нұсқаушысы взвод жеке құрамы мен штаттан тыс оқшы санитарларды жеке байлам пакеттері (ППИ, ППУ), жеке химияға қарсы пакеттер (ИПП-8, ИПП-9, ИПП-10), жеке аптекасы (АИ-2), қанды тоқтату үшін қолданылатын резиналы жгут, медициналық орамал және жеке фляжкадағы суды залалсыздандыратын таблеткалармен жабдықтайды.

Санитария нұсқаушысы төмендегі табельді құралдар: санитар лямкасы (лямкасы), танкші бөлімдерінде арнайы Ш-4 лямкасы (таспа), жасақтар медициналық сөмкесі (ЖМС), басынан жараланғандар үшін ШР шлем-маскасы, ауыздан-ауызға әдісімен жасанды тыныс алдыру үшін ТД-1 түтігі,

сымды пишалар, «жарадарлар ұясын» белгілеу үшін арнайы белгілер яки радиопеленгациялы комплект, қараңғыда көретін құрал және қызыл жарты ай белгісі түсірілген қолға тағатын байламмен жабдықталады.

Мұнан тыс, санитария нұсқаушысы әрбір әскери қызметшіде болатын жеке қару, газтұтқыш, жалпыәскери қорғаныс жинағы, жеке фляжка, кіші сапер күрегімен жабдықталады.

Оқшы-санитарлардың міндеттері. Әрбір әскери бөлім тобында (секция) бір штаттан тыс оқшы-санитар тағайындалады. 5—10 күндік санитарлар даярлау жоспары бойынша арнайы оқуды аяқтаған әскери қызметші оқшы-санитар етіп тағайындалады.

Оқшы-санитарлар жауынгерлік әрекеттерді жүргізу уақытында оқшы міндетін орындайды. Мұнан тыс, олар соғыс майданында жарадарларды іздеп тауып, жауынгерлік жағдайдың әрқилы жағдайларында қажет болған бірінші медициналық көмек көрсетуде қатысады. Оқшы-санитарлық соғыс жүргізіліп жатқан майданды тоқтаусыз күзетіп баруы керек. Жарадарлар орнын есінде сақтап қалуы, тез іздеп табуы, бірінші медициналық көмек көрсетуі, ауыр жарадарларды қайта жарақаттану және жауынгерлік техникалар басып кетуі мүмкін болған жерлерден жасырыну орындарына сүйреп алып өтуі керек. Соғыс майданынан жарадарлармен бірге, олардың жеке қаруы да алып шығылады.

Жарадарлар жайғастырылған жерлерді жақсы көрінетін белгілермен белгілеп қою керек. Дұшпан тарапынан жаппай қырып-жою қарулары қолданылғанында, оқшы-санитарлық жарадарларға жеке химияға қарсы пакет көмегінде аздап санитария жұмысын өткізеді. Оқшы-санитарлық жасақтар медициналық сөмкесімен (ЖМС) де жабдықталады.

Бақылау сұрақтары

1. Соғыс уақытында бөлімдер мен әскери бөлімдерде емдеу-эвакуация іс-шараларына нелер кіреді?
2. Медициналық көмек түрлерін айтып бер.
3. Әскери бөлім медициналық пунктiнiң негiзгi мiндетi нелерден тұрады?
4. Взвод санитария нұсқаушысының міндеттеріне нелер кіреді?
5. Оқшы-санитарлардың міндеттеріне нелер кіреді?

3-тарау. ЖАРАДАР БОЛГАНДА ЖӘНЕ ЖАБЫҚ ЖАРАҚАТТАНУЛАРДА БІРІНШІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

Аурумен жарадарлар денсаулығын тіктеу үшін түрлі емдеу іс-шараларын өткізу талап етіледі. Бір реттік емдеу іс-шаралары соғыс майданы мен медициналық эвакуация басқыштарында көрсетілетін жеке медициналық көмек түрлеріне бөлінеді.

Медициналық көмектің бес түрі қабылданған: бірінші медициналық көмек; дәрігерге дейін болған (фельдшер) көмек; бірінші дәрігерлік көмегі; білікті медициналық көмек; мамандандырылған медициналық көмек. Санитария нұсқаушысы бірінші медициналық көмек көрсетуде қатысады және дәрігерге дейін болған (фельдшер) көмекті көрсетуге жұмылдырылады.

3.1. Бірінші медициналық көмек ұғымы. *Жарақат түрлері*

Бірінші медициналық көмек — ереже бойынша жарақат алған яки ауру дамыған жерде өзіне өзі (жарадардың өзі орындайды) яки өзара көмек түрінде (досы тарапынан) және оқшы-санитарлар, санитарлар, санитария нұсқаушылары және басқа медициналық құрам тарапынан көрсетіледі. Мұның үшін жеке аптечка (АИ), жеке байлам пакеті (ППИ), жеке химиялық пакет (ИПП), жасақтар медициналық сөмкесіндегі (ЖМС) құралдар, санитарлық сөмкесі мен қол асты құралдары қолданылады (62-сурет).

Бірінші медициналық көмек көрсетудің негізгі мақсаты, жарадардың өмірні сақтап қалу, алған жарақаттану ауыр салдарының алдын алу яки ықпалдарын азайту, жараланғандарды кейінгі медициналық эвакуация басқышына қауіпсіз түрде эвакуация жасауды қамтамасыз ету, жарақаттанғандарға радиоактив, уландырғыш және басқа залалды құралдардың әсерлерін азайту яки толық жою болып табылады.

Бірінші медициналық көмек көрсету іс-шаралары өте қарапайым. Соғыс майданында жарақаттанғандарға көрсетілетін бірінші медициналық көмекке төмендегілер кіреді:

— жарақаттанғандарды іздеу, оларды жауынгерлік машиналар, түрлі ғимараттар, басып қалған жерлерден құтқару;

— жарақаттанғандардың жанып жатқан бас-киімін, жарақаттанған денесінде жанып жатқан жанатын қоспаны өшіру;



62-сурет. а — жеке аптечка (АИ); б — жеке байлам пакеті (ППИ);
в — жеке химиялық пакет (ИПП); г — әскерлердің медициналық сөмкесі (ЖМС).

— ашық түрдегі қан кетуін уақытынша тоқтату (магистральды қан тамырын бармақпен басып тұру, қан тоқтататын жгуттер яки басып тұратын байламдар көмегінде);

— асфиксияның алдын алу яки оны жою үшін жоғары тыныс алу жолдарын қан, жатық зат және бөтен заттардан құтқару;

— тілдің артқа кетіп қалуының алдын алу үшін фиксация жасау, тыныс алу трубкасын аузына кіргізу;

— тыныс алуы, қан айналуы анықталмағанда жасанды тыныс алдыру және жүректі жабық массаж жасау;

— жарақаттанған жер яки күйген бетке қорғаушы байлам қою, ашық пневмотораксте жеке байлам пакетінің резиналы қабығының көмегінде окклюзион байлам қою;

— жарақаттанған жерлерді қарапайым қол астындағы құралдармен иммобилизация жасау;

— аурымайтын және у қайтаратын (антидот) құралдарын шприц-трубкалардың көмегінде бұлшық еттер арасына жіберу;

— жеке аптечкадағы радиопротектор мен антибиотиктерді ішу үшін беру;

— жарақаттанғандарға газтұтқыш пен қорғаныс киімдерін кидіру (залалдану орындарында болған уақыттарында) және шұғыл түрде зақымданған аймақтан алып шығу;

— жарадарларға аздап санитарлық тексеруін өткізу.

Жанып жатқан киім-кешектер яки жанатын қоспаларды өшіру. Киім-кешектердің жануы, жанатын заттардың әсері (напалм, термит, пирогель), атом бомбасының жарылуы нәтижесінде ажыралып шыққан жарықтықтың нұрлануы, соққы толқынының қызып кеткен ауасы әсері және қорғаныс құрылыстарында, ғимараттарда, жауынгерлік техникаларда болған өрттердің жалыны әсерінде жүзеге асады. Тері яки киім-кешектерге кемнен-кем түскен

напалм қоспасы жарақаттанғанның өзі яки досының көмегінде, жанып жатқан жер қол астындағы бушлат (шинель), куртка, плащ-жабынғыш яки ылғал топырақ, қармен қалың етіп жабылады. Дененің шекараланған бөлігінде напалм жанып жатқан болса, осы жерге бірнеше қабат бинт байланады, адам бетінде жанып жатқан болса, ізде газтұтқыш кигізіледі. Қыс уақытында киім-кешектің үстіне қалың қар тастап, жаз уақытында топырақ яки құм себу арқылы өшіруге болады. Киім-кешектердегі жанулар өшірілгеннен соң жану орын алған жерлердегі киім-кешек пен ішкі киім (көмірге айналып, теріге жабысып қалғаннан тыс) абайлап кесіп, алып тасталады. Ашық болып қалған жерлерге асептикалық байлам (фосформен күйлерде суланған байлам) қойылады. Күйеу болған жерлердің үстінен киім-кешекті сыдырып алу және көпіршектерді ашу ұсынылмайды. Дененің үлкен көлемде күйеуі орын алғанда жарақаттанғанға ауыртпайтын зат беріледі.

Қан кетуін уақытыншалық тоқтату. Қан кетуі тек ауыр асқынуларға алып келмей, жарақаттанған жарадардың өліміне де себеп болуы мүмкін. Соның үшін жарадарға бірінші медициналық көмек көрсетілуінен негізгі мақсат, қан кетуін уақытыншалық тоқтату.

Сыртқы қан кетіп жатқанда, ірі артериал бармақтармен басылады, жгут яки басатын байлам қойылады және жарадардың аяқ-қолдарының буындарын ию, бұғу, қайыру арқылы да қан кетуін тоқтатуға болады.

Адам денесіне жгут (байлам) қойып, қанның кетуін тоқтатын жерлері 20-ны құрайды. Бірақ іс-жүзінде тек қана бірнешеуінен пайдаланылады.


Жара яки күйген беттерге асептикалық байламдар қою. Асептикалық байламдарды соғыс майданында қою үшін анық белгіленген ережелерді сақтау керек. Жараға қолды тигізу, жарадан киім-кешек қалдықтары, бөліктер мен басқа бөгде заттарды алып тастау ұсынылмайды. Құрсақ қуысынан шығып кеткен ішкі мүшелерді орнына қоюға тыйым салынады.

Асфикцияның алдын алу яки оны жою. Ауыр жарақаттану және зақымданулар тыныс алудың кенеттен тоқтап қалуына алып келуі мүмкін. Тыныс алуды тіктеу үшін жасанды тыныс алдыру емдері өткізіледі. Жасанды тыныс алдырудың бірнеше тиімді әдістері бар, бірақ олар пайдалы болуы үшін тыныс алу жолдарының өткізгіштігі жолға қойылған болуы керек.

Тілдің артқа кетуі тыныс алу жолдарының жауылып қалуына себеп болады. Тыныс жолдарында жиналып қалған қан, сілекей, құсық массалары мен басқа бөгде заттар тыныс алу жолдары жауылып қалуының екінші себепшісі болуы мүмкін.

Тыныс жолдарының өткізгіштігі тіктелгеннен соң дереу жасанды тыныс алдыруға кірісіледі. Жасанды тыныс алдырудың «ауыздан ауызға» және «ауыздан мұрынға» әдістері ең қарапайым және тиімді есептеледі. Егер тыныс алу тіктелмесе, С формасында болған ауа өткізгіш (63-сурет, а) яки ТД-1 тыныс алдыру түтігі (64-сурет, б) арқылы жасанды тыныс алдырылады.

Жарақаттанған жерді уақытыншалық иммобилизациялау. Сүйектердің сынуы нәтижесінде айналадағы тоқымалар, бұлшық еттер, қан тамырлары мен жүйкелердің үзілуі байқалады. Мұндай жағымсыз, ауыр қалдықтардың (шок, қан кету) алдын алу үшін тоқыма мен сүйектер қимылдамауына қол жеткізу керек. Соғыс майданында сынған сүйектерді уақытыншалық иммобилизация жасау үшін фанерлі, торға ұқсаған саты сияқты шиналардан, қол астындағы құралдардан (тақтайша, фанерь, картон, шырпы тобы және басқалар) пайдаланылады. Шиналарды сынған жерлерге қоюда орнатылған ережелерін сақтау керек.



63-сурет. а — С қалыбындағы ауа өткізгіштің жалпы көрінісі;
б — ауа өткізгішті науқасқа қою әдісі.



64-сурет. а — ТД-1 тыныс алдыру түтігі;
б — тыныс алдыру түтігін науқасқа қою әдісі.

Денеге шприц-тюбик көмегінде ауыртпайтын зат жіберу. Денедегі сүйектердің сынуы, кең көлемдегі жаралар мен жұмсақ тоқымалар езілгенде ауру қалдыру үшін тері астына ауыртпайтын заттарды (омнопон, морфин, промедол) шприц-тюбиктер көмегінде жарақаттанғанның өзі яки көмек көрсететін тұлға жібереді.

Ишу үшін таблетка көрінісінде болған препараттарды (антибиотиктер және басқалар) беру — қайталаушы инфекция дамуының алдын алу үшін бір уақыттың өзінде жеке аптечкадағы пеналдан 6 дана антибиотик (тетрациклин) жеке фляжкадағы сумен ішіледі.

Жарақат түрлері. Тері, тегіс перделер, терең орналасқан тоқымалар және ішкі органдар бетінің механикалық яки басқа әсер нәтижесінде бұзылуына *ашық жарақаттанулар* яки *жарақаттар* делінеді.

Жарақаттаушы предметтің қандай екендігі және оның формасына қарай, *шаншылған, кесілген, шабылған, жаншылған, жыртылған, оқ тиген, тістелген жарақаттар* болады.

Предмет өткір болып, жарақат тез жеткізілсе, жарақаттың шеті соншалықты кем жарақаттанады. Тұқыл бұйым әсерінде пайда болған жарақаттарда жарақаттың шеті көп жарақаттанады. Қатты ауриды және бұл кейде шок жағдайының дамуына алып келеді.

Шаншылған жарақаттар — шаншылатын предметтер, яғни пышақ, найза, бігіз, ине шаншылғанда пайда болады. Аталмыш түрде жарақаттың сыртқы тесігі кішкене болып, өзі әдетте, терең болады. Жарақат каналы тар, тоқымалардың сорылуы нәтижесінде (мүскілдердің қысқаруы, терінің сүрілуі) қисық болады. Бұл шаншылған жарақаттарды қауіпті етеді. Себебі ішкі органдардың жарақаттанғандығы мен оның тереңдігін анықтау қиын болады. Ішкі органдардың білінбей қалған жарақаттары ішкі органдардан қан кетуі, перитонит (қарын пердесінің майлануы) және пневмоторакске себеп болуы мүмкін.

Кесілген жарақаттар өткір жүзді бұйым (пышақ, ұстара, айна, скапель) кескенде жүзеге асады. Мұндай жарақаттың шеттері тегіс және езілмеген болады.

Шабылған жарақаттар өткір, бірақ ауыр бұйыммен (балта, қылыш және басқалар) ұрылғанда орын алады. Сырттан қарағанда ол кесілген жарақатты еске алдыруы мүмкін, бірақ жарақат үлкен саланы иелейді және кейбір сүйектердің зақымдануымен өтеді. Жарақаттың шеттері біраз езілген болады.

Зақамданган жарақаттар тұқыл бұйымдармен (балға, тас және басқа) тоқымаларға әсер етілгенде пайда болады. Ұрылған жарақаттың шеттері жаншылған, тегіс болмаған, қанға боялған болады. Тамырлардың зақымдануы мен олардың тромбозға ұшырауынан, жарақат шеттерінің азықтануы бұзылады және олар некрозға ұшырайды. Жаншылған тоқымалар микробтардың көбеюі үшін қолайлы орта есептеледі. Сол үшін ұрып алынған жарақаттарға инфекция оңай түседі.

Тістеп алынған жарақаттар жануар яки адам тісімен жеткізіледі. Ауыздан инфекция түсуі нәтижесінде, бұл басқа жарақаттарға қарағанда өткір инфекцияның дамуымен өтеді. Тістеп алынған жаралар құтыру вирусмен зақымданған болуы мүмкін.

Уланған жарақаттар уландырғыш заттардың қолданылуы нәтижесінде улы заттардың түсуі, шаян яки жыланның шағуымен характерленеді.

Оқ тиген жарақаттар дененің зеңбірек қаруынан атылған оқтан жарақаттану болады. Зеңбірек қаруларға: автомат, винтовка мен пистолеттер, жарылу нәтижесінде осколкалар ажыралып шығатын қарулар, яғни артиллерия снарядтары, мина, қолгранатасы, авиабомба, өлшемді жарылғыш зеңбірек қарулар және басқалар кіреді. Снарядтың түріне қарай, оқ, пашпалы оқ және осколкадан жараланулар ерекшеленеді.

Зеңбірек қаруынан жарақаттанғандардың арасында бірнеше және аралас жарақаттанулар күзетілуі назарда тұтылады.

Әр түрлі қарулардың әсер етуі және бір түрдегі қарудың түрлі жарақаттаушы факторлары әсерін есепке алған түрде: комбинацияланған, бірнеше мөлшердегі және араласқан жарақаттар болады.

Комбинацияланған жараланулар делінгенде, әр түрлі қарулармен (мәселен, зеңбірек қарудан жарадар болу және ядро қаруының жарықтық нұрлануынан) яки бір түрдегі қарудың түрлі зақымдаушы факторлары әсерінде (мәселен, күйу, жарадар болу және ядро қаруының өтіп кіретін нұрлануынан зақымдану) жүзеге асуы түсініледі.

Бірінші кезекте белгілі бір дәрігер-маман тарапынан көмек көрсетуіне мұқтаж болған жарақаттану негізгі жарақаттану болып табылады.

Бірнеше жараланулар делінгенде, бірер қару екі яки одан артық жарақаттаушы снарядымен кісі денесінің бірнеше анатомиялық мүшесінің (мәселен, бірнеше оқпен яки граната, бомба немесе снарядтардың бөлшектерімен жарақаттануы; тері қабаты және ішкі орган мүшелерін уландырғыш заттардың ықпалында зақымдану) жарақаттануы түсініледі.

Араласқан жараланулар делінгенде, кісі денесінің бірнеше мүшелерін бір снарядтың жаралайтын оғы яки бөлшегі нәтижесінде күйі мен жарақаттануы түсініледі (мәселен, торакоабдоминал мүшесінің жарақаттануы).

3.2. Қан кетуінде бірінші медициналық көмек көрсету. Қан кетуін тоқтату

Қан кетуі деп, қан тамырлары қабырғаларының бұзылуы, бірер ауру салдарынан кемірілуі яки өткізушендігінің асып кетуінен олардан қан ағуына айтылады.

Қан кетуі келіп шығуына қарап екі түрге бөлінеді. Бірі жарақаттану (травматикалық) түрі болып, ол сыртқы күштің әсерінде тамыр қабырғаларының бүтіндігі бұзылғанда (бірер нәрсе шаншылуы, ұрылуы, созылуы, жаншылуы, хирургиялық әдісі қолданылғанында да) жүзеге асады.

Қан кетуінің екінші түрі бұзылуға емес, бәлкім тамыр қабырғаларының залалдануына (патологиялық өзгеру) байланысты болады.

Қан кетуінің сипаттамасы бұзылған қан тамырларының анатомиялық түзілуі, себептері және сыртқы ортаға байланыстылығын есепке алған жайтта төмендегі топтарға бөлінеді.

Бұзылған қан тамырының белгілеріне қарап, артериал, веноз, капилляр және паренхиматоз қан ағуы бар. Олардың клиникалық белгілері бір-бірінен ерекшеленеді (65-сурет).

Артериал қан ағуы жарадар және науқас үшін ауыр өтеді. Мұнда қырмызы-қызыл қан дембе-дем қатты атылып шығады. Артериал қан



65-сурет. Бұзылған қан тамырының белгілері.

ағуы, әдетте, күшті болады және көп қан жоғалтады. Ірі артериялар, аорта жарақаттанғанда бірнеше минут ішінде өмірге қауіп төндіретін дәрежеде көп қан жоғалтылып, жарадар өледі.

Веноз қан ағуы веналар жарақаттанғанда пайда болады. Веналарда қысым артериалардағына қарағанда айтарлықтай төмен, соның үшін қан ақырын, біртегіс, тоқтаусыз ағады. Мұнда қан тоқ шиіе түсінде болады. Кемнен кем жайттарда өмір үшін қауіпті болады. Мойын және көкірек қуысы веналары жараланғанда өлім қауіпі жүзеге асады. Мойын және көкірек қуысы веналарында тыныс алу уақытында кері қысым пайда болады. Веналар жараланғанда, терең тыныс алу кезінде ішіне ауа кіруі мүмкін. Ауа көбіршіктері қан ағымымен жүрекке кіріп, жүрек яки қан тамырларын жасырып қоюы ауа эмболиясының пайда болуы және тез өлімге алып келуі мүмкін.

Капилляр қан ағуы көбінесе аралау болып, майда артерия және вена тамырлары жарақаттанғанда орын алуы мүмкін. Мұндай қан ағуы терінің бет бөлігіне тілік тигенде, сыдырылуда күзетіледі. Қан жібуі нормал болғанда капилляр қанның ағуы тоқтайды.

Паренхиматоз қан ағуы паренхиматоз мүшелер, бауыр, талақ, бүйрек, өпке жарақаттанғанда күзетіледі. Тамырлар органдар тоқымасы ішінде болғанынан және босамауынан қан ағуы дерлік ешқашан өзінше тоқтамайды.

Қанның жарақаттанған тамырдан қай жерге ағуына қарап, ішкі және сыртқы қан ағуы ерекшеленеді.

Сыртқы қан ағуы қанның терідегі жарақаты арқылы сыртқа шығуымен характерленеді. *Ішкі қан кетуде* қан бірер қуысқа (құрсақ қуысы, плевра қуысына) түседі. Сыртқы ортамен тұтасатын кәуек орган қуысына (асқазан, ішек, кәуек, трахеяға) қан құйылуы *сыртқы жасырын қан ағуы* делінеді. Қанның тоқымаралық қуыстарға (бұлшық еттерге, май клечаткасына) ағуы *гематоманы* пайда етеді.

Қан кетуі пайда болуы дәуіріне қарап 3-ке бөлінеді:

а) бірінші қан кетуі — жарақаттанғаннан соң лезде қан тамырларынан қан ағу жағдайымен белгіленеді;

б) екінші ерте қан кетуі — бірнеше сағаттардан екі тәулікке дейін болған дәуірді өзі ішіне алады. Әдетте, осы дәуір арасында жараға инфекция түскен, бірақ іріңді процесс басталмаған болады. Екінші рет қан кетуі көбінесе оқ тиген жарақаттарда орын алады;

д) кешкі екінші қайтара қан кетуі — жарада инфекция әсерінде іріңді процесс реңк алуына тура келіп, әдетте, 2 күннен соң пайда болады.

Екінші қайталама қан кетуінің себептері: бірінші медициналық көмектің абайсыздықпен берілуі, жаман иммобилизация, жарақаттанған тұлғаның эвакуация кезінде транспортта сілкінуі, жарада іріңдеудің жүзеге асуы, бірінші хирургиялық тазалауда, операция кезінде қан тамырының жақсы байланбағандығы яки қан кетуінің жеткілікті тоқтатылмағандығында байқалуы мүмкін.

Қан ағуын тоқтату. Бірінші көмек көрсету жағдайларында жарақаттанған жарадар яки науқасты емдеу мекемесіне алып барғанға дейін өтетін дәуір ішінде қан ағуын тек уақытынша яки алғашқы тоқтату мүмкін. Дәрігер емдеу мекемесінде қан ағуын бүтіндей тоқтатады.

Қан ағуын уақытынша тоқтату әдістері төмендегідей:

а) дененің жарақаттанған бөлігін кеудеге қарағанда жоғарылау жағдайда қою. Мұнда қан ағуының аздап кемеюі жақсы әсер етеді. Көбінесе бұл әдіс вена тамыры жарақаттанғанда қолданылады;

б) қанап тұрған тамырды басып тұратын байлам көмегінде жарақаттанған орнында басып тұру. Бұл әдісті вена және капиллярлардан қан кеткенде қолдануға болады. Артериалды қан кеткенде жгуттен пайдалану мақсатқа сай болады. Мұның үшін қан ағып жатқан жерге жеке пакеттердегі стерильденген байламдардан пайдаланылады. Пакеттегі жастықшалардың бірі бүктеліп қан ағып жатқан жерге қойылады және айналдырып тартып байланады. Егер бинт болмаса, таза мата яки қол орамалынан да пайдаланса болады. Байлам майда тамырларының жұмсақ тоқымаларына басып тұрылғанда, қан кетуі тез тоқтайды;

д) артерия ұзындығын бармақпен басып тұру (66-сурет). Уақытынша қан тоқтатудың бұл әдісінде тамыр жақындағы сүйекке басып тұрылады.

Ұйқы артериясы төс-омырау бұлшық етінің ішкі бөлігі арқылы мойын омыртқасын көлденең өсіндіге басуға болады (VI мойын омыртқасы көлденең өсіндісінің жоғары бөлігі, айтып өтілген бұлшық еттің орта бөлігі). омырау артериясын төс-омырау сорғыш сияқты өсік бұлшық еттің сыртқы тарапынан 1-қабырғаға басуға болады. Желке артериясын екі басты бұлшық еттің ішкі тарапынан желке сүйегіне басылады. Сан артериясын сан сүйегінің горизонтал бұтағында бойламаның астында орналасқан нүктеге басылады. Аузын жарадар науқастарда қарын аортасын омыртқа қабырғасына басып тұру мүмкін.



66-сурет. Артерия ұзындығын бармақпен басып тұру.

Бармақпен басып, қан ағуын ұзақ уақыт тоқтатып болмайды. Себебі, ол үлкен физикалық күшті талап етеді. Бұл әдіс көмек көрсететушіні шаршағанды және транспортировка жасау мүмкіндігінен айырады. Бірақ, қанды шұғыл тоқтату үшін қолайлы әдіс саналып, жараға лас түсірмеген жайтта, қанды тоқтатуды қамтамасыз етеді және қанның ағуын тоқтатудың бірнеше қолайлы әдісі үшін қажет болатын, басып тұратын байлам, бұрама (закрутка) жгутты даярлап қою мүмкіндігін береді;

е) зақымданған бөлікті буында мүмкіндігінше бүгіп яки жазып тұрған жайтта бекем ұстап, қан кетуін тоқтату (67-сурет). Қолтық асты артериясы жараланғанда тірсектен бүгілген қолдарды артқа созып, тірсек буындары деңгейінен фиксация жасау арқылы қан ағуын тоқтатуға болады. Тізе артериясы жараланғанда, тізе буыны, желке артериясы жарақаттанғанда тірсек буыны мен сан артериясы жараланғанда аралық саласында жамбас-сүйек буынын максимал бүту жақсы көмек беруі мүмкін;



67-сурет. Қол-аяқтарды максимал қатты бүту арқылы қан кетуін тоқтату.



68-сурет. Резиналы Эсмарх жуты.

ф) сынып қалған бөлікті жгутпен айналдырып, сығып байлау. Жгутты бірінші рет 1873 жылда Эсмарх істеткен. Эсмарх жуты (68-сурет) кең таралған болып, ол оралымды резинадан құралған. Бір ұшында шынжыры, екінші ұшында ілмегі бар. Жгуттың ұзындығы 1,5 метр, кеңдігі 1,5 см келеді.

Қолға жгут байлауда желке үштен бір жоғары бөлігі, ал аяққа байлауда санның үштен бір орта бөлігі қолайлы жер болып табылады. Аяқ-қол артерияларынан күшті артериал қан аққанда ғана жгут байлауға рұқсат беріледі. Қалған барша жайттарда бұл әдісті қолдану ұсынылмайды.

Жгут байлау техникасы. Терінің жгут астында сығылып қалудың алдын алу үшін жгут астына сүлгі және жұмсақ материал қойылады. Жгут қойылып жатқанда аяқ-қол біраз жоғарыға көтеріледі, жгут оның астына қойылады, созылады және қан ағуы тоқтағанға дейін қол-аяқ айналасында айналдырып оралады. Жгут орамдары теріні қыспаған жайтта жанба-жан түсуі қажет. Бірінші орамды мықтап сығу, екіншісін аздау, қалғандарын мұнан да бостау орау керек. Жгуттың ұштары шыншыр және ілмекпен орамдар үстінде бекітіледі. Жгутты тек қан ағуы тоқтағанға дейін сығу керек. Жгут дұрыс байланғанда артериалды қан ағуы лезде тоқтайды, аяқ яки қол ағарады, жгут байланған жерден төменде тамырлар пульсациясы тоқтайды.

Жгут артықша қысып байланса, жұмсақ тоқымалар (бұлшық ет, жүйке, тамыр) езілуі және сынып қалған жер сал болып қалуы мүмкін.

Жгут бос байланса, қанның ағуы тоқтамайды, керісінше, веноз қан дымдалып қалады (аяқ яки қол ағармай, бәлкім көгілдір түске кіреді) және веноз қан ағуы күшейеді. Жгут байланғаннан соң аяқ-қолды иммобилизация жасау қажет.

Жгут байлауда жол берілетін қателіктреге нұсқаулар болмаса да, яғни веноз және капилляр қан ағуда байлау, ашық дене және жарақаттан ұзақта байлау, бос яки артықша қатты байлау, жгут ұштарын нақтылаудан тұрады.

Жгуттың төмендегі кемшіліктері бар:

— артериялардың қысылуымен жұмсақ тоқыма және жүйке жолдары да езіледі. Бұл парез және сал болуға алып келуі мүмкін;

— жгут 2 сағаттан артық қойылса, одан төмендегі тоқымаларда қайтарып болмайтын гангрена жүзеге асады;

— қан айналуының тоқтауы кислородтың тоқымаларда жетерлі болмауына алып келеді.

Байлап қойылған жгут көрініп тұруы керек. Жгут байланған уақыттан кейін 2 сағат ішінде жарақаттанған кісіні емдеу мекемесіне қан ағуын бүтіндей тоқтату мақсатында алып барудың барша шараларын көру қажет.

Жгут байланған уақытты тексеріп тұру, оны өз уақытында шешу яки босату үшін жгут астына яки жарақаттанған адамның киіміне жгут байланған күні және уақыты (сағаты, минуты) жазылған хат қадап қойылады.

Арнайы жгут болмағанда аяқ-қолға белдік, орамал, мата бөлігі байлап тартылса да болады. Қопал қатты нәрселер жүйкелерді оңайлықпен жарақаттап қою мүмкіндігін ұмытпау керек. Қосымша құралдардан дайындалған жгут *бұрама (закрутка)* деп аталады. Бұрама үшін істетілген нәрсе керекті жерде бос етіп байланады. Пайда болған матрастан таяқша, тақтайша өткізіледі және оны бұрап, матрас қан ағуы бүтіндей тоқтағанға дейін айналдырылады. Содан соң таяқша аяқ яки қолға бекемделеді (69-сурет). Бұраманы қою ауруға себеп болады, соның үшін бұрама астына, әсіресе, төгілген жердің астына



69-сурет. Қанды тоқтату үшін қойылатын бұрама.

бирер нәрсені қыстырып қою қажет. Жгут байланғанда күзетілетін барша қателік, қауіп пен асқынулар бұрама үшін де тиісті;

г) жарақаттағы қанап тұрған тамырға зажим қойып қан ағуын тоқтату.

Бұл емдеу мекемелерінде дәрігер тарапынан жүзеге асырылады.

Кейбір сыртқы және ішкі қан кетулерде бірінші медициналық көмек көрсету. Тек жараланғанда емес, бәлкім ауру мен тұқыл нәрселерден жарақаттанғанда да қан ағуы мүмкін.

Мұрын қанағанда бірінші көмек көрсету. Мұрыннан кейде өте көп қан ағуы мүмкін және бұл жедел көмек беруді талап етеді. Мұрын қанауының себептері түрліше болады: жергілікті жарақаттар; тырналу, мұрын тосығы жарасы; мұрынды қатты қағу; бас сүйегі сынуы және басқалар.

Бірінші көмек беріп жатқан кісі қан ағуын күшейтіп жатқан барша себептерді жоюы қажет. Жарадарды тыныштандыру, оған күрт әрекеттер жасау, жөтелу, сөйлесу, зорығулар қан ағуын күшейттіруді түсіндіріп өту керек. Жарадарды өткізіп қою, мұрын-жұтқыншағына қан ағу мүмкіндігі аздау жағдайын жарату қажет. Мұрын ыстықтап кету салдарынан қанаған болса, науқасты салқын жерге көшіріп, басы мен көкірегіне суық компрессорлар жасау қажет.

Қан ағуы тоқтамаса, мұрынның екі жартысын мұрын тосығына қатты қысып, тоқтатуға ұрынып көру керек. Мұнда жарадар басы біраз алға иіледі және мұрын мүмкіндігінше жоғарыдан қатты қысылады. Жарадар ауыз арқылы тыныс алуы қажет. Мұрынды 3—5 минутқа дейін қысу және ауру ауызға түскен қанды түкіріп тастауы керек.

Мұрынды қысу жерге мұрын жолдарын стерильді құрғақ мақта бөлігі яки 3%-ды водород пероксидіне сулы мақта бөлігімен тампондауға болады. Мұрын жолдарына мақта шарларын тығылғаннан кейін жарадар басы алға еңкейтіледі.

Есіту жолы мен ішкі құрылымдары жарақаттанғанда (соққы тиюі, тырналу, бас сүйектері сынуы) қанның ағуы орын алуы мүмкін. Сыртқы есіту жолына воронка формасында оралған дәке тығылыш тоқтатылады. Дәкені құлақтағы дәке байлам ұстап тұрады.

Өпкеден қан аққанда бірінші көмек көрсету. Өпке жарақаттанғанда (көкірекке қатты ұрылғанда, қабырғалар сынғанда), өпке мен жүректің басқа қатар ауруларында өпкеден қан ағуы мүмкін. Жараланған жөтел мен балғамында қызыл көбікті қан түкіреді. Кейде өпкеден өте көп қан ағады.

Балғамда қан пайда болғанда, тыныс алуды қиындататын киім шешіледі. Жарадарға лезде жартылай отыру жағдайы беріледі. Жарадарды

мумкіндігінше тыныштандыру, оған ем табуы үшін бүтіндей дене және психикалық тыныштық қажеттілігін түсіндіру қажет.

Өпкеден әрқилы қандай қан ағуы бірер ауыр аурудың қатерлі симптомы. Сол үшін бірінші көмектің міндеті жарадарды емдеу мекемесіне жедел жеткізуден тұрады.

Құсақ қуысына қан аққанда бірінші көмек көрсету. Құсақ қуысында қан ағуы қарын бөлшек заттан жарақаттанғанда, бауыр, талақтың жарылуы нәтижесінде болады. Қарын ішіне қан ағуына бауыр мен талақтың кейбір аурулары себепші болуы мүмкін.

Құсақ қуысына қан ағуы қарында қатты ауру пайда болуында жүзеге асады.

Тері қабаттары ағарған, тамыр ұруы (пульс) жылдамдасқан болады. Көп қан аққанда есінен талу мүмкін. Жараланғанды горизонтал жатқызып, қарнына мұзды дорба қою қажет. Тамақ жеу және сұйықтық ішуге тыйым салынады. Жарадар шұғыл түрде транспортта медицина пунктіне эвакуация жасалады.


3.3. Сүйектердің сынуында бірінші медициналық көмек көрсету

Сүйектердің сынуы көп кездесетін жарақаттар түріне кіреді. Механикалық әсер және патологиялық өзгерулер нәтижесінде сүйектер бұзылуымен сипатталады. Әрбір сынықта сүйектердің үлкен-кішілігінен тыс, айналадағы жұмсақ тоқымаларға да жарақат әсер етіп, ауыр салдарға алып келеді.

Сүйек сынуының пайда болу себебіне сәйкес, травматикалық және патологиялық сынулар күзетіледі. Түрлі зақымданулар нәтижесінде травматикалық сынулар пайда болады. Травматикалық сыну сүйекке, оның қаттылығын жеңетін механикалық күш әсер етуі нәтижесінде келіп шығады. Күштің әсер ету механизміне қарай мұндай сынулар төмендегі түрлерге бөлінеді (70-сурет):

- иілген;
- бұралған (ротация);
- қысылған (компрессия);
- дұрыс ұрылған (сондай-ақ оқ типінен зақымдану);
- үзілген сынулар.

Сынулар ашық және жабық болады (71-сурет). *Жабық сыну* деп, тері бүтіндігі бұзылмаған жайтта орын алатын сүйек пен айналадағы тоқымалардың зақымдануына айтылады.



70-сурет. Сыну түрлері:


1 — дұрыс ұрылған; 2 — нілген; 3 — бұралған; 4 — қысылған; 5 — үзілген.

Ашық сынуларға жарақат пайда болған, тері бүтіндігі бұзылған жайтта болатын жарақаттар кіреді.

Сынулар толық, толық болмаған және сүйек жарылуларына бөлінеді. Сүйектің толық сынуында сүйек бүтіндігі толық бұзылады. Толық болмаған сынуда сүйектің бір бөлігі ғана залалданады. Сүйек жарылғанда бөлімдерге ажыралмаған залалдану орын алады.

Сыну бағытына қарап, көлденең, ұзын, қисық, винт сияқты және бөлшектенген болады. Сынуларда біреу яки бірнеше сүйектер көп жерден залалдануы мүмкін. Соны есепке алып, сыну дара және көп санды сынуларға бөлінеді.

Сүйек сынулары қарапайым, асқынды, күрделі және комбинацияланған болады. Қол-аяқ сүйектерінде көп ұшырайтын сынуларда сынған жер



71-сурет. Сынудың көріністері:

а — жабық; б — ашық.

айналасында күшті ауру, ісік, қан құйылуы, буыннан тыс бүктелетін бөлімдер пайда болуы, жалпы өлшемінің қысқаруы сияқты белгілер ұшырайды. Сүйек ашық сынуларында жарақаттан сүйек сынығының сыртқа шығып қалуы күзетіледі. Мұнда аяқ-қолдың осы бөлімде буыннан тыс қосымша әрекетшендігі күзетіледі және әрекеттенгенде сүйек сынықтарының өзара тиюінен қысырлаған дыбыс есітіледі. Кейде сүйек сынуларында барша белгілер көзге көрінбейді. Бірақ күшті ауру мен әрекеттің қиындығы әлбетте сезіледі.

Қабырғалар сынғанда осы сала басылуы нәтижесінде жарақаттанған тыныс алғанында яки қол тигізілгенде күшті ауру сезеді. Плевра яки өпке тоқымасы да сынып қалған болса, плевра қупсына қан кетуі яки көкірек қуысына ауа кіруі күзетіледі және бұлардың баршасы тыныс алудың бұзылуына алып келеді.

Омыртқа сынған уақытта белде күшті ауру, сынған жер төменгі бөлігінде бұлшық еттің парез және сал болуы күзетіледі.

Жамбас сүйектерінің сынуында жарақаттанған кісі жерінен тұра алмайды және аяқтарды әрекеттендіре алмайды. Қажет болса жамбасқа да аударыла алмайды. Мұндай сынуға ішектер және сидік қабыршағының жарақаттанулары да қосылуы мүмкін.

Сүйек сынулары оның жанынан өткен қан тамыр мен жүйкелердің зақымдануына алып келіп, қан кетуі, сезім және әрекеттің жоғалуы сияқты асқынулар пайда болады, шок жағдайының дамуына себеп болады.

Сүйек сынуларда бірінші көмек көрсетудің жалпы ережелері.

Сүйек сынған жерді көру және жараға (ашық сыну жағдайында) стериль байлам қою керек болса, киім-кешек пен аяқ-киімдер шешілмейді, бәлкім кесіледі. Бірінші кезекте қан кетуі тоқтатылып, асептикалық байлам қойылады. Соң сынып қалған жер қолайлы жағдайға келтіріледі және иммобилизациялайтын байлам қойылады.

Терінің астына яки бұлшық еттің арасына шприц-тюбик көмегінде ауыртпайтын зат жіберіледі.

Сүйек сынықтарын иммобилизация жасау үшін Б-2 «Шиналар» комплектіндегі стандарт шина яки қол асты құралдарынан пайдаланылады. Қол асты құралдары ретінде тақта бөлігі, таяқ, фанер бөлігі, қамыс байламдары мен басқалардан пайдаланса болады.

Қол-аяқтарға қойылған шина бинтпен бекемделеді. Бекемдеу үшін белдік, шарф, орамал, арқан және басқалардан пайдалануға болады.

Егер сүйек сынықтарын иммобилизация жасау үшін шина және қол асты құралдар болмаса, қол тікбұрыш жағдайында бүгіліп, денеге жабыстырып байлап қойылады. Сынып қалған аяқ сау аяққа бинтпен нықтап байланады.

Шиналауды тікелей оқиға орын алған жерде өткізу қажет және жарадар яки науқасты санитарлық транспортында эвакуация жасауға болады. Сүйек сынықтарын жылжитпау үшін шиналарды сақтықпен қою керек. Сүйек сынықтарын дұрыстау, бір-біріне жақындастыру ұсынылмайды. Сүйектің өткір ұшы түртіп шығыш теріні жарақаттау қаупі болған жайттар мұнан тыс. Жарақаттанғанды өте сақтықпен көтеру, аяқ-қол мен кеудесін бір уақытта, әрдайым бірдей деңгейде көтеру керек.

Естен тану және басқа жалпы оқиғалардың профилактикасы жарақаттанған органды дұрыс иммобилизация жасау, яғни ол ауру сезімі кем болатын жағдайда мықтап байлау жолымен жабдықталады. Жарадарды ыстық етіп орау, ыстық шай, кофе беру қажет. Мүмкіндігінше ауыру қалдыратын заттарды тері асты яки бұлшық еттер арасына жіберу керек.

Қолы сынып жарақаттанғандарды транспортқа өткізіп, аяқ, жамбас сүйектері, омыртқа қабырғасы сигналдарын жатқызып алып бару керек.

Кейбір жеке сүйек сынуларында шиналарды қою. Желке сүйегі сынғанда, желке және тірсек буындары жарақаттанғанда Крамер (саты сияқты) шиналарынан пайдаланған жайтта иммобилизация жасау қолайлы. Сау жақ күрегінің орта саласынан бастап қойылады және қойылатын шина белге тиіп тұрады. Тікбұрыш пайда болған жайтта желке буыны үстінен қайрылып өтіп, білек пен алақанға жабысып тиген жайтта бармақ негізіне дейін жетіп барады. Көмек көрсететін тұлға, шинаны қоюдан алдын оған тиісті форманы беру үшін, алдымен өзінің денесіне қойып сай етіп алуы қажет. Мұның үшін ол өз білегін шина ақырының бір тарапына қояды-да, бас қолмен шинаның екінші бас тарапын ұстайды. Шинаны білектің арт-сыртқы бетімен бойлап, білек үсті және бел арқылы басқа жаққа желке астына бағыттап барылады. Шинаға керекті форма берілгенге дейінгі моделировка жасалады.

Білек саласында шинаға науа сияқты форма беріледі. Ол мақта қабаттары яки басқа бір матамен оралып шығылады және қойылады. Шина жылжып кетуінің алдын алу үшін оның жоғары бөлімі екі дәкелі бау көмегінде алақан саласынан төменгі бөлімін бойлап байлап қойылады. Баулар білек буынының шетінде алды және артынан, сынған жердің қарама-қарсы тарапына өтеді.

Шина қоюдан алдын сынып қалған қолдың қолтық асты шұқырына мақта домалағы яки орамал (косинка) орамы қойылады. Қойылған шина бинтпен байланып бекемдеп шығылады.


Білек сүйектерінің сынуы. Саты сияқты шина тік үшбұрышты пайда етіп бүгіледі. Мұнда оның бір тарапының ұзындығы білек пен алақан бармақтары негізіне дұрыс келуі, екінші жақ ұзындығы желкенің $\frac{3}{2}$ бөлігіне дұрыс келуі керек. Тірсек бойынша дұрыс бұрыш пайда етіп бүгілген қол шинаға қойылады және бинтпен бекемдеп шығылады. Егер шина және қол асты құралдары болмаса, дұрыс үшбұрыш пайда етіп, тірсек буынында бүгіледі-де, орамал (косинка), белдік және басқа құралдар көмегінде денеге мықтап қойылады.

Алақан сүйектерінің сынуы. Білек ұзындығындай болған саты сияқты шина алынады және ұзындығы бойынша науа сияқты етіп иіледі, екінші тарапы рулон етіп оралады. Шина бинт көмегінде бекемделеді (72-сурет). Алақан мен білек айтарлықтай үлкен болмаған фанерь және тақтайлар көмегінде иммобилизация жасалады. Мұндай жайттарда бармақтар жартылай бүгілген жағдайда алақанға мақта яки мата бөлегі қойылады.



72-сурет. Алақан сүйектері сынған уақытта саты сияқты шинаны қою.

Сан және жіліншік сүйегінің жозары $\frac{3}{2}$ бөлімі сынулары. Сан сүйегі сынғанда Дитерикс шинасы жақсы транспорт шина есептеледі (73-сурет, 1, 2, 3). Бұл жамбас-сан, тізе мен жіліншік-алақан буындарын жақсы иммобилизация (әрекетсіздікті қамтамасыз етеді) жасау мүмкіндігін береді. Шина ұзындығы оңай өзгертірсе болатын екі ағаштан дайындалған бранш (тақтадан, 1, 2), етемақы асты құрылғысы және бұрамадан құралған (3).



73-сурет. Дитерикс шинасы.

Шинаны қою тәртібі. Шина 2-3 кісімен қойылады. Жараланған шалқысынан жатады. Алғаш шина дайындалады, мұның үшін сыртқы және ішкі шиналар жарадар бойына сәйкестеніп алынады:

а) жан бранштар сыртқы жақтан қолтық асты және табанға дейін дұрыс-талады. Ішкісі шот саласына солай қойылады, яғни бранштың еркін тарапы табаннан 10—15 см шығып тұрады;

б) жатақ жара әрі некроздың алдын алу үшін сүйек бөрткітеріне (жан бас сүйек қанаты, тобықтар) және табанның арт бетіне жұмсақ мата қойылады;

д) табан астына қойылатын астар аяқ-киімдерге мықтап байланады;

е) табан астына астар қойылғаннан соң сыртқы шинаны қоюға кірісіледі. Мұның үшін төменгі ұшы табан құрылғысының сыртқы браншына кірітіледі. Соң шина аяқтан қолтық астына дейін жайғастырылады. Таспа яки бинттің ұштары бранш саңылауынан өткізіледі және көкірек қуысын орап байланады. Аяққа шина байланбай тұрылады;

ф) соң ішкі шина орнатылады. Мұның үшін төменгі ұшы табанға қойылатын астардың ішкі рамкасынан кірітіледі. Ішкі шинаның бос бөлімі шот саласына тіреліп тұрады. Сыртқы бранштың тесігінен шығарылған таспа яки бинт ұштары санның айналасынан айналдырылып байланады;



- 74-сурет. Аяқтың Дитерикс шинасы көмегінде иммобилизация жасалуы:
 а — табан асты құрылғысын бекемдеу; б — шиналарды табан асты құрылғысындағы скобаларға кіргізу және дене бойынша тегістеп қойып шығу;
 в — белдік пен баулар көмегінде шинаны сан және денеге байлап шығу;
 з — аяқтың Дитерикс шинасы көмегінде иммобилизация жасап болғаннан соң көрінісі.

г) табан астына қойылатын астарына біріктірілген жіп горизонтал планка тесігінен шығарылып, ұштары байланады және бұрап тартуға кірісіледі (74-сурет). Қолдармен жарақаттанған аяқтың табанынан ұстап тартылады, мұнда бранштың бастары қолтық асты және қуыққа тіреліп тұруы керек. Содан соң жіптер арқылы тарту таяқшаны бұрау көмегінде жүзеге асырылады. Тарту тоғы аяқтар теңеспейінше жалғастырылады. Бұрама таяқша горизонтал планкаға бинтпен бекемделеді.


Тарту аяқтағанна соң шинаның бранштары аяқ және денеге бинт спирал сияқты оралған жайтта бекемделіп қойылады;

д) аяқтар асылып қалмауы үшін, сан және жіліншікке арт жақтан фанерлі яки Крамер шинасы қойылады. Мөлшерінен көбірек тарту ауыру және сіңірлерде жатақ жаралар пайда болуын есте сақтау керек.

Жіліншік сүйектері сынуында 3 саты сияқты шинамен иммобилизация жасау қолайлы. Олардың біреуі жіліншіктің арт тарапына қойылады. Бұл шина аяқ алақанын үзетгі көрінісінде ұстап тұруы керек. Жіліншіктің ішкі және сыртқы тарапына фанерлі шиналарды қолдануға болады (75-сурет).

Бас сүйегінің сынуы. Сынып қалған адам зәмбілге жатқызылады және бас астына ортасы шұқырша етіліп, жұмсақ нәрсе салады. Бастың екі шетіне ұзынына бойлап жұмсақ валиктер қойылады.

Егер жарадарды бірер ғимараттан вертикал жағдайда алып шығу қажет болса, алдын оның мойын бөлігіне мақта-дәкелі жаға қойылады. Мұның үшін мойын бірнеше қабат мақтамен оралады. Оның үстінен тығыз етіп, бірақ онша қатты қыспай бинт оралады. Мойын омыртқалары жарақаттанғанда жоғарыда көрсетіп өтілгендей ұқсас мақта-дәкелі валик қойылады.



75-сурет. Жіліншікке шина қою:
 а — шиналарды бүгіп аяқ формасына келтіру; б — шинаны аяққа байлау.

Қабырғалардың сынуы. Бинттеуден алдын жарақаттанған кісіден терең ауа шығару өтініш жасалады. Жарақаттанған кісі көкірек қуысының төменгі саласы қатты сығып бинттеледі. Тыныс алынып жатқан уақытта бинттеу уақытынша тоқтатылады. Осы уақытта бинттің бос тұрған ұшы тартып тұрылады. Ауруды азайту үшін ауыртпайтын зат тері асты яки бұлшық ет арасына шприц-тюбик көмегінде жіберіледі.

Жақтардың сынуы. Уақытыншалық иммобилизация сақпан сияқты байлам қою көмегінде, сенімді иммобилизация стандарт жақ астына қойылатын шина көмегінде жүзеге асырылады (76-сурет).

Жақ астына қойылатын стандартты шина басқа килетін арнайы байлам және жақ астына қойылатын пластмассалы шинадан құралған болады.

Сапқан сияқты байлам басқа килетін байламға резеңке көмегінде бекітіледі. Аурудың алдын алу мақсатында жақ астына қойылатын пластмасса шина іші мақта-дәкелі қаптамамен толтырылады. Қойылған мақта-дәкелі шинаның шеті шығыш тұруы қажет.



76-сурет. Төменгі жақ сынғанда стандарт басатын байламды қою.

Төменгі жақ және мойын жарақаттануында асфикция дамуының алдын алу мақсатында стандарт басатын байлам қойылмайды.

Омыртқаның сынулары. Омыртқа қабырғасының сыну өте ауыр жарақаттану болады. Аздап әрекет жасаумен белде күшті ауыру пайда болуы оның белгісі болып табылады.

Жарақаттанған кісіні отырғызу, тік тұрғызып қою қатаң тыйым салынады. Оны алдымен тегіс, қатты жерге (тақтаға) жатқызған жайтта тыныш жағдай жарату қажет. Дәл осы нәрселерден транспорт иммобилизациясында да пайдаланылады. Тақта болмағанда жарақаттанған кісі есінен талып жатса, оның желкелері мен басының астына куртқа яки бұйымдар қабынан жасалған валик қойып, зембилде бетімен жатқызып, транспортта эвакуация жасау қауіпсізде болады.

3.4. Көз, құлақ, мұрын, тамақ жарақаттанғанда бірінші медициналық көмек көрсету

Көз химиялық, механикалық, термикалық, радиацияның өтуші әсері және уландыратын заттардан зақымдануы мүмкін. Механикалық жарақаттанулар қабақтың жаралануы, көз контузиясы және жаралануын келтіріп шығарады.

Қабақ жарақаттануында ажыраған көз алмасы жарақаттанған және жарақаттанбаған жайтта болуы мүмкін. Көз жарақаттануы тесіп өткен және тесіп өтпеген (өтіп кірмеген), жат заттар түскен яки түспеген болады.

Көз мүйіз пердесі тесіліп жарақаттануы қатты ауру, көз жасы ағуы мен конъюнктивит қызаруымен характерленеді. Қарапайым тексеру өткізу уақытында көзде жат денелер бар екендігін анықтау қиын болғандығынан, лупадан пайдаланылады. Мұндай жарақаттанғандарға өз уақытында дұрыс медициналық көмек көрсетілсе, үлкен қауіп тудырмайды.

Көз мүйіз пердесі өте нәзік есептеледі. Егер инфекция түссе, көздің көру қабілеті жоғалады.

Көздің алдыңғы камерасы жоқ болуы мүмкін. Қанталасқан, көз қарашығының ашылып тұрған жарақаты болса, көз ішкі қабаттары, маржан шиша сияқты денесі ағып түседі.

Көз контузиясы. Тұқыл бұйым, нәрсе яки жұдырықпен ұрғанда және жарылудың соққы толқыны ұруы салдарында көз контузиясы байқалады. Көздің іші қысымының жылдамдықпен көтеріліп кетуі нәтижесінде көз ішіндегі шырышты қабат, көз бөліктері реңді перде, маржан, қанды жатық қабат және тор перделер жарақаттанады.

Контузия уақытында кезде ауыру, жарықтықтан қорқу, көру аздап яки бүтіндей жоғалуы, көз алды камерасы, айна сияқты зат және қабаққа қан құйылулар байқалады.

Кейбір жайттарда көз алдыңғы пердесі жарылып кетуі және көз ішінен ішкі бөлімдерінің ағып түсуі байқалады.

Көздің термикалық күйі. Көзге жанып жатқан газ, сұйықтық, қызыған темір бөлшектерінің түсуі нәтижесінде күйо дамиды. Көз тоқымаларының ақуызы жібіп, жансызданып қалуы нәтижесінде тыртық пайда болуы мүмкін.

Көздің күйо жағдайы ядро қаруының жарылуында ажыралып шығатын жарықтық нұрлануы салдарынан да болады.

Ядро қаруының жарылуы нәтижесінде ажыралып шыққан жарықтық нұрлануы, көру қабілетінің төмендеп кетуі яки мүлдем көр болып қалуына алып келеді. Көрмей қалу бір минуттан бір тәулікке дейін жалғасуы мүмкін. Кейіннен көру қабілеті тағы өз жағдайына қайтады.

Құрамында ультракүлгін нұры көп болған нұрлану энергиясы әсерінде көздің күйо электр жөндеу, қармен қапталған таулы жерлерде ультракүлгін нұрларының қайтарылуы әсерінде байқалуы мүмкін. Ультракүлгін нұрлары әсер еткен уақытынан 6—8 сағаттан кейін қабақ терісі мен конъюнктива қызарып кетіп, жарықтықтан қорқу және көзден мол көз жасы ажыралуы пайда болады. Бұл көріністер бірнеше күннен соң өтіп кетеді.

Көздің химиялық күйо кислота, сілті және басқа ерітінді тамшыларының түсуі нәтижесінде болады. Кислоталар әсерінде құрғақ қарақотыр пайда болады. Кейіннен ол ажыралып түседі. Сілтілермен күйо ауыр өтеді. Тоқымалар терең ішкеріге кіріп, ерітіп жібереді және суланған қарақотыр пайда болады. Ол ұзақ уақыт ажыралып түспейді және астында тоқымалардың бұзылуы жалғаса береді.

Бірінші медициналық көмек. Жарақаттанғанда, термикалық күйгенде, көз контузиясында көзге дереу стерильденген байлам қойылады және шұғыл түрде жарақаттанған тұлғаны медицина пунктіне жіберіледі. Көзді тесіп өтетін жарақаттануларда бинокляр байламы қойылады. Бұл жақсы тыныштық жағдайын қамтамасыз етеді. Жарақаттанған және күйген көзге дәрі-дәрмек қою яки оны жуу мүмкін емес. Бұл көзге инфекция түсуі яки радиоактив заттардың кетуіне алып келеді. Көзге түскен бөгде заттарды алып тастауға әрекет жасамау керек. Тек қана көз және оның айналасындағы топырақ, лай бөліктері және басқа заттар алып тасталады.

Көздің химиялық күйо мен көзге көп мөлшерде радиоактив тозандар түскен уақытта дереу суық сумен жуып тастау және жарақаттанғанды шұғыл түрде эвакуация жасау керек.

Егер де көз шағылысуы, бір уақыттың өзінде көру қабілетінің жоғалуында ауру сезілсе, көз сезілерлі дәрежеде жарақаттанса және көздің көру қабілеті 0,5—1 сағаттан көп уақыт жоғалған болса, жарақаттанған кісі шұғыл түрде медициналық көмек көрсету үшін медицина пунктіне эвакуация жасалады.

Мұрын жарақаты қан кетуімен қауіпті. Мұндай жайтта науқасты шалқайтып жатқызуға болмайды. Себебі қан кетуі жалғаса береді және қан ұйытылып асқазанға келіп түседі. Кейіннен көңіл айнуы мен құсу жағдайы күзетіліп, ауру жағдайы жамандасады. Мұндай кезде науқастың басын төменге иген жайтта өткізу яки бетін төменге қаратып жатқызу керек (қарынға). Мұрынға мұздай су, мұз яки қар салынған ыдыс қою керек. Мүмкіндігінше мұрын тесіктеріне сутегі пероксиді ертіндісіне сулы мақтаны тампон яки тұмауға қарсы тамшылармен сулы тампон қойылады.

Құлақ қалқаны жарақатының клиникалық кешуі және көрсетілуі керек болған медициналық көмек басқа органдардың тері қабаты жарақатына көрсетілуі керек болған жәрдемнен ерекшеленбейді. Құлақ қалқаны тез бітушең болғандығын есепке алған жайтта, қажет болса құлақ үзіліп түскен болса да, оны мүмкіндігінше ұстап тұруға әрекет жасау керек.

Сыртқы есіту жолы төменгі жақ буыны сынғанда, зеңбірек қарудан жарақаттанғанда, бас сүйегінің негізі сынғанда жарақаттанады. Кейде таяқша пердесінің жыртылу жағдайы байқалады.

Сыртқы есіту жолдарынан қан ағуы ауыр жарақат алған және сүйек негіз бөлімінің сынғанынан дерек береді. Мұндай жағдайда, әдетте, есіту қабілеті күрт жамандасады, қан арт мия сұйықтығы шөкпелерімен араласуы есебіне нашар жібиді. Мұндай жағдайда құлаққа стерильденген байлам қойып, жарақаттанғанға жатқан жағдайда медициналық көмек көрсету үшін медицина пунктіне эвакуация жасалады. Құлақтан қан кеткенде, оны тоқтату мақсатында байлам үстінен мұз салынған дорба қоюға болады.

Сыртқы құлақ есіту жолы ішіне жәндік кіріп қалса, есіту жолына бірнеше тамшы жылы су яки вазелин майы 30 минутқа тамызылады. Кейін резиналы дәрі бүріккіш көмегінде жылы сумен жуып тасталады. Құлақтан басқа жат заттарды алып тастаудың басқа әдістерін санитария нұсқаушысы қолдануы мүмкін емес.

Таяқша пердесінің зақымдануы, Әдетте, сыртқы есіту жолында ауа қысымы күрт көтерілгенде (оқ-дәрі жарылғанда, құлаққа шапалақ тартылғанда, суға секіргенде және басқаларда) болады. Таяқша перденің жыртылуы ауру, қан кетуі, есіту қабілеті төмендеуі және құлақта шуыл

есітілуімен күзетіледі. Мұнда, арт құлақ самалдауының алдын алу мақсатында жарақаттанған құлақ жуылмай және дәрі-дәрмек тамылзылмай, стериль байлам қою керек. Мүмкіндік болса, байлам үстінен мұз салынған ыдыс қан тоқтату үшін қойылады.

Жұтқыншақ, көмей, кеңірдек (трахея) жарақаттанған және жарақаттанғанда көбінесе қан кету салдарында қан тыныс алу жолдарына түседі. Бұл өпке самалдауын келтіріп шығарады және өлім жағдайына алып келеді.

Көмей және кеңірдек жарақаттанғанда дауыс буылады яки сыбырлағандай дауыс шығады. Кейде буылу жайттары орын алады. Жөтелген уақытта жара саласында ауру күшейеді, жарадан ауа шығуы мүмкін. Жұтқыншақтың жаралануы жұтынудың бұзылуына алып келеді.

Жұтқыншақ, көмей және кеңірдек жарақаттанғанда бірінші медициналық көмек өмір үшін қауіп төндіретін қан кетуді тоқтату және бүгіліп қалу себептерін жоюдан құралған. Жарақаттанған жерге стериль байлам қою керек.

Бақылау сұрақтары

1. Бірінші медициналық көмек ұғымы.
2. Соғыс майданында жарақаттанғандарға көрсетілетін бірінші медициналық көмекке нелер кіреді?
3. Жарақат түрлерін айтып бер.
4. Қан кету түрлері мен белгілерін айтып бер.
5. Қан кетуінде бірінші медициналық көмек көрсету шараларына нелер кіреді?
6. Қан кетуін тоқтату әдістеріне қайсылар кіреді?
7. Сүйек сынуының сипаттамасын айтып бер.
8. Сүйек сынуларда бірінші көмек көрсетудің жалпы ережелері нелерден тұрады?
9. Шиналар қоюдың жалпы ережелеріне нелер кіреді?

4-тарау. РАДИАЦИЯДАН ЗАҚЫМДАНУ ЖӘНЕ УЛАНДЫРҒЫШ ЗАТТАРДАН ЗАЛАЛДАНУДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ БІРІНШІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК КӨРСЕТУ

4.1. Ядро қаруының жарылуы нәтижесінде ажыралып шыққан заттармен залалданғанда санитарлық тексеруді өткізу. *Ядро қаруының жарылу ошағында емдеу-эвакуация іс-шараларын ұйымдастыру және көрсетіліп жатқан бірінші медициналық көмектің көлемі*

Ядро қаруының жарылуы нәтижесінде ажыралып шыққан заттармен залалданғанда санитарлық тексеруі, саралау посында тері қабаттары мен киім-кешектердің радиоактив заттармен зақымданғандық дәрежесі, дозиметриялық тексерулерден алынған мәліметтерге негізделіп өткізіледі.

Радиоактив заттармен залалданған жеке құрамға санитарлық тексеруі аздап яки толық өткізілуі мүмкін. Бөлімдер жеке құрамы өздерінің иелеп тұрған жерлерінен шығарып, радиоактив заттармен залалданғандығы анықталғаннан соң аздап санитарлық тексеруі өткізіледі. Радиоактив заттардан залалданғанда, залалдану орын алған уақыттан соң бірінші сағаттар ішінде дезактивация өткізіледі.

Радиоактив залалдану ошағынан шыққаннан соң аздап санитария тексеруі төмендегідей өткізіледі: жеке қару суға сулы тампондармен екі рет сүртіп дезактивация жасалады, егер ИДП-1 пакеті болса, онда бұл дегазациялаушы пакет көмегінде тексеру өткізіледі; жеке қорғаныс заттары шешіп қағып (сыпырып) тасталады яки сулы матамен сүртіп шығылады; киім-кешек шешіледі және сілкіп қағылады яки сыпырып тасталады, мұнда газтұтқыш шешілмейді; қару-жарақтар, аяқ-киімдер шешіледі және сулы матамен сүртіп шығылады яки өзіне тиісті құралдармен сыпыралды. Адамның ашық жерлері: қолдары, бой таза сумен жуылады, газтұтқыштың бет бөлімі сүртіледі және таза сумен жуылады, соң газтұтқыш шешіледі, бет сумен әбден жуылады, ауыз бен тамақ шайылады (77-сурет). Жарадар мен науқастардың толық санитарлық тексеруі медициналық емдеу мекемелерінің санитарлық тексеру өткізу бөлімдерінде өткізіледі.

Толық арнайы тексеру өткізу жеке құрамға толық санитария тексеруін өткізуді және қару-жарақ, техника, киім-кешектер, аяқ-киімдер, құрал-саймандар және жеке қорғаныс құралдарын толық дезактивация, дегазация және дезинфекциялауды өз ішіне алады.




77-сурет. Радиоактив заттардан залалданганда аздап санитария тексеруін өткізу әдістері.

Толық арнайы тексеру әскерлердің алдына қойылған жауынгерлік міндеттер орындалғаннан кейін және соғыстан шыққаннан соң әскери бөлім командирінің бұйрығы негізінде өткізіледі. Толық арнайы тексеруді өткізу әскери бөлімдердің тұрғылықты тұрғын үйлерінде (яки жасақтар жиналған жерлер), әрекет жасап жатқан бағыттарда және арнайы тексеру аумағында өткізіледі. Арнайы тексеру мүмкіндігінше залалданбаған жерлерде өткізіледі.

Арнайы тексеру өткізу пунктінде төмендегі жерлер ұйымдастырылады және қажетті құралдармен жабдықталады: бөлүші-бақылау посы; әскери техниканы және қару-жарақты дегазация, дезинфекция жасау майданшасы; жеке қорғаныс құралдарын дегазация, дезактивация жасау майданшасы; санитария тексеруін өткізу майданшасы, заалалданған үсті-басын алмастыру майданшасы; командирлік-күзету пункті (78-сурет).

Ядро қаруының жарылу ошағында, ядро қаруының шабуылы астында қалған және жауынгерлік қабілетін сақтап қалған бөлімдердің жеке құрамы тарапынан өзіне өзі және бір-біріне көмек көрсету шаралары өткізіледі. Бұл өз ішіне жеке аптечка құрамындағы, бастауыш реакцияның алдын алу үшін қолданылатын құралын қабылдауды қамтиды. Егер организм ішіне радиоактив заттардың кіруі байқалған болса, адсорбент қабылданады және кейіннен асқазан жуылады.



78-сурет. Арнайы тексеруді өткізу аумағы.

Комбинацияланған зақымдануларда, бірінші кезекте, механикалық және күйеу факторларының әсерін жоюға қаратылған шараларда қан кетуін тоқтату және дем алуды тіктеу шаралары көрінеді. Қажет болғанында жеке қорғаныс құралдары (респираторлар, противогаздар, қорғаныс киім-кешектері) қолданылады. Тері қабаттары мен киім-кешектер радиоактив заттармен залалданғанда аздап санитария тексеруі өткізіледі. Залалданған ошақтан және аймақтан қысқа уақыт ішінде жылдамдықпен шығып кету (алып кету) жұмыстары ұйымдастырылады. Ядро қаруының жарылуы болған ошақта және радиоактив заттармен залалданған жерлерде бірінші кезекте эвакуация жасалуына мұқтаж болған ауыр жарадарлар тобы ажыратылады.

Санитария нұсқаушысы бірінші медициналық көмек элементтерінің дұрыс орындалуы үстінен бақылау жасайды, қажет болған уақыттарда ауыр жарадарларға және залалданғандарға медициналық көмек көрсетеді. Санитария нұсқаушысы залалданғандар және жарадарларды соғыс майданында іздеп табуда және оларды медицина пунктіне эвакуация жасауда қатысады. Мұнда санитария нұсқаушысы жарадар және залалданғандарға ядро жарылуы ошағынан өздiнен шығып кету үшін жақын болған жолдарды көрсетеді және санитария транспорттарының келуін ескерген жайтта ауыр жарадарлар және залалданғандарды жинау жерін анықтайды. Ауыр жарадарлар мен залалданғандардың соғыс майданында жиналған жерлерін тәуліктің барша уақыттарында жақсы көрінетін белгілер яки «Роза-МТ» радиопеленагациялы құралы көмегінде белгілеп қойылады.

Дәрігерге дейін болған (фельдшерлік) медициналық көмек (батальон, бригада медициналық пункттерінде) өз ішіне алып келінген жарадар мен залалданғандар зақымдалудың ауырлық дәрежесін есепке алған жайтта саралауды қамтып алады. Мұнда екі топ ажыратылады: ауыр залалданғандар бірінші кезекте эвакуация жасалады; жеңіл залалданғандар (мүмкіндігінше қысқа уақыт ішінде) екінші кезекте.

Дәрігерге дейін болған (фельдшерлік) медициналық көмек: бастауыш реакцияны алу үшін қолданылатын құралды қайта қабылдау үшін беруді; радиоактив заттардың ішке түсуі күмәндалып жатса — антидотты беруді және кейіннен асқазанды жууды; комбинацияланған жарақаттануларда — ауырпайтын заттарды және антибиотиктерді қайта беру; нұсқауларға негізінен жүрек-қан тамырларының дәрі-дәрмектері мен тыныс аналептиктері (кофейн, кордиамин), антигистамин препараттары (димедрол, супрастин және басқалар), транквилизаторларды беруді өз ішіне қамтып алады.

Көрсетіліп жатқан медициналық көмек өз ішіне тек жедел түрде көрсетілетін іс-шараларды — тікелей жарадар және залалданғандардың өмірді сақтап қалуға қаратылған жұмыстарды өткізуді және радиация нұрлануы кем болған жерлерге оларды шұғыл түрде эвакуация жасауды қамтып алады.

4.2. Химиялық қарудың қолданылуы нәтижесінде залалданғандарға бірінші медициналық көмек көрсету

Уландырғыш заттармен залалданғанда аздап тазалауды өткізу. Аздап арнайы тазалауды өткізуді, әдетте, әскери құрам яки бөлім алдына қойылған жауынгерлік міндет тоқтатылмастан, командирдің бұйрығы негізінде яки әрбір әскери қызметші өздігінен өзіне және бір-біріне өткізеді. Мұнда, уландырғыш заттармен залалданғанда төмендегілер өткізіледі: ашық қалған тері қабаттары, киім-кешек, противогаздың бет бөлімі шұғыл түрде дегазация жасалады. Мұнан тыс, жеке құрам жауынгерлік міндетті орындау уақытында қару-жарақ пен әскери техниканың кейбір бөліктеріне тиеді, соның үшін бұл жерлер де дегазация жасалады.

Аздап санитария тазалау жұмыстарын өткізу тәртібі. Уландырғыш зат қолданылған уақытта жеке құрам газтұтқыш пен жеке қорғаныс құралдарында болса, адамның тері қабаттары мен киім-кешегі осы уланған ошақтан шыққаннан соң дегазация жасалады.

Қорғаныс бұйымдарын кимеген жеке құрам ашық жерде орналасқан уақытта, кенеттен дұшпан уландырғыш заттарды қолдаса, шұғыл түрде газтұтқыш киіледі, қорғаныс плащы жабынғыш жағдайда киіледі. Дереву залалданған тері қабаттары, киім-кешектің залалданған бөліктер мен противогаздың бет бөлімі химияға қарсы жеке пакет (ИПП-8, ИПП-9, ИПП-10) көмегінде дегазация жасалады. Қару-жарақ залалданған жерден шыққаннан соң дегазация жасалады. Командирдің (бастық) бұйрығына сәйкес қорғаныс плащы, қорғаныс қолқабы, қорғаныс шұлығы шешіледі. Егер бұл бұйымдар уландырғыш заттар қолданып жатқан уақытта киілген болса, қорғаныс бұйымдары шешілуінен алдын дегазация жасалады. Аздап санитарлық тазалауды өткізіп болғаннан кейін газтұтқыш шешілмейді.

Жеке құрам бір уақыттың өзінде уландырғыш, радиоактив заттар мен бактериялы құралдардан залалданған уақытта, химияға қарсы құралдардың көмегінде оларға аздап санитарлық тазалау жұмыстары өткізіледі. Бірінші кезекте уландырғыш заттар дегазация және бактериялы құралдар дезинфекция жасалады, соң радиоактив заттар дезактивация жасалады.

Аздап санитарлық тазалауды өткізу үшін қолданылатын құралдар. Дала жағдайында аздап санитарлық тазалауды өткізу үшін әскери жинақтар мен құралдардан пайдаланылады. Мұнан тыс химияға қарсы жеке пакеттер ИПП-8, ИПП-9, ИПП-10, қару мен киім-кешекті дегазация жасайтын ИДПС-69 жинағы, түйінді дегазация жасайтын ДПП пакеті қолданылады.

Химияға қарсы ИПП-8 жеке пакеті (79-сурет) — терінің ашық орындарына түскен уландырғыш заттарды дегазация жасау және терінің ашық орындарына (мойын, бет, қолдар) тиіп тұратын киім-кешектің жеңі, жағасы мен противогаздың бет бөлігін дегазация жасауға арналған.

Химияға қарсы жеке пакет дәнекерленген полиэтилен қалтадан құралған болып, оның ішінде дегазациялаушы сұйықтық салынған шиша флакон (135 мл елшемде сұйықтықпен толтырылған) және төрт 7×10 см-лі мақта-дәке тампон бар. ИПП-8, әдетте противогаздың бет бөлімі сақталатын газтұтқыш қалтасында алып жүріледі (79-сурет, а).

Пакеттен төмендегідей пайдаланылады:

— уландырғыш зат теріге түскен уақытта жылдам пакет сол қолға алынады, құндақты жыртып қойылған жерінен тартып ақырына дейін жыртылады және сұйықтық толтырылған шиша ыдыс пен мақта-дәкелі тампон алынады;

— шиша ыдыстың қақпағы ашылады;



79-сурет. ИПП-8 жеке пакети: а — жалпы көрінісі; б — сұйықтық салынған шиша залалданған ошақтан шығып кетіледі (алып кетіледі); в — мақта дәкелі тампон.

— мақта дәкелі тампон сұйықтықпен суланады, дененің залалдаушы зат тиген жерлері (сол сұйықтықпен 1—2 минут барысында) жақсылап сүртіледі. Бет сүртіліп жатқан уақытта көзге сұйықтықтың түспеуіне әрекет жасау керек.


Егер уландырғыш заттың сұйық тамшысы киімге тиген болса, флакон тесігі аздап жабылып, киімнің уландырғыш зат тиген жерлері суланады және тампон жәрдемінде ысқылап сүртіледі.

Тазалап болғаннан кейін тері қабатында артып қалған сұйықтық құрғақ мақта-дәкелі тампон жәрдемінде құрғатылады.

Флаконның қақпағы жабылады және тағы да газтұтқыш қалтасына салып қойылады.

Соғыс майданында көрсетілген бірінші медициналық көмек өз-өзіне, өзара, санитарлық және санитария нұсқаушылары тарапынан көрсетілетін медициналық көмектен тұрады. Мұнда залалданғандарға:

- дереу газтұтқыш кигізіледі;
- жеке аптечкадағы яки көршілердің сөмкесінен у басатын (афин, будаксим) жіберіледі;
- ИПП-8, ИПП-10 және басқа құралдардың көмегінде аздап өңдеу беріледі;
- жәбірленгендерге нұсқау бойынша жасанды тыныс алдырылады;
- залалданған ошақтан шығып кетіледі (алып кетіледі);
- залалданғандар дереу медицина пунктіне санитарлық яки басқа транспорттарда, қорғаныс құралдарында (бірінші кезекте, ауыр залалданғандар) эвакуация жасалады.




80-сурет. Шприц-тюбик: 1 — антидот салынған пластмассалы тюбик; 2 — антидот; 3 — канюла; 4 — мембрана; 5 — ине; 6 — қалпақ.

Уланудың бірінші клиникалық белгілері пайда болуымен (көз қарашығының қысқаруы, миоз, тыныс алудың қиындауы және басқалар) 6 фосфорорганикалық уландырғыш заттарға қарсы у қайтаратын шприц-тюбик (80- сурет) көмегінде өзіне-өзі яки өзара көмек көрсету арқылы тері астына яки бұлшық еттер арасына жіберіледі.

